

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан



**ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК
ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 14.03. № 3 хаттама)

Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 113 б.

Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың әдістемелік ұсынымдарын әдіскерлер мен педагогтар, білім беру ұйымдары және Білім басқарма басшылары мен қызметкерлері, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен авторлары, ғылыми-педагогикалық қоғамдастық пайдалана алады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019.
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019.

Кіріспе

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың негізгі нысаны – оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру. Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқыту әдістемесі тілді үйренуші оқушының танымын және психологиялық сезімін ынталандыратын әдістемелік ұстанымдарға сүйенеді, сондай-ақ алты деңгейлік оқыту жүйесінің ішкі кезеңдерінде (қарапайымнан ең жоғарғы деңгейге дейін) берілетін білім және қатысымдық білік пен дағдысын қалыптастыру мен тілді еркін меңгерген тұлғаға айналдыруға арналған оқыту жүйесіне байланысты түсіндіріледі.

Қазақ тілді емес мектептерде жаңартылған білім беру мақсатына орай қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың (A1 – A2, B1 – B2, C1) лингводидактикалық және әдістемелік қағидаларын ескеріп, білім алушылардың қатысымдық талаптарына сәйкес білімін нақтылайтын және әр деңгейде меңгерілетін білігі мен дағдысын қалыптастыру мүмкіндігін айқындайтын құжаттарға сүйене отырып тілді деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеу бүгінгі заман талабы.

Әдістеме лингводидактика заңдылығын негізге алады, себебі лингводидактика оқыту жағдайында тілді игерудің жалпы теориясын тұжырымдайды. Ал тілді деңгейлік меңгеру лингвоәдістеме талаптарына және оқу кешеніне тікелей байланысты.

Теориялық құндылығы

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымда оқыту үдерісіндегі мұғалім мен білім алушылардың тілді деңгейлер бойынша өзара бірлікте іс-әрекетке түсу арқылы белгілі бір мақсатқа жету нәтижесінің басты бағыттары төмендегі идеяларға негізделді:

1) сабақта ұсынылатын оқу материалдарының тілді деңгейлік оқыту тұрғысынан түсіндірілуі, сондай-ақ білім алушылардың деңгейлік жүйе бойынша сөйлеу әрекеті түрлерін өзара тығыз байланыста ұйымдастыру арқылы тақырыпқа қатысты тапсырмаларды жаңаша модель арқылы ұсыну және мұғалімге үйрету жолдарын практикаға енгізу.

2) білім алушының әр деңгей бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу білігі мен қатысымдық құзіретін қалыптастыру мақсаты мен міндетін шешуге, алған білімі мен оны бағалауды ұйымдастыру тұрғысында қарастыру.

Әр деңгей талабына сәйкес сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) түрлеріне байланысты мәтін көлемі, сөйлем саны, оның құрамындағы буын мен сөз саны, актив және пассив сөздер, таныс емес сөз саны, лексикалық-грамматикалық минимумдарды шектеп беру көрсетіледі.

Мысалы, бастапқы A1 деңгейінде диалог репликалары екеу, айтылым әрекетінде монолог айту екі не төрт фразадан; өз ойын монолог арқылы жеткізу 3-4 сөйлемді құрайды. Диалог репликаларымен монологтағы сөйлем саны басқа деңгейлерде өрістеп дамып отырады.

A2 деңгейінде диалог репликалары 4-6 болса, монологтық сөйлеу 10-12 сөйлемнен тұрады.

B1, B2 деңгейлерінде диалог репликалары 10-12 болса, монологтық

сөйлеуде 20-30 сөйлемге дейін жетеді.

Мәтіндегі сөйлемдер бастапқы деңгейлерде 4-6 сөйлем болса, жоғары деңгейлерде 20-22 сөйлемнен құралуы керек [1].

Ескерту: диалог репликалары, монолог мәтіні сабақ пен сағат санына байланысты.

Сонымен бірге лексикалық-грамматикалық минимумдар стандарттар мен бағдарламаларда берілген сағатқа, сабақ санына тікелей байланысты болады. Лексиканы іріктеуде сөздің тақырыптық мағынасы мен жиі қолданылуы ескерілсе, грамматикалық минимум сөздердің тіркесімділігі, типтігі, жиілігі, үлгілігі, тақырыпқа байланыстылығы тұрғысында түсіндіріледі.

Практикалық маңыздылығы

Деңгейлер мақсатына сәйкес лексиканы (шектеулі) таңдау тақырыптардың бірегейлігіне тікелей қатысты, себебі білім алушының сөздерді есінде ұзақ сақтау мүмкіндігін туғызатындай берілуі қажет (мысалы, қарапайым деңгейде берілетін «Отбасы» тақырыбы жоғары деңгейлерге дейін берілуі тиіс). Мұндай лексикалық минимум білім алушының сөздік қорының кеңеюін, тұлғамен қарым-қатынасқа түсу талабын қанағаттандыруы айқындайды. Лексикалық бірліктерді сұрыптауда олардың қатысымдық жағдаятқа өзекті болуы шарт. Білім алушылардың сабақта сөйлеу әрекеті түрлерін меңгеруіне мүмкіндік беретіндей, сондай-ақ қарапайымнан күрделіге, яғни ең төменгі деңгейден еркін сөйлеу деңгейіне дейінгі ұстаным бойынша ұйымдастырылуы міндеттеледі.

Лексикалық-грамматикалық минимумдар сандық мөлшері, тілді оқыту мақсаты, оқу сағаттары ескеріліп және оны іріктеу көлемі статистикалық, лингвистикалық, әдістемелік ұстанымдарға байланысты жинақталады.

Сондай-ақ оқу жылы аяғына дейін білім алушының қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрену деңгейіндегі түрлі қатысымдық, тілтанымдық, лингвомәдени құзіреттілікке және тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

1. Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың ерекшеліктері. Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың оқу үдерісін ұйымдастыру

Үш тілде білім беру моделіне сәйкес Қазақстанда мақсатты тілдерге қазақ (Т2), орыс (Я2) және ағылшын (L3) тілдері жатады. Бұл үшбұрыштың шыңы қазақ тілі болып саналады, өйткені ол – Қазақстанда тұратын халықтарды біріктірудің басты факторы. Мемлекеттік тіл ретінде адамдардың бірігу мен ынтымағын қалыптастыру үшін маңызды. Қазақ тілін білу – қазақстандықтардың өзіндік ерекшелігінің кепілі.

Қазақ тілі – екінші тіл (Т2) ретінде саяси-әлеуметтік жағдай, тілді үйренуге сұраныс, жаһандық үдерістегі орнын белгілеу тұрғысында бекітіліп отырған, қоғамның барлық мүшелері білуге тиіс мемлекеттік тіл.

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың дұрыс ұйымдастырылған оқу үдерісі оң нәтиже береді. Осыған орай бөлімде мына мәселелерге назар аударылды:

1. Деңгейлік оқыту дегеніміз не? Екінші тілді меңгеру ұғымын қалай түсіндіреміз?

2. Білім алушылардың тілді деңгейлік оқыту арқылы қандай білім, білік, дағды қалыптастырғанын анықтаймыз?

3. Деңгейлік оқытуды қалай дұрыс ұйымдастырған жөн?

4. Деңгейлік оқытуда қандай ұстанымдар басшылыққа алынады?

Деңгейлік оқыту туралы түсінік

Деңгейлік оқыту - белгілі бір дәрежеде коммуникативтік құзыретті қалыптастырудағы тілді сатылап **меңгеру**. Білім алушылар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісіндегі қарым-қатынасқа түсу мақсатын шешуді орнықтыруға және алынатын ақпаратқа сәйкес тілдік тапсырмалар негізінде коммуникативтік білімі, білігі мен дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Оқыту деңгейі – тілді үйрету кезеңдеріндегі меңгерілген білім сапасының көрсеткіші.

Қазақ тілін деңгейлік меңгеру – іріктелген лексикалық және грамматикалық минимумдарды және сөйлеу әрекеті түрлерінде берілген тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым талаптарын орындау арқылы мақсатқа жету нәтижесі.

Ол педагогикалық өзара іс-қимылдың барлық сабақтастығын, даралануын, интеграциялануын, тұтастығын, жүйелілігін қамтамасыз ететін *білім, білік, дағдылардың* және бағалау-белгілеу жүйесінің өзіндік моделіне сәйкес келетін тілді деңгейлік оқыту жүйесін енгізу қажеттігі айқындалады. Бұл қажеттілік қазақ тілін деңгейлік оқыту Еуропалық стандартқа сәйкес тілдерді меңгертудің деңгейлік моделіндегі жалпы білім беру жүйесінің барлық сатыларының бірлігін, сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ететін CEFR типі («Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment»- «Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері: үйрену, оқыту, бағалау») жүйесі бойынша анықталады. Бұл халықаралық стандарт 2001 жылы Еуропа Кеңесінің шешімімен қабылданған. Стандартта тілдерді оқытудың қазіргі заманғы үрдісінің негізгі құрамдас бөліктері ұсынылған, оны әр деңгей бойынша оқушылардың ауызша және жазбаша

қарым-қатынасқа түсуі арқылы меңгеруге тиіс білімі мен сөйлеу әрекеттерінің түрлері сипатталады. Халықаралық стандарт негізінде тілді оқытудың қазіргі үрдісінің негізгі компоненттері қарастырылған, халықаралық стандарттың өзегі жалпыеуропалық құзыреттіліктерді қалыптастырудың толық сипатталған деңгейлік оқыту болып табылады. Деңгейлік оқыту негізінде сөйлеу әрекеттерінің түрлері арқылы коммуникативтік өзара қарым-қатынасқа түсу әрекеті айқындалған. Бұл құжатта білім алушылардың субъекті тұлғасында қалыптасуы қарастырылады «...белгілі бір ситуацияларда, белгілі бір жағдайда, белгілі бір қызмет саласында міндеттерді шешеді» [2]

Деңгейлік оқыту тұрғысынан оқу үдерісін сипаттау мына ұғымдарды білдіреді: құзыреттілік, контекст, сөйлеу әрекеті, коммуникативтік қызмет түрлері, коммуникативтік үдерістер, мәтін, қарым-қатынасқа түсу стратегиясы және міндеттер. Бұл ұғымдар Еуропалық стандартта өзара тығыз байланыста және олардың көмегіне сүйене отырып, шет тілін меңгеру деңгейлерінің тік және көлденең сипаттамасы берілген. Тік сызық бойынша А1 «тіл үйренушілер» деңгейінен С2 деңгейіне дейін – "тілдің тасымалдаушысына" дейін жетуі керек. Тілдерді тік сипаттама бойынша оқытудың деңгейлік үлгісін сипаттайтын дескрипторлар тек бір оқу орнының шеңберінде ғана емес, сонымен қатар түрлі оқу орындарының арасында (орта білім беру мектебі, мектеп-гимназия, мектеп-лицей, жекеменшік мектеп және т.б.) орын алуы тиіс. Оқыту кезеңдері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, оқу үдерісін неғұрлым мұқият жоспарлауға мүмкіндік береді. Тік сызық бойынша деңгейлердің сипаттамасын білдіретін дескрипторлардан басқа ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсудің, сөйлеу стратегияларының және интеракция дескрипторлары бар. Дескрипторлардың болуы бақылаудың түрлі жүйелерін салыстыруға және шет тілдерін оқытудың тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді. Барлық дескрипторлар келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) деңгейлердің сипаттамасы теориялық негіздемеге ие;
- 2) дескрипторларда әрбір деңгейдің сапалы айырмашылығы көрініс табады.

Деңгейлік оқытудың артықшылықтары:

- 1) шет тілін меңгерудің әрбір деңгейі үшін түпкілікті мақсаттарды нақты айқындау және оқытудың сабақтастығын нақты қамтамасыз ету;
- 2) әрбір деңгей үшін әзірленген тең түпнұсқалы оқу-әдістемелік кешендер мен тестілерді пайдалану;
- 3) шет тілді меңгеру деңгейін дербес халықаралық танылған сертификатымен растау мүмкіндігі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту (А1) қарапайым деңгейден жоғары деңгейге (С1) жақындайды және білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін "жетік меңгеру" (С2) деңгейіне жетеді. Дескрипторлар бойынша А1 деңгейі төменгі деңгей болып саналады, ал С2 деңгейі – жоғары. Көлденең сызық бойынша сипаттамада коммуникативтік сөйлеу іс-әрекетінің және коммуникативтік құзыреттілікті орнату жолдары көрсетілген.

Қазақстанда қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқыту 2012, 2016, 2017 ж.ж. МЖББС, қазақ тілін (Т2) оқытудың «Балабақша-мектеп-

колледж-Жоо» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартында, «Үш тілді оқытудың бірыңғай тілді стандартында» және қазақ тілінің (Т2) Үлгілік оқу бағдарламаларында әр деңгей бойынша сөйлеу әрекеті түрлерінде коммуникативтік дағдысын қалыптастырудың дескрипторлары деп аталатын деңгейлердің сипаттамасы ұсынылған.

Елімізде халықаралық стандартқа сәйкес қазақ тілін Т2 деңгейлік оқытудың келесі деңгейлері қарастырылған [3]:

1-кесте. Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері

		Деңгейлер	Сыныптар
базалық	A1	Бастапқы	1-сынып
		Орта	2-сынып
		Ілгерінді	3-сынып
	A2	Бастапқы	4-сынып
		Орта	5-сынып
		Ілгерінді	6-сынып
орта	B1	Бастапқы	7-сынып
		Орта	8-сынып
		Ілгерінді	9-сынып
	B2	Бастапқы	10-сынып
		Орта	11-сынып

Деңгейлер бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру алгоритмі:

1. Іріктелетін лексика: қалай іріктеу және және қанша сөзден тұратынын білу (әр сабақта екі сөз меңгеріледі).

2. Материалдық өлшемі: деңгей бойынша әр сабақтың мақсатына қарай диалог, ондағы репликалар саны, монолог үшін – фраза, сөйлем саны, коммуникативтік жаттығулар мен жағдаяттық тапсырмалар түрлерін белгілеу.

3. Оқу материалының орындау барысы: сөзді сөйлем ішінен табу және үйрену, оны диалог, полилог және монолог үлгісінде дамыту;

4. Грамматикалық материалдардың берілуі: шектеулі минимум немесе мәтін мазмұнынан шығару (интерактивтік қарым-қатынас талабын қанағаттандыратын талапқа сай беріледі).

5. Деңгейлер бір-бірінен жекеленбейді, тілдік материалдар мазмұндас ұсынылады.

6. Деңгейден деңгейге жету бойынша тілді оқытудың ең негізгі бағыты – ауызша және жазбаша сөйлеудің ең қарапайым түрінен күрделі (жоғары) деңгейге жету жолдары, яғни дайын өрнектегі (модель) жекелеген актив сөздер мен сөз тіркестері арқылы ойын жеткізуден бастап, өзіндік балама мәтін құруға, өз сөзімен тақырыпты дамытуға дейін жеткізу міндетін орындау керек.

7. Деңгейден деңгейге жету, спиральді айналым түрінде сөйлеу әрекетінің төрт түрінің бірі тыңдалым – сөздік қордың алғашқы кілті ретінде қарапайым деңгейде-ақ басталады. Әдіскер ғалымдар қарапайым деңгейде оқылым мен жазылымды кейінірек пайдалануды жөн санайды.

8. Деңгейден деңгейге өтудің ең негізгі белгілері – жаңаша ойлауға, субъекті мен субъекті қарым-қатынасын орнату үшін оқу материалдарын меңгерту барысында оқу мен тәрбиенің бірлігіне үнемі жұмыс істеу, оқу үдерісінде техникалық құралдарды ұтымды қолдана білу арқылы білім алушының қызығушылығын арттыруға әрекеттену.

9. Әр сабақта оқу сөздіктері (түсіндірме сөздік, ассоциативтік сөздік, синоним сөздіктер) тұрақты негізгі оқулыққа сүйенетін құрал болуы міндеттеледі.

Деңгейлік оқыту үдерісін жалпы ұйымдастыру ұстанымдары

Қазақ тілін деңгейлік оқытуды мынадай ұстанымдарға негіздеп ұйымдастыру қажет:

Біріншіден, білім беру үдерісінде Т2 – оқыту қазақ тілінде емес мектептердегі қазақ тілі пәнін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытуға бағытталады. Қазақ тілін (Т2) меңгерту барысында сөйлеу әрекеті түрлері бойынша коммуникативтік дағдыларды дамытуға көңіл бөлінеді: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, сондай-ақ оқу үдерісінде коммуникативтік әдіс қолданылады. Сонымен бірге әдеби сөйлеу нормасына сәйкес меңгертуге бағытталған, сөйлеу әрекетінің тыңдалым мен айтылым дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Екіншіден, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде мына коммуникативтік ұстанымдарға назар аударылады:

1) коммуникативтік: тілді үйретуге бағытталған практикалық білім, білік және дағдыны қалыптастыру;

2) функционалдық: қатысымға түсу кезеңіндегі шынайы оқыту әрекетінің жақындығы;

3) оқытудың деңгейлік өлшемі;

4) жеке (даралық) оқыту (білім алушының коммуникативтік талабын ескеру);

5) сөйлеу әрекетінің интеграциясы: оқылым – тыңдалым – айтылым; тыңдалым – оқылым – айтылым – жазылым; тыңдалым – оқылым, оқылым – айтылым;

6) тілді тұтынушының тілінің әсері (өзге тілді үйренушілер үшін);

7) тіл мен мәдениетті кіріктіріп оқыту ұстанымы дегеніміз – тілді оқытуда тек мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, әлеуметтік құндылық, ұлттық-мәдени мұраның көрінісі және қоршаған ортаны тану құралы ретінде қалыптастыру.

Үшіншіден, деңгейлік оқыту мақсатына сәйкес қазақ тілі (Т2) мұғалімдері бастапқы деңгейде оқушылардың тілді білу деңгейіне байланысты топқа бөледі. Ол үшін бастапқы деңгейдің бірінші сабағында сөйлеу әрекеті түрлері бойынша «кіріс» тест ұйымдастырылады. Тест нәтижесіне сәйкес оқушылар екі топқа бөлінеді. Оқу жылы ішінде оқушылар білім, білік деңгейіне байланысты бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша бір топтан екінші топқа ауыса алады. Жылдың соңында сөйлеу әрекет түрлеріне сәйкес «шығыс» тест ұйымдастырылып, оқушылардың жылдық білім, білік нәтижесінің деңгейі анықталады.

Төртіншіден, әр сабақтың мақсатына сәйкес лексикалық-грамматикалық минимум әзірленеді. Әр сабақта меңгерілген сөздер қайталанылады және актив сөз сабақ барысында бірнеше рет қолданылуы тиіс. Өткен сабақта өтілген тақырыпқа қатысты актив сөздер келесі сабақта қайталанып, сөйлеу әрекетінде қолданылып, сөздік қоры жетіліп, байып отырады.

Бесіншіден, тілді деңгейлік оқыту үдерісінде мнемоникалық амалдарға көңіл бөлу қажет. Мнемоникалық тәсіл негізінде белгілі бір сөздерді ассоциациялық өрісімен беруге негізделеді. Лексикалық минимумдар сөздігі іріктеліп алынған тақырыптық лексикалардың мағыналық ассоциациялық өрісі, сөздерді жеңіл және жылдам есінде сақтауға тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді.

Алтыншыдан, фонетикалық материалдар: фонетикалық жүйені (төменгі қарапайым деңгейде функционалдық модельде, ал жоғары деңгейде академиялық грамматика түрінде) таныстыру мақсатында беріледі. Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға, оның интонациясына көңіл бөлуге бағытталған материалдар ұсынылады.

Жетіншіден, әр сабақ үшін екі сөз (актив сөз, экспрессивті –эмоционалды реңкі жоқ) шектеулі минимум іріктеледі. Шектеулі лексикалық минимумды іріктеу әдістемелік ұстанымға сәйкес алынады.

Сегізіншіден, лексикалық-грамматикалық минимумдарды меңгерген оқушылар коммуникативтік жағдаятта өз ойын ресми тілде айта білуге, әдеби нормаға сай қарым-қатынасқа түсе білуге тиіс.

Деңгейлік оқытудың әдістемелік ұстанымдары:

- тілді үйретудің «жұмыс тілі» ретінде тек қазақ тілін пайдалану ұстанымы;

- тілді үйретудің тілдік тұлғаға бағытталу ұстанымы;

- даралық, жұптық және ұжымдық әрекет ұстанымы;

- қарым-қатынасқа түсу психологиясы және тілдік тұлғаға бағытталу ұстанымы;

- оқыту мен тәрбие беруді рөлдік (драматизациялық, иммитациялық тренинг) ойындар тұрғысында ұйымдастыру ұстанымы;

- әр деңгейде коммуникативтік жаттығулар мен тапсырмаларды орындау ұстанымы;

- оқу материалдарын интерактив-диалог қарым-қатынасына құру ұстанымы.

Деңгейлік оқыту технологиясының параметрлері мен межелері

Білім беруді деңгейлік жүйеде жүргізудің әлемдік әдістеме теориясын зерттеуші ғалымдар мен отандық әдістемеші ғалымдар тарапынан ұсынылатын бірқатар параметрлері мен межелері бар. Ғылыми-практикалық көзқарастарға сүйене отырып, оқу-әдістемелік кешендер үшін келесі параметрлер мен межелер негізге алынады:

Деңгейлер параметрі:

- коммуникативтік талап;

- коммуникативтік міндет;

- коммуникативтік дағды;

- коммуникативтік білік;
- коммуникативтік стратегия және тактика;
- коммуникативтік қатысым тақырыбы және сөйлеу жағдаяттық мәтін;
- коммуникативтік ниет және тілдік материал көлемі.

Әр деңгейде өзара сапалық және сандық өлшем арқылы коммуникативтік құзырет дамытылады: коммуникативтік талап, міндет, дағды, білік, стратегия және тактика, тақырып және сөйлеу жағдаяттық мәтін, ой-ниетін және тілдік материал көлемінің оқушы интерактивтік қарым-қатынасқа түсу мүмкіншілігін қанағаттандыру қажет.

Жоғары деңгей – тілді меңгерудің жоғары, еркін бағыты және коммуникативтік білік пен дағдыны қалыптастыруға әдеттену

Мұғалім барлық деңгейлерде оқушының ойлауы мен тілін дамытуда, олардың тілдік тұлғасын қалыптастыруда барынша мүмкіндіктерімен жиналған сөздік қорын пайдалануға, кез келген ситуациядан шыға алатындай белсенді, қазақша еркін сөйлей алатын, қазақ мәдениетін, рухани байлығын игерген іс-әрекет субъектісін қалыптастыруға күш сала отырып, лингвистикалық, елтанымдық, лингвомәдениеттанымдық және ақпараттық құзыреттерін қалыптастырады.

Құзыреттілікті қалыптастыру

Коммуникативтік құзырет – әртүрлі жағдаятта білім алушылардың қалыптасқан дағдысы және білігі арқылы қарым-қатынасқа түсуі.

Тілдік қатысым – түрлі сөйлеу әрекетін (тыңдау, оқу, жазу, айту) орындау білігі.

Білім алушыларға тұрмыс пен білім алу саласында, кәсіптік және мәдени өмірде кездесетін түрлі мәселелерді қазақ тілінде шешуге қажетті білік пен дағдылар меңгертіледі.

Сөйлеу әрекетінің тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым нысандары негізінде коммуникативтік мақсатқа жету әдістері игертіледі.

Әртүрлі жағдаятта адамдармен қатысымға түсу үшін қалыптасқан дағды мен білігі арқылы қарым-қатынас құра алады және орнығады:

- 1) коммуникативтік құзырет;
- 2) коммуникативтік білік;
- 3) коммуникативтік дағды.

Оқушы мынаны білуі керек:

- қарым-қатынас салалары бойынша нақты сөйлеу жағдаятында коммуникативтік міндеттерін шешу;
- қарым-қатынасқа түсу кезеңінде өзінің ниетін, ойын жеткізеді (құптау/құптамау, келісу/келіспеу және т.б.).

Коммуникативтік білігін тыңдалым әрекетінде қалыптастыру

- диалог, монолог, полилог мазмұнын түсіну;
- әңгімелесушінің ақпараттық жүйелер арқылы аудиотаспадан тыңдағанын түсіну.

Коммуникативтік білігін жазылым әрекетінде қалыптастыру

Оқушы мынаны білуі керек:

- тақырыпқа сәйкес лексика мен грамматикалық тұлғаларды дұрыс жазу;
- ойын баяндап жазу.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру кезеңінде орындалатын міндеттер:

- әңгімелесушімен әлеуметтік қатысымға түсуге бейімділігін таныту (сәлемдесу, танысу, алғыс айту т.б.);
- әңгімелесушіге ой-пікірін білдіріп, қарым-қатынасқа түсу;
- өз пікірін дәлелдеу, сезімін, ойын жеткізу;
- жаңалыққа, оқиғаға нақты жағдайға қатысты пікірін айту, пікірталасқа түсу.

Оқушы бұл деңгейде мынадай коммуникативтік білікті игеруі тиіс:

- әңгімелеуші (әлеуметтік рөлі бар) сөйлеу жағдайында, қарым-қатынас салаларында таныс адамдармен, бейтаныс тұлғамен қарым-қатынасқа түсіп, сұхбаттаса алады;
- қарым-қатынасқа түсудің стратегиясы мен тактикасын игере алады; қойылған коммуникативтік тапсырмаға байланысты сұхбат бойынша сұрақтарды түсінеді және оған ынталы тұлға (ақпараттың толықтығы, дәлдігі, әңгімелесушінің пікірін құптау, құптамауы және т.б.) ретінде әңгімеге араласады;
- сөзбен ықпал ету арқылы (ым, ишара арқылы) қарым-қатынасты аяқтау;
- қазіргі заманғы қазақ тілінің әдеби нормасына сәйкес өзінің ойын, пікірін, дәлелін жеткізе білу.

Лингвоелтанымдық құзырет

Оқушының қазақ халқының тарихы, географиясы мен мәдениеті туралы белгілі бір көлемдегі білімі болуын; лексикалық бірліктердің семантикасындағы ұлттық-мәдени компонентті тани білуін; оның мазмұнын талдай, түсіндіре алатын дағдысы болуын; фондық білімін ұлтаралық тікелей және жанама қарым-қатынастарда өзара түсіністікке жету үшін ұтымды қолдана алуын білдіреді.

Лингвоелтанымдық құзыреттің құраушы компоненттері

- қазақ халқының төл мәдениеті туралы білім;
- қазақша әңгімелесіп айту, жазу барысында айқындалатын мәнділік ассоциациялар мен коннотациялар түріндегі фондық білім;
- мәтіннен ұлттық-мәдени семантиканы тани, талдай білу;
- қазақша ұлтаралық қарым-қатынас жасау барысында коммуникативтік ситуацияға лайықты, сәйкес келетін лексикалық бірлікті таңдай және қолдана білу.

Лингвомәдениеттанымдық құзырет

Қазақ тілін оқытуда маңызды орын алатын құзыреттің бірі – лингвомәдениет танымдық құзырет. Бұл құзыретті қалыптастыру – оқушының қазақ тілінде таңбаланған қазақ мәдениеті туралы жүйелі білімінің болуын, сол білімнің негізінде қазақтардың және қазақша сөйлейтіндердің коммуникативтік жағдаяттарда өзін ұстауы, сөйлеудің ұлттық нақышы мен мәнерлерін игеруі.

Аталған құзыретті кейде «этномәдени құзырет» деп те атайды. Қазақ тілінің әр дыбысында, сөзінде, грамматикалық заңдылықтарында ғасырлар бойы жинақталып, қазақ халқының рухани қуатына айналған философиялық-танымдық, тарихи, танымдық-мәдени қазынасының феноменалдық қырларын меңгерту лингвомәдени құзыретті қалыптастыру деп танылады.

Осыған байланысты қазақ тілі пәнінің лингвомәдениеттанымдық тұрғыдағы басты міндеттері айқындала бастайды:

- қазақ тілін түрлі тілдік жағдаяттарда еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- оқушылардың танымдық, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру;
- оқушыларды Қазақстан Республикасының қоғамдық өміріне белсенді араласуға, ұлтаралық достық пен түсіністікті қалыптастыруға дағдыландыру;
- оқушылардың қазақша қарым-қатынас жасау, өзін-өзі көпұлтты қазақстандық қоғамда ұстай білу мәдениетіне тәрбиелеу;
- қазақ тілінен берілетін лингвомәдени білімді қазақ халқының тілінде сақталған, таңбаланған ұлттық сана ретінде тану және құрметтеуге тәрбиелеу (*Армысыз, баба! Айналайын, көп жаса, шаңырағың биік болсын т.б.*); еліміздің тарихын білу, қазақтың салт-дәстүрін білу, қазақтардың жас ерекшелігіне, әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай сөйлеу мәнерін игеру, қазақтардың тұрмысын білу;
- лингвомәдениеттанымдық білік-дағдылар: оқушылардың қазақ тілінен алған лингвомәдени білімін біліктілікпен, шығармашылықпен қолдану дағдыларының қалыптасуы, тілде таңбаланған лингвомәдени ақпаратты табу үшін талдау жасай білуі.

Оқушылардың лингвомәдениеттанымдық құзыретін қалыптастыру үшін қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақстандықтардың өзара достық және қарым-қатынас жасау тілі деген мәртебесі әр сабақта басты назарда ұсталады.

Ақпараттық құзырет

Ақпараттық технология ғасырында өмір сүріп отырған оқушылар ақпараттық мәтіндерді, аудио, көріп-байқау жүйелері арқылы берілген ақпараттың түрлерімен күнделікті танысып отырады. Осылардың барлығын оқушы өзінің танымдық және коммуникативтік мақсаттарына сай келетінін, қажеттісін тани білуге, таба білуге, іріктей алуға, есте сақтауына қажетті ақпараттық құзырет қалыптастырылуы керек.

Дәстүрлі ақпарат пен цифрлық ақпараттың негізгі айырмашылықтары:

- ақпарат тек мәтін түрімен шектелмейді. Компьютер, интернет, бейне, аудио, фотоматериалдар медиаресурстар арқылы ақпарат алуды да мүмкін етеді;
- ақпараттық құзырет оқушыларда «дигитальды сауаттылық» қалыптасуын қажет етеді; дигиталды сауаттылық дегеніміз – көпөлшемді және интерактивтік дағдыны қалыптастыру арқылы оқушылардың қазақша оқу,

жазу, айту, тыңдау әрекеттерін енді компьютер арқылы басқаларға жеткізу қабілеттері де жетілдіріле түседі.

Оқушылар қазақ тілін оқуы барысында алған білімдік ақпараттарымен түрліше жұмыстар жасай алуы керек: түрлі ақпарат бөлшектерін жинақтау, нақты ақпараттық үзіндінің мазмұнын тақырыптың мағынасымен үйлестіре алу, жетіспей тұрған ақпаратты таба білу, мәтінге тұтастық, шығармашылық талдаулар жасау, мақсат қоя білу, болжам жасай білу т.б.

Ақпараттық құзыреттілік қалыптастыру – ақпараттық ресурстарды қолдануға дайындықтың болуын қажет етеді. Бұл ретте қазақ тілін оқытуда жоба әдісін қолдану, шығармашылық тапсырмалар орындату т.б. креативтік бағыттағы жаттығулар мен жұмыстар ұсынылады.

Қазақ тілді емес мектептерде жаңартылған білім беру мақсатына орай қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың (A1-A2, B1-B2, C1) лингводидактикалық және әдістемелік қағидаларын ескеріп, тілді үйренуші оқушылардың қатысымдық талаптарына сәйкес білімін нақтылайтын және әр деңгейде меңгерілетін білігі мен дағдысын қалыптастыру мүмкіндігін айқындайтын құжаттарға сүйене отырып, тілді деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсыным әзірленді.

Осыған орай әр деңгей бойынша жаңартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға назар аудару қажет.

Жаңартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Базалық деңгей А1-бастапқы, орта, ілгерінді, А2 –бастапқы деңгей (1,2,3,4-сыныптар)

1) тыңдалым: білім алушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады; қарым-қатынас құру жағдаяттарына, және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгеретінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым: білім алушы алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқиғаны, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынасқа түсу кезінде әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік көзқарасын білдіре отырып, диалогқа қатысады; әлемдік мұраға ұлттық мәдениеттің қосқан үлесін түсінеді және түсіндіреді;

3) оқылым: білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың шешімі мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді

ажыратады; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

4) жазылым: білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; тыңдалған/оқылған мәтіндегі ақпаратты үлгі бойынша жинақтайды; стильдік тиесілігін ескере отырып, мәтін құрастырады; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау сипаттағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Жанартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың сөйлеу әрекеті түрлеріне дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

A2(орта, ілгерінді) - базалық деңгей, B1(бастапқы, орта, ілгерінді) орта деңгей – 7-,8-,9-сыныптар

1) тыңдалым: білім алушы мәтіннің негізгі мазмұнын, сондай-ақ сөйлеушінің ниетін білдіретін функционалдық маңызды мағыналы ақпаратты түсінеді; мәтіннен арнайы ақпаратты алады; терминдердің мәнін және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аялары бойынша мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; иллюстрациялар/негізгі сөздер/тақырыбы/басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым: талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогты қолдайды; назарды өзіне қарату тәсілдерін пайдаланып және мақсатты аудиторияны есепке ала отырып монолог құрады, ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; белгілі бір тақырып бойынша айтылған ойды бағалайды; сөйлеу нормаларын сақтай отырып, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады;

3) оқылым: білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас және аралас мәтіндердің мазмұнын түсінеді; әртүрлі типтегі, стиль мен жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтайды; сөздердің айқын және астарлы мағынасын, көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін түсінеді; өзектілігін, шынайылығын, пайдалылығын және құндылығын анықтай отырып, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; негіздемелі қорытынды шығарып және оқиғанына сыни тұрғыдан баға бере отырып, мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын анықтай отырып мәтінді салыстырады, белгіленген оқу стратегияларын пайдаланады;

4) жазылым: білім алушы әртүрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, естігені және оқығаны негізінде әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; әртүрлі деректерден ақпарат алу арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндерді жазады; тұтас мәтіндердің негізінде сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды жасайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; троптар мен тілдің көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарын пайдаланады.

Жалпы орта білім берудің жаңартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың сөйлеу әрекеті түрлеріне дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

B2 (бастапқы, орта)-орта деңгей - 10-,11-сыныптар

1) тыңдалым: білім алушы қарым-қатынастың әртүрлі аяларындағы мәтіндердің мазмұнын, коммуникативтік ниетін, сонымен қатар, сөйлеушінің элеуметтік және эмоционалды-экспрессивті сөйлесім ерекшеліктерін толық түсінеді; ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну деңгейінде қабылдайды; тыңдалған мәтінді айқындылығы мен бейнелілігі жағынан бағалайды;

2) айтылым: дәлелді монологтық немесе диалогтық сөз дайындай отырып, коммуникативтік мақсатқа сәйкес түрлі тіл құралдарын тиімді қолданады; көркем шығармалардың тақырыбы бойынша пайымдайды, шығарма кейіпкерлеріне және олардың әрекеттеріне деген өзінің қатынасын білдіреді; әртүрлі айтылған сөздерді сыни тұрғыдан бағалайды; тіл нормаларын, сөйлеу тәртібі мен әдеп нормаларын сақтайды; проблеманың себептері мен салдарларын болжайды; мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып, қоғамның элеуметтік-экономикалық, адамгершілік-рухани, патриоттық, тарихи-мәдени дамуымен байланысты идеяларды жинақтайды;

3) оқылым: жасырын мағынасын таба отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің мазмұнын толық түсінеді; мәнмәтіннен таныс емес сөздердің мәнін анықтайды; оқытылатын тақырыптар шеңберінде академиялық мәтіндердің ерекшеліктерін айқындайды; түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктейді; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың өнегелік идеалы туралы түсінігін талдай отырып, әдебиет туындыларын өнердің басқа түрлеріндегі бейнесімен салыстырады; қойылған міндеттерге байланысты оқылымның әртүрлі стратегияларын қолданады;

4) жазылым: тақырып, мақсат, мәселелер және тілдесу жағдаятына сәйкес орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, түрлі типтегі және стильдегі мәтіндерді құрастырады; алынған ақпаратты зерттеу және жинақтау негізінде түрлі тақырыпта тұтас немесе тұтас емес мәтіндер құрайды; мәтіндерге әртүрлі жоспарлар құрастырады; мәдениет пен тілдің көпқырлылығы, патриотизм және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мәселелерін қарастыра отырып, көркем әдебиет шығармалары бойынша шығармашылық жұмыстар жазады; ойы мен сезімін анағұрлым дәлме-дәл жеткізу үшін көркемдеу құралдарын – троптар мен стилистикалық тәсілдерді қолданады [4].

Лексиканы қалыптастыру жолдары.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытуда сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша білім алушының тілдік, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қиыршық (спиралды) тәсілі негізінде лексикалық қорды үздіксіз дамыту қажет. Сондықтан лексикалық минимумды іріктеу мәселесіне әр деңгей бойынша лексиканың көлеміне, лексикалық минимумды қалыптастыруға көңіл бөлінуі тиіс.

Лексикалық минимум дегеніміз – практикалық қарым-қатынас құру үшін қажетті шектеулі сөз жиынтығы. Лексиканы іріктеудің мақсаты сабаққа қатысты лексикалық бірліктерді анықтау. Лексикалық минимумды әзірлеу барысында мамандар келесі ұстанымдарды басшылыққа алады [2]:

- 1) статистикалық ұстаным;
- 2) лингвистикалық ұстаным;
- 3) әдістемелік ұстаным.

Сөздерді статистикалық ұстанымға сәйкес сөздің сандық сипаттамасын анықтауға және дереккөздерде жиі қолданатын сөздерді белгілеуге мүмкіндік береді. Сөздердің жиілігі және таратылым әлеуеті статистикалық ұстанымға жатады.

Лингвистикалық ұстаным сөздің басқа сөздермен тіркесімдік құндылығы, құрылымдық ерекшеліктері, оның семантикасын есепке алу және сөздің тіркесімдігін қарастыру тұрғысында шешіледі. Қарым-қатынасқа түсу салалары бойынша (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-еңбек) тақырыптық-жағдаяттық тапсырмаларды орындау үшін сөздердің жиілігі, сөзжасамдық әуелеті, тіркесімдігі ескеріледі.

Сөздің көпмағыналық ұстанымы. Бір сөз әр түрлі мағынада қолданылады және оқушының сөздің қорын тез байытады. Лингвистикалық ұстаным талабы бойынша сөздердің мағынасы, құрылымдық ерекшелігі, тіркесімдік әлеуеті, жиілігі, стильдігі және сөз тудырушы қабілеті (туынды сөздерді жасаудағы рөлі) негізге алынады. Соның ішінде семантикалық құндылығы тақырыпқа қатысты іріктелген актив сөздердің үнемі тақырыптарға байланысты қолданылуы; тіркесімділігі – тіркесім қабілеті бар актив лексикалық бірліктердің қамтылуы; сөзжасамдық әлеуеті – сөздердің сөзжасам қабілетімен ұғындырылады.

Әдістемелік ұстаным талабы бойынша тілді оқыту мақсаты, кезеңдеріне, лексикалық тақырыптарға сәйкестігі, лексикалық бірліктердің қолданылуы (сөз, сөзтіркесі, фраза, клише) деңгейлері көрсетіледі. Жоғарыда берілген негізгі үш ұстанымға сәйкес базалық А1, А2, орта В1, В2 деңгейлерінде лексикалық минимумдар сұрыпталады.

2-кесте. Деңгейлер бойынша меңгерілетін сөз саны

Деңгейлер	Меңгерілетін сөз саны	Диалог репликалары мен монологтық сөз саны
A1	496	Диалог құру үшін 2 реплика(сұрақ және жауап), монолог құрамында 2-4 актив сөзі бар 2-3 сөйлем
A2	888	Диалог құру үшін 2 -4 реплика(сұрақ және жауап),

		монолог құрамында 4-6 актив сөзі бар 4-6 сөйлем
B1	954	Диалог құру үшін 4-6 реплика (сұрақ және жауап), монолог құрамында 6-8 актив сөзі бар 7- 9 сөйлем
B2	636	Диалог құру үшін 6-10 реплика (сұрақ және жауап), монолог құрамында 10-12 актив сөзі бар 10-15 сөйлем

Оқушылардың өзара қарым-қатынасқа түсу салаларына қатысты іріктелген сөйлеу жағдаяттық, бейімделген және бейімделмеген тақырыптар негізінде шағын мәтіндер қарастырылады [1].

Мұғалім назарына

1. Қазақ тілі пәні үшін лексикалық минимум ретінде тек қана актив сөздер алынады. Актив сөздер – барлық стильдерде (сөйлеу, ресми және т.б.) қолданылатын, экспрессивті – эмоционалды мағынаға ие немесе реңкі жоқ лексика. Мысалы, отан, бала, әке, ана, дос және т.б.

A1 деңгейі үшін де тек қана актив сөз алынады. Ал A2-B1-B2 деңгейлерінде абстракты сөздер (қуаныш, сағыныш т.б.), терминдер, қос сөздер мен біріккен сөздер, сөздердің синонимдік қатарлары қамтылады.

2. Барлық деңгейлерде көрсетілген диалог (реплика) және монологқа берілетін сөздер мен сөйлемдер саны бағдарламада берілген сағат, сабақ санына қарай, яғни тақырыптар (тақырыпшалар) ауқымында берілуі тиіс.

3. Қазақ тілі пәні бойынша білім алушы оқу-кешені (негізгі оқулық) құрамындағы (әр сыныптар үшін) берілген тақырыптар бойынша берілетін актив сөздер (диалог пен полилог репликалары, монологқа қатысты сөз, сөйлемдер, фразалар мен клишелер) ауызша және жазбаша сөйлеу арқылы ойын жеткізуге жеткілікті.

4. Грамматикалық минимумдар қарапайым деңгейде модельдер арқылы функционалдық тұрғыдан берілсе, ал жоғары деңгейлерде (A2 – B1 – B2) материалдар жүйелік-құрылымдық тұрғыда меңгеріледі. Бұл деңгейлерде сөйлем модельдері синтаксистік құрылымда ұсынылуы қажет.

5. Сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) қатысымға түсу мүмкіндігі әлеуметтік-тұрмыстық, оқу-еңбек және әлеуметтік-мәдени салаларды қамтиды.

6. Аталған деңгейлерде оқушының жадында ұзақ сақталған актив және пассив сөздер қоры тілдік білімін белсендіреді, ал мұғалім осы сөздерді сабақ барысында түрлі модельдер арқылы белсенді әдіс-тәсілдерді қолданып, жоғары деңгейлерде сөздерді диалог, монолог құрамында синонимдер мен түрлендіре отырып жаңа инновациялық бағытта түсіндіреді.

Оқытудың бастапқы деңгейінде сөздердің тақырыптық топтамасы жасалады. Келесі деңгейлерде білім алушылардың сөздік қоры синонимдер және сөздердің семантикалық топтамасы арқылы байиды. Тілдегі сөздің таратылымы сөздерді іріктеудің негізгі критериясы болып табылады. Сонымен қатар, сөздер продуктивті не рецептивті сөйлеу әрекетінде қолданатындығына назар аударған жөн. Жазбаша түрде сөйлеу әрекетіне талдау жасалынып, рецептивтік минимум құрылады. Ал продуктивті минимум жағдаяттық

тематикалық негізде жасалады. Продуктивті сөздікті әзірлеген кезде сөйлеу әрекетінің қажеттілігіне байланысты сөздер іріктеледі. Сөйлеу әрекетінің рецептивті түріне лексикалық минимум жиілік сөздік негізінде іріктеледі.

Лексика қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту үдерісінде негізінен сөйлеу әрекеті түрлерінде беріліп, оқушылардың оны ауызша сөйлеуде қолдана білуі үшін маңызды. Осыған орай алғашқы қарапайым деңгейде оқушының меңгеретін лексикалық бірлік саны өте шектеулі болады. (мысалы А1 деңгейінде 132 сөзден тұрады). Төмендегі кестеге назар аударайық:

3-кесте. Қазақ тілін меңгерудің лексикалық деңгейі (Т2)

Сыныптар	Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері	Жылдық оқу жүктемесінің көлемі	Бір сабақта меңгерілетін сөз саны	Т2 меңгерудің лексикалық деңгейі							
				Біраптада	Оқу жылында	Актив сөздер саны				Норма	
						Тоқсан бойынша				тік	май
						1	2	3	4		
1	А1	66	2	4	120	32	32	36	32	120	132
2		102	2	6	188	48	48	54	48	188	196
3		102	2	6	188	48	48	54	48	188	196
4	А2	136	2	8	252	64	64	72	64	252	264
5		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
6		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
7	В1	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
8		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
9		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
10	В2	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
11			3								
Ескертулер			*-12 сағат.(Жиынтық бағалау)							* Барлығы: 2974/3098	

Осы шектеулі лексикалық бірлікті меңгеру дегеніміз, біріншіден, оның қолдану мағынасын білумен, екіншіден, сөзді ұзақ есінде сақтау мүмкіндігімен, үшіншіден, осы сөзді қатесіз өз сөйлеуінде дұрыс пайдалана білу және түсіну мен дағдыны қалыптастыру. Сондай-ақ лексика сөйлеу әрекеті сипатына қарай актив және пассив лексикалық минимумға бөлінеді. Актив лексикалық минимум – білім алушының ойын ауызша сөйлеуге қажетті, эмоционалды реңкі жоқ, тілдің барлық функционалдық стильдерінде қолданылатын сөздер. Ал пассив сөздер – білім алушының сөйлеу әрекетінің жазылым және оқылым түрінде түсіне алатын белсенді лексика. Орыс ғалымы А.Н. Щукин орыс тілінде ауызекі сөйлеу үшін бар болғаны 1400 лексикалық бірлік, ал еркін сөйлеу үшін 3000 лексикалық бірлік жеткілікті десе, американдық ғалым-әдістемеші Р.Ладо 3000 сөз кез келген мәтін мазмұнын 80% түсіне алады, ал оқулықта берілетін мәтіндерді 94 % түсіну үшін 1000 сөз керек дейді [2]. Сонымен бірге тілді

үйрету кездерінде актив және пассив сөйлемдердің айырым белгілерін де білген жөн. Мысалы, Мен қалаға барамын сөйлемі актив сөйлем. Ал Мен қалаға барармын – бұл –пассивті сөйлем. Ауызша сөйлеу үшін актив және пассив сөйлемдер өте қажет. Актив сөйлемдер сөйлеу әрекетінің айтылым және жазылым түрінде қолданылады. Пассив сөйлемдер сөйлеу әрекетінің тыңдалым және оқылым түрінде қолданылуы тиіс.

Жалпы орта білім беру аяқтағанда білім алушы қазақ тілін екінші тіл ретінде Шетел тілін меңгерудің Жалпыеуропалық құзыретіне (Common European Framework of Reference, CEFR сәйкес) B.2 тілдік деңгейін меңгеруі тиіс.

Қазақ тілін меңгеру деңгейінің бағалау жүйесі

Бұл бөлімде қазақ (Т2) тілін меңгеру деңгейлерінің тетігін бірыңғай бағалау қарастырылады.

Қазақ тілін (Т2) меңгеру деңгейлерін бағалау жүйесі мыналарға негізделген:

- 1) критериалды бағалау;
- 2) тілдерді деңгейлік оқыту ерекшелігіне;
- 3) тілдік пәндер бойынша бақылау (ауызша және жазбаша жұмыс)

нормативтеріне.

Критериалды бағалауға сәйкес бағалау екі түрге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалауды мұғалім үздіксіз жүргізеді, бағалар қойылмайды.

Жиынтық бағалау бөлім аяқталғаннан кейін жүргізіледі, балға сәйкес баға қойылады.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша деңгейлік оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі (Т2) пәнінен балдарды есептеу былайша жүргізіледі:

- сөйлеу әрекетінің әр түрі бойынша балл жиынтығы есептеледі
- сөйлеу әрекеті түрлерінде балдардың пайызы белгіленеді;
- балдардың жалпы қосындысы шығарылады;
- балдардың жалпы қосындысының пайызы белгіленеді;
- балдарды бағаға ауыстыру жүзеге асырылады (3-кесте) қараңыз.

Назар аударыңыз! Есептеудің мысалдары осы Әдістемелік ұсыныстардың 2-қосымшасында келтірілген.

4 – кесте. Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

Жиынтық бағалау балының пайызы	Бағалау көрсеткіші	Баға мәні
0	бағаланбайды	«1»
1-20	қанағаттанарлықсыз	«2»
21-50	қанағаттанарлық	«3»
51-80	жақсы	«4»
81-100	өте жақсы	«5»

Бірінші сыныптарда қазақ тілін (Т2) оқу кезінде тек сөйлеу әрекетінің екі түрі бағаланады: тыңдалым және айтылым.

Тілдік құзыреттілік деңгейі келесі түрде анықталады:

– егер білім алушы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша (оқу жылы аяқталғаннан кейін) "4" немесе "5" алатын болса, онда ол осы оқу жылына тиісті деңгейге жетті (3- кесте).

– егер білім алушы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша "1", "2" немесе "3" алатын болса, онда бұл деңгей тілдік құзыреттілік талаптарына сәйкес келетін, алдыңғы деңгейдегі болып саналады (4- кесте).

5-кесте. Тілдік құзыреттілік деңгейінің жылдық қорытындысын бағалау мәндер сәйкестігінің шкаласы

Сыныптар	Қазақ тілі (Т2)	Тілдік құзыреттілік деңгейінің жылдық қорытынды бағалау маңызының сәйкестігі			
		«1»	«2» және «3»	«4» және «5»	
A1	1-сынып	A1 бастапқы	A0	-A1	
	2-сынып	A1 орташа	-A1		
	3-сынып	A1 ілгерінді			
A2	4-сынып	A2 бастапқы			
	5-сынып	A2 орташа			
	6-сынып	A2 ілгерінді			
B1	7-сынып	B1 бастапқы			
	8-сынып	B1 орташа			
	9-сынып	B1 ілгерінді			
B2	10-сынып	B2 бастапқы			
	11-сынып	B2 орташа			

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым (5-кесте) бойынша тілдік құзыреттілігі деңгейінің талаптарына сәйкес бағалау үшін оқу тапсырмалары әзірленеді. Сонымен қатар, білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін тест тапсырмаларын да әзірлеуге болады. Ол үшін тест түрлеріне назар аударайық.

Тест тапсырмаларын орындау және оның түрлері

Тест - зерттеу және сынақ (тексеру) деген сөз. Сондай-ақ тестер стандартты түрде берілетін тапсырмалар жүйесі деген ұғымды да білдіреді. Тестер қойылатын мақсатқа және мазмұнына қарай жүйеленеді. Олар диагностикалық және прогностикалық деп екі түрге бөлінеді. Бақылау нысандары –тілдік және коммуникативтік тұрғыда анықталады.

Прогностикалық тест тапсырмалары мазмұны тыңдалған немесе көріп – байқау түрінде берілетін тапсырмаларды орындауға құрылады. Мұндай тест түрлеріне сөздер мен сөйлемде түсіріліп берілген кейбір әріптерін өз орнына қою, ұсынылған тақырып бойынша диалог, полилог мәтін құру, мәтін мазмұнына сәйкес жағдаяттық тапсырмалар орындау, болжам сұрақтар жазу үшін берілген тапсырмаларды орындайды.

Диагностикалық тест –пәндік білімін анықтайды, оған жеткен жетістігін межелейтін(өлшенетін) және алдыңғы деңгейде (әр деңгейде) алған білімін, тілді меңгеру сапасын анықтауға берілетін тапсырмалар жиынтығы.

Тест тапсырмалары түрлері мынадай оқу материалдарын қамтиды:

- 1) Тілдік: әріп, буын, сөз, сөз тркестері, сөйлем;
- 2) Сөйлеу бірліктері: шағын мәтін, диалог, полилог;
- 3) Түпнұсқалық мәтіндер: газет-журнал материалдары, оқулықтар және т.б.

Бұл тапсырмалар мына талаптарға сәйкес орындалуы тиіс:

- коммуникативтік білігін тексеру үшін;
- шығармашылық сипат;
- жақсы мазмұндалған мәтін үшін;
- орындаушылық қабілетін анықтау мақсатында.

Тест тапсырмаларын бағалау белгілері

Тест тапсырмаларын орындау барысында коммуникативтік міндеттері дұрыс және нақты шешудің көрсеткіштері: ауызша және жазбаша сөйлеу дағдысының дәлдігі (берілген тапсырмаларға сәйкес), тілдік және сөйлеу амалдарын дұрыс қолдана білуі.

Педагогикалық тест тапсырмалар арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында орындалады. Басты мақсат – деңгейлік білімі мен білігін тексеру. Мұндай тапсырмалар қатарына диагностикалық және тестік тапсырмаларды орындау кезеңіндегі оқушының даралық қабілетін бақылайтын жазба жұмыстарын жатқызуға болады. Орындаушының әрбір деңгейде меңгерілетін тақырыптары бойынша орындалатын тест тапсырмалары оқығанын түсінуге, белгілі бір сөйлеу жағдаяттық тапсырманы жазбаша орындаған кезеңде құзырет деңгейін анықтауға (пәндік, тілдік, т.б.). арналған біренеше түрін атауға болады:

1) аяқтау тесті- мәтін мен сөйлем, фраза, сөз тіркестері ішінде түсіріліп берілген бес орынды толтыруға беріледі;

2) сәйкестендіру тест тапсырманы екі қатарда берілген тізім бойынша бір-бірінің сәйкестігін табуға;

3) Лингвоелтанымдық тест білім деңгейін анықтауға тапсырмаларды құрайды: қатысымдық және тілдік құзыреттерін анықтауға;

4) лингвистикалық тапсырмалар тілін үйреніп жүрген елдің рухани өмірін және мәдениетін тану деңгейін анықтау үшін;

5) лингвистикалық тест тапсырмалары негізінде субъектінің тілдік білімін тексеру мақсатында (тілдік бірліктерді меңгеру деңгейі, оны ауызша және жазбаша сөйлеуде дұрыс қолдана білу қабілетін анықтау үшін) белгілі бір іс-әрекетті орындау кезеңіндегі дағдысы мен білігін анықтауға;

6) қатысымдық құзыретінің қалыптасу қабілетін анықтау үшін берілетін тест тапсырмалары негізінен тілдік және әлеуметтік-лингвистикалық білім негізінде қойылған мақсатты тапсырмалар арқылы қарым-қатынас құру жағдаятына сәйкес сөйлеу әрекеті түрлерін меңгеру білігін тексеру;

7) шолу тест тапсырмалары – тоқсандық немесе оқу жылының жарты жылдығын қорытындылау мақсатында оқу материалдарын толық меңгергенін, тілді үйрену деңгейі мен нәтижесін анықтау үшін құрастырылады.

Мұғалім деңгейлерді меңгеруге қойлатын талаптарды білуі тиіс. Осыған орай бесінші кестеде деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптар берілген.

Екі тілдік тұлға өзара қарым-қатынасқа түсу кезеңінде бір-біріне айтады және тыңдайды, ал естігенін немесе ойын, сондай-ақ алынатын ақпаратты түсіну үшін оқиды және жазады.

6-кесте. Деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптар (дескрипторлар). Қазақ тілі (Т2)

<i>1-сынып</i>	
Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқушыларға қойылатын талаптар
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ баяу және анық айтылған сөз бен сөйлемдерді түсінеді және оны қимыл, ым-ишара тәсілі арқылы қолданады, қимыл жасау арқылы әрекет етеді; ✓ күнделікті өмірде және сыныпта/мектепте қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді; ✓ тыңдалған мәтін бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап береді және соған сәйкес сурет таңдай алады; ✓ тыңдаған материалының кімдерге арналғаны туралы түсінеді; ✓ сұрақ қою, оған қысқаша жауап беру арқылы тыңдаған мәтіннің түсінгенін білдіреді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ауызша сөйлеу барысында бірнәрсемен танысу үшін, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдана алады; ✓ сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіреді; ✓ сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және тілдік нормаларды сақтай отырып, оған жауап береді; ✓ шағын мәтінді/қарапайым оқиғаларды мазмұндайды; ✓ көрген/тыңдаған материалдардың сюжетін мұғалімнің көмегімен суреттейді.
<i>2-сынып</i>	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ауызекі тілді және қарапайым сөйлемдердің лексикалық мағынасын түсінеді; күнделікті қолданыстағы таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді; ✓ тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/суреттер таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді; ✓ тыңдаған материалдың мазмұнын түсінеді және кейіпкерлерді және оқиғалардың ретін анықтайды; ✓ тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсінеді; ✓ мұғалімнің көмегімен сұрақтар қояды және сипаттайды.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; ✓ сюжетті сурет негізінде өз ойын айтады ✓ тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысады және сұхбаттасының не туралы айтқанын

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ түсінеді ✓ оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын айтып береді ✓ қарапайым түрде ой-пікірін айтады
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтінді мәнерлеп оқиды; ✓ таныс сөздер кездесетін мәтіндегі қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді; ✓ мәтіндердің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырата алады; ✓ мәтін бойынша қарапайым сұрақтар құрайды және оған жауап береді; ✓ мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша мұғалімнің көмегімен жүйелі сөйлем жазады; ✓ мұғалімнің көмегімен оқыған/тыңдаған/ көргендері негізінде сөз тіркестерін жазады ✓ жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолданады ✓ каллиграфиялық нормаларды сақтайды
3-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ауызша тілді және тыңдау-көру материалын тыңдайды және түсінеді; ✓ жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қояды; ✓ сөйлемдегі және мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын түсінеді; ✓ тыңдаған материал бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрацияларды тандап, орналастырады; ✓ тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша себеп-салдар байланысын мұғалімнің көмегімен анықтайды және кестеге енгізеді; ✓ тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) түсінеді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айтады; ✓ белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады; ✓ сөйлеу барысында тақырыпқа байланысты сөздерді әр түрлі мәнмәтінде қолданады; ✓ сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және оның ойын толықтырады; ✓ өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен оқиға/әңгімелерді мазмұндап береді; ✓ тыңдау-көру материалдарының желісін айтып береді; ✓ тыңдаған/оқыған материал бойынша өз пікірін білдіреді.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқиды; ✓ таныс сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын шағын мәтіннің түйінді тұстарын түсінеді; ✓ мәтінді жанр түрлеріне (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажыратады; ✓ әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтай алады; ✓ мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті жайында нақтылау сұрақтарын қояды және оған жауап береді, мұғалімнің көмегімен

	сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздейді және табады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазады және постер құрастырады; ✓ мұғалімнің көмегімен оқыған/ тыңдаған/көрген материалдары бойынша қысқаша жазбалар жасайды; ✓ жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін өзі қолданады; ✓ кең жолды дәптерге жазады, каллиграфиялық дағдыларын жетілдіреді.
4-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ауызша және тыңдау-көру материалын түсінеді және ондағы сөйлемдерді басқа үлгіде өзгертіп айтады; ✓ бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің контекстіне қатысты мағынасын анықтайды; ✓ тыңдаған материалдағы мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және түйінді тұстарын, негізгі ойын анықтайды.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолданады; ✓ басталған мәтінді өз ойынша аяқтайды; ✓ белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады; ✓ сұхбаттасушыны түсінеді және оның сөзін нақтылайды, анықтайды, басқаша айтып береді; ✓ оқиғаларды/әңгімелерді егжей-тегжейлі айтып береді; ✓ материалдар бойынша өзінің көзқарасын білдіреді және мұғалімнің көмегімен дәлелдейді.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқиды; ✓ бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсінеді; ✓ мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды) ажыратады; ✓ пайымдау мәтінін анықтай алады; ✓ мәтін мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беретіндей сұрақтар құрастырады және оған жауап береді; ✓ қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді: сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламторды қолданады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ оқиғаларды сурет (комикс) түрінде көрсетеді; ✓ оқу/тыңдау/көру материалдары бойынша мұғалімнің көмегімен шағын мәтін жазады; ✓ шағын мәтін құрастыруда сөйлемдег тыныс белгілерді тиісті жеріне өздігінен қояды; ✓ каллиграфиялық дағдыларын жетілдіреді.
5-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ұзақтығы 2-3 минуттық тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және нақты ақпараттың тақырыбын анықтайды; ✓ күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді; ✓ фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсінеді, тірек сөздер, тиімді сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтайды; ✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ бере алады; ✓ сұрақтар негізінде мәтіннің тақырыбын болжайды.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіннің негізгі мазмұнын тірек сөздер арқылы түсінеді; ✓ мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсінеді; ✓ стильдік ерекшелігін анықтайды, фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді; ✓ тақырыбын анықтайды, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала біледі; ✓ тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді; ✓ оқылымның түрлерін меңгереді, рөлге бөлініп оқиды, тірек сөздер негізінде мәтінге жоспар құрайды; ✓ мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды; ✓ тақырып шеңберінде ақпараттар іздейді; ✓ мәтіннің мазмұны мен тақырыбын салыстырады.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазады, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады; ✓ жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазады, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды; ✓ жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; ✓ сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады; ✓ әдеби тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыс жазады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ синоним, антоним, омонимдерден тұратын сөздік қорды меңгереді, мәтінге жақындатып мазмұнын айтады; ✓ қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдаланады; ✓ ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтады; ✓ шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндайды, берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап береді; ✓ шағын диалогке қатысады; ✓ тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттайды.
<i>6-сынып</i>	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін 2-4 минут тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды; ✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; ✓ негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды; ✓ тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді; ✓ әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасайды; ✓ тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтайды; ✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап береді.

Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтайды; ✓ өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады; ✓ ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтайды (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме); ✓ орта көлемді шығармаларды түсінеді; ✓ тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды; ✓ мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстырады; ✓ қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстырады; ✓ қарама-қайшы ақпараттарды анықтайды.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады; ✓ эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазады; ✓ жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазады; ✓ мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасайды; ✓ жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; ✓ сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ меңгерген және меңгеретін тақырыптар бойынша сөйлесімді жүргізе алады; ✓ тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданады; ✓ ойын әсерлі, мазмұнды жеткізеді, тақырып бойынша диалогті бастайды, жалғастырады, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі; ✓ ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айтады; ✓ шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды және тілдік ерекшелігін салыстырып айтады; ✓ коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырады ; ✓ тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады.
7-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжайды; ✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; ✓ ақпараттың өзектілігін анықтайды; ✓ әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді; ✓ повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды; ✓ тақырыбы мен идеясын талдайды; ✓ тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды; ✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап береді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі; ✓ ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін

	<p>анықтап, талдау жасайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдайды; ✓ мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасайды; ✓ қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсынады; ✓ тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізеді.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазады; ✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады; ✓ жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазады; ✓ тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсынады; ✓ тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады (күрделі сөздер); ✓ оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамытады; ✓ кеңес береді, ұсыныс жасайды, өтініш, талап етеді, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі; ✓ ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айтады; ✓ шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдайды; ✓ диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады; ✓ кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттайды.
8-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ұзақтығы 4-6 минуттық негізгі және толық ақпаратты түсінеді; ✓ жекеленген фактілерді жалпылама мәнмәтінге біріктіріреді; ✓ себеп-салдар байланыстарды анықтап, қорытынды жасайды; ✓ прозалық, драмалық, поэзиялық шығармалардың мазмұнын түсінеді; ✓ мәтіннің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтардың жауабына болжам жасайды; ✓ тыңдай отырып салыстырады; ✓ оқу- еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсінеді; ✓ тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтайды; ✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап береді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ сөздік қорды (ішінде перифразалар бар) меңгереді; ✓ шығармашылық қосымшалар бар мәтіннің мазмұнын айтады; ✓ синтаксистік нормаларды сақтайды; ✓ есімше, көсемшелерді қолданады; ✓ кесте, сызба, диаграмма, негізінде дәлелді көзқарас білдіреді;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша диалогтарға қатысады; ✓ кесте, сызба, диаграмма, кесте негізінде біреу айтқан пікірді (монолог, диалог) бағалайды.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазады; ✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынады; ✓ жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазады; ✓ тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолданады; ✓ тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады; (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер) ✓ сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндегі негізгі, қосымша, толық берілген ақпаратты түсінеді; ✓ тән белгілер арқылы ресми-іскери стильдің (мінездеме, өмірбаян, түйіндеме), публицистикалық стильдің (мақала, интервью, очерк) ерекшелігін анықтайды; ✓ болжам, интерпретация, идеяларды анықтайтын мәтін бойынша мәселелік сұрақтарды құрайды; ✓ барлық оқылымның түрлерін қолданады; ✓ дәйексөзден келтірілген жоспарды құрайды; ✓ драмалық, прозалық, поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдайды, олардың құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін анықтайды; ✓ әртүрлі көзден ақпараттарды жинақтайды, оның өзектілігін анықтайды, мазмұнын, тіл ерекшелігін салыстырады.
9-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ұзақтығы 5-8 минуттағы тыңдалған хабарламадан негізгі, толық ақпаратты түсінеді; ✓ оқиғаға, кейіпкерге қатысты айтушының көзқарасын анықтайды; ✓ тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды; ✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; ✓ ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды; ✓ әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді; ✓ шағын көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды; ✓ көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіреді; ✓ мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтайды; ✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіреді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ негізгі, екінші кезектегі және жасырын ақпараттарды түсінеді; ✓ ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасайды; ✓ прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырман әсерін бағалайды;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасайды; ✓ қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасайды; ✓ өз көзқарасын білдіреді; ✓ мәтінде көтерілген мәселеге сыни тұрғыдан баға береді; ✓ тезистік жоспар құрайды.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, ғылыми стильдегі мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазады; ✓ ресми-іскерлік стиль (ереже, есеп, нұсқаулық); ✓ ұсынылған тақырып бойынша эссе жазады; ✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазады; ✓ жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазады; ✓ тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазады; ✓ тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазады; ✓ сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайды; ✓ коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай біледі; ✓ коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізеді; ✓ шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалайды; ✓ сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолданады; ✓ диалогте, полилогте сенімді сөйлейді; ✓ кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалайды.
10-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ұзақтығы 8-9 минуттағы мәтінді түсінеді, лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерді бағалайды; ✓ әртүрлі тақырыптардағы терминдер мен сөздерді түсінеді; ✓ мәтіннің соңын болжайды, хабарламалардағы логикалық байланыстарды анықтайды; ✓ маңызды ақпараттарды анықтайды; ✓ ұсынылған мәтіннің мазмұнын түсінеді, онда грамматикалық қателерді (уақыттылық байланыс, меңгерту және т.б.) анықтайды, паронимдердің қолдануы) таба алады; ✓ мәселелік сауалдарға және дербес көзқарас қалыптастыратын сауалдарға жауап береді; ✓ әртүрлі стильдегі және әр үрлі тақырыптағы, мақсаттағы, коммуникативтік жағдаяттағы мәтіндерді түсінеді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ауқымды тақырыпта тиімді қарым-қатынас жасау үшін, көлемді сөздік қорын меңгереді; ✓ әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, автордың көзқарасын және мәселеге қатысты жеке көзқарас білдіреді; ✓ мәтінді мазмұндайды, өзінің алған әсерін айтады;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ әртүрлі тақырыптағы диалогтарға қатысады; ✓ қоғамдастық пен веб-сайтты қолданып ұсынылған тақырып (2 шағын тақырып) бойынша пікірін білдіреді; ✓ жіберілген хабарламаның негізгі идеясын анықтайды; ✓ өзінің бақылау әсері негізінде өзекті мәселе бойынша айтылған диалогтар шеңберінде өз ойын білдіреді, бағалайды.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ абстракті және нақты тақырыптар шеңберінде әртүрлі жанрдағы күрделі мәтіндерді түсінеді; ✓ коммуникативтік жағдаятқа, тақырыпқа, мақсатқа сәйкес әртүрлі стильдегі мәтіндерді анықтайды; ✓ мәтін бойынша мәселелік сауалдарды құрайды; ✓ дәлел мен аргумент, логика, идея, интерпретация негізінде болжам жасайды; ✓ дербес көзқарас қалыптастырады; ✓ факті мен пікірлерді ажыратады; ✓ танысу оқылым, мәтіндегі дәйексөздерден тұратын жоспар құрайды; ✓ қажетті қосымша ақпаратты қолдана алады; ✓ баспа мәтінін өзгерте алатын әдіс-тәсілдерді меңгереді; ✓ библиографияны құрайды; ✓ мәтіннің/шығарманың мәселесін зерделейді; ✓ мәселе бойынша мәтінді/шығарманы салыстырады.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ тақырыпқа, мақсатқа және жағдаятқа байланысты мәтіндер құрайды; ✓ жазылымда метафораларды қолданады; ✓ әртүрлі композиция мен типтегі мәтіндерді бағалайды, олардың негізінде пікір қалыптастырады; ✓ синонимдік және омонимдік құрылымдарда қосымшаларды дұрыс қолданады; ✓ құрмалас сөйлемдерді құру үшін жалғауларды қолданады; ✓ күрделі сөйлемдерде дұрыс тыныс белгілерін қолданады; ✓ берілген тақырыптарға шығармашылық жұмыстарды өз көзқарасы бар эсселерді жазады; ✓ өзі дайындаған мәтінді жетілдіреді.
11-сынып	
Тыңдалым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ ұзақтығы 15-20 минуттық мәтінді түсінеді, ондағы ақпаратты анықтайды; ✓ лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерді бағалайды; ✓ ауқымды тақырып және мәселелер бойынша терминдер мен сөздердің мағынасын түсінеді; ✓ әртүрлі мәтіндердің соңын болжайды; ✓ ұсынылған мәтіннің мазмұнын түсінеді, онда грамматикалық қателерді (уақыттылық байланыс, меңгерту, паронимдердің қолдануы) және т.б. анықтайды; ✓ мәселелік сауалдарға және дербес көзқарас қалыптастыратын сауалдарға жауап береді; ✓ әртүрлі стильдегі және әртүрлі тақырыптағы, мақсаттағы, коммуникативтік жағдаяттағы мәтіндерді түсінеді.
Айтылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ тіл иеленушілердің қорына жақын сөздік қорды меңгереді; ✓ әртүрлі әдістерді қолданып, автордың көзқарасы мен мәселеге байланысты өзінің көзқарасын білдіре отырып мәтінді мазмұндайды;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мәтіндегі мәселені талдайды; ✓ мәтінді мазмұндайды, өзінің алған әсерін айтады; ✓ әртүрлі тақырыптағы диалогтарға қатысады; ✓ идея, интерпретация мен болжамдарды қолданып мәтіндегі мәселені талдайды; ✓ әртүрлі пікір білдіреді; ✓ өзінің көзқарасын дәлелдейді; ✓ ауқымды тақырыптағы диалогке қатысады; ✓ аудиовизуальді материалдарды қолданып, ұсынылған тақырып бойынша көзқарасын білдіреді; ✓ ауқымды тақырып бойынша әртүрлі диалогтарды бағалайды.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ абстракті және нақты тақырыптар бойынша, соның ішінде күрделілігі әртүрлі және тар шеңберлі мәтіндерді түсінеді; ✓ мәтіндердің түрін, жанрын, композициялық ерекшеліктерін талдайды; ✓ оқылған мәтін бойынша сұрақтар құрайды; ✓ дәлел мен аргумент, логика, идея, интерпретация негізінде болжам жасайды; ✓ дербес көзқарас қалыптастырады; ✓ факт пен пікірлерді ажыратады; ✓ танысу оқылым, мәтіндегі дәйексөздерден тұратын жоспар құрайды; ✓ қажетті қосымша ақпаратты қолдана алады; ✓ баспа мәтінін өзгерте алатын әдіс-тәсілдерді меңгереді, библиографияны құрайды; ✓ мәтіннің/шығарманың мәселесін зерделейді; ✓ мәселе бойынша мәтінді/шығарманы салыстырады; ✓ мәтіндерді/ көркем шығармаларды басқа өнер туындыларымен салыстырады (кескіндеме, музыка, театр, кино), олардың ерекше және жалпылама белгілерін сипаттайды.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> ✓ нақты бір жағдаяттың мәселесі, тақырыбы, мақсатына сәйкес әртүрлі мәтіндерді құрайды; ✓ ой мен сезімді нақты жеткізу үшін әсерлі құралдарды қолданады; ✓ жазба жұмыстарының ережелерін сақтай отырып, қолжазба мәтіндерін құрайды; ✓ (аудио, видео және т.б.), бақ материалдары мен электрондық құралдарды қолданып жеке ойын білдіреді; ✓ жазбада дербес және көмекші сөз таптарын дұрыс қолданады; ✓ күрделі және жай сөйлемдерде, диалог пен дәйексөздерде тыныс белгілерін орынды қолданады; ✓ ұсынылған тақырып бойынша эссе мен шығармашылық жұмыстарды жазады; ✓ ой жүйелілігін, біртұтастығын ескереді; ✓ көркем құралдарды әдеби тілдің нормаларына сәйкес қолданады.

Лексикалық дағдыны қалыптастыру сөйлеу әрекетінің айтылым және жазылым түрлеріне қатысты берілетін тақырыптар бойынша, яғни қатысымдық мақсатқа сай ауызша сөйлеу үшін сөзді дұрыс қолдана білу ерекшелігімен, сондай-ақ тыңдалым және оқылым әрекетінде лексикалық минимумды түсіне білумен анықталады. Ол үшін мұғалім лексикалық материалдарды деңгейлер талабына сәйкес, әр сабақта қандай мөлшерде таптсырма беруді білуі қажет.

Мысалы, диалог репликалар саны қарапайым деңгейде (А1) 2 репликадан (сұхбатты бастау және жауап) монологтық сөйлеу: минимум 2-3 сөз, максимум 4-6 сөз.

Ескерту: лексиканы (сөзді) жеке-дара (жалаң түрінде) үйрету емес, керісінше сөзді сөйлеу бірліктерін, яғни сөзді фразамен, тіркесімен беру маңызды.

Лексиканы іріктеу қарапайым деңгей үшін нақты лексиканы, яғни сөзді (актив сөзді) берумен айқындалады, бұл деңгейде сөздің синонимі антонимі және абстракті лексика берілмейді, ал жоғары деңгейлерде (А2 және одан жоғары) абстракті сөз қатарының (мысалы, сағыныш, қуаныш т.б.) түсіндірмесі айтылуы тиіс.

Лексиканы меңгерту кезеңдері

Жаңа сөздерді түсіндіру мындай кезеңдерден тұрады: 1) жаңа сөздің (актив сөзді) презентациясын жасау; 2) бұрынғы (алдыңғы сабақтағы) өткен лексиканы қайталату, оны меңгерту, түрлі сөйлеу жағдаятында қолдана отырып, өтілетін жаңа сабақ лексикасымен ұштастыру.

Жаңа сөздің тұсаукесер жолдары

✓ жаңа сөзді бірнеше рет қайталату, қапайым түсіндірмесін беру Лексиканы меңгермей, басқа біреудің сөзін не өз ойынды жеткізе алмайсын. Сондықтан тілге үйретуде лексиканы меңгерту өте маңызды рөл атқарады. Лексиканы меңгеру дегенді қалай түсінеміз? Ол дегеніміз, ең біріншіден, бірнеше лексикалық бірліктерді меңгеру/ есте сақтау. Қанша лексикалық бірлікті білім алушы меңгеру тиіс екенін осы Әдістемелік ұсынғандардың кестесінде көрсеттік. Екіншіден, меңгерілген лексикалық бірліктерді, жаңа сөзді бірнеше рет қайталату, оның лексикалық мағынасын әр түрлі жолдармен түсіндіру. Олар: сурет, ым ишара, сөздікпен жұмыс.

✓ айтылым техникасына көңіл бөлу, қатысымға түсу (жеке, ұжым, жұп болып әрекетке түсу);

✓ тыңдалым арқылы жаңа сөзге жаттықтыру;

✓ ойын түрлерін ұйымдастыру;

✓ түсіндірме жұмысты жүргізу;

✓ түрлі жаттығуларды орындау (тақырып, мәтін жағдаяттық тапсырмаларға сәйкес).

Жаттығулар түрлері: қатысымалды (дайындық) және қатысымдық (сөйлеу) болып екіге бөлінеді: Олар жаңа сөз беру, әр түрлі тәсілдерді қолданып, мағынасын түсіндіру, сөйлем ішінде түсінуге арналған тапсырмалар (тыңдалым, оқылым кезеңдерінде); сөз тіркестерін құру тапсырмалары; сөйлеу үлгілерінде жаңа сөздерді қолдана білу тапсырмалары; диалог құруға арналған тапсырмалар және т.б.

Бұрынғы (алдыңғы сабақтағы) өткен лексиканы (актив сөзді) қайталау және бақылау. Жаңа сабақта меңгерілетін актив лексикаға арналған барлық жаттығу түрлерінде бұрынғы өтілген сөздерді де қамту қажет. Тілді деңгейлік меңгеру – қатысымдық құзыретті қалыптастыру деңгейінде қажетіне қарай алынған білім, дағды және білікті пайдалана отырып жалпы тілдік әрекет жүйесіне арналған тапсырмаларды коммуникация шартына сәйкестікте шешу

жолы. Тілді деңгейлік меңгертудің алғышартты –әр деңгейде коммуникативтік, әлеуметтік, лингвистикалық, елтанымдық, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Деңгейлік өлшем өзге тілді жете білетіндігін, одан хабардар екендігін анықтайды. Төменде осы өлшемнің негізгі сипаты көрсетіліп отыр.

I.Қарапайым деңгейде сөйлеу білігіне қойылатын талаптар.

Тыңдалым: 1) оқушының өзіне қатысты сұрақтардың мазмұнына түсінуі (тақырыптар бойынша аты-жөні, мектебі, оқу кестесі т.б.). Сұрақтар 4-6 сөзден тұруы тиіс;

2) әңгімелесуші (басқа адамның) туралы ақпараттың мазмұнын түсінуі (оның аты-жөні, мектебі, оқу кестесі т.б.).

Оқылым: әр сабақта берілетін сөздер (бұрынғы сөздік қорын санағанда) 50-60 сөз көлеміндегі тұрмыстық, әлеуметтік мәдени, оқу және т.б. салаларға қатысты шағын мәтіндерді оқуы тиіс. Бір минутта 60 сөз, 1 секундта 10 таңба оқылады.

Айтылым: 1) тұрмыстық және әлеуметтік-тұрмыстық сала бойынша қалыптасатын қатысымдық қарым-қатынас тақырыптары (өзі, оқу орны, тұрмысы, бос уақыт және т.б.);

2) әлеуметтік-мәдени сала бойынша ұсынылған тақырыптар негізінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, әңгімелесушімен әлеуметтік-тілдік қарым-қатынас құру (танысу, шақыру, ұсыныс жасау, қабылау, пікір алмасу, тілек білдіру және т.б.);

3) осы аталған мүдделер үшін оқушының коммуникативтік клишелерді, диалог репликаларын, сөйлеу әдебінің тілдік нысандарын дұрыс қолдана білуіне көмек беру.

Жазылым: өзі туралы қысқаша ақпарат, өтініш, хабарландыру, түйіндеме, әңгіме, эссе және т.б. жазуға төселдіру. Мәтін көлемі қарапайым деңгей талабына сәйкес 20-30, максимум 50-60 сөзден тұруы мүмкін. Таныс емес сөз саны 1% пайызды құрайды.

Бұл деңгейде оқушының сөйлемдер мен қысқаша мәтін құруына тірек болатын лексикалық-грамматикалық минимум көлемі ескеріледі.

II. Базалық деңгейде сөйлеу білігіне қойылатын талаптар

Тыңдалым: әлеуметтік-мәдени, іскери, қоғамдық-саяси салаларда қатысымға түсу мүмкіндігін тудыратын шағын мәтінді, 4-6 репликадан тұратын диалогты тыңдау арқылы түсіну. Бұл кезеңдерде оқушы өзіне қажетті ақпаратты қабылдай алу икемділігі қалыптасуына назар аудару қажет. Тыңдауға берілетін мәтін көлемі 60-80 сөзден тұрады. Диалог 6-8 репликадан тұрады.

Оқылым: әлеуметтік-мәдени, іскери, қоғамдық саяси, салаларда қатысымға түсу мүмкіндігін тақырыптарға байланысты 80-100 сөзден тұратын мәтінді оқу. Оқылым түрлерінің 4 түрі де қолданылады. Оқушы 1 минутта 60-80 сөз оқи алатын деңгейге жетуі тиіс. Таныс емес сөз саны 1,5% пайызды құрайды.

Айтылым: 1) тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени, іскери, қоғамдық-саяси салаларда қатысымға түсу мүмкіндігін тудыратын сұхбатқа қатысу

(өзінің жұмыс күні, оған қатысты пікірін білдіру). Сұхбат 6-8 репликадан, таныс емес сөз 1,5% пайыздан тұрады; 2) әлеуметтік-мәдени салада мәтін тақырыбы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, белсенді қарым-қатынасқа түсуді орнату және дамытуға ұмтылу (өзіне қажетті ақпаратты алу мақсатында сұхбатты дамыту, кеңейту, алынған ақпаратты басқаларға әңгімелеу), сондай-ақ тақырып мәселесіне қатысты өзінің пікірін, қарым-қатынасын білдіру. 3) сөйлеу жағдаяттық сипатына, әріптесінің қарым-қатынасына, ойы мен пікіріне орай коммуникативті клишелерді, фразаларды, сөйлеу әдеби нысандарын дұрыс қолдана білуі ескерілуі тиіс.

Жазылым: ресми, бейресми хаттар, қолхат жазу, түрлі ресми құжат түрлерін толтыра білу, түйіндеме жаза білу, қатысымдық талапқа сай мәтін көлемі 80-100 сөз немесе монолог (ұсынылған тақырыпқа) жаза білу, тыңдалған және оқылған мәтінге сәйкес жаза білуге үйрету керек.

III. Жоғары деңгейде сөйлеу білігіне қойылатын талаптар

Тыңдалым: мәтін мазмұнын толық түсіну, газет материалдарынан ақпарат ала білу, тыңдау кезеңінде жана ақпаратты ажырата түсіну. Мәтін мазмұнына сәйкес негізгі идеяны ала білу, мәтіндегі нысаналы мәселені қайталап айтып беру немесе жазу ептілігін тудыру. Мәтін көлемі: 120-200 сөз. Таныс емес сөз саны 2,5-3% пайызды құрайды.

Оқылым: қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, іскери салаларда қатысымға түсу мүмкіндігін тудыратын диалог түрлері (диалог-хабарлама, диалог-сұрақ-жауап т.б.) оқушыға таныс мәтіннен құрылады. Оқушы тыңдалған диалог мәтін мазмұнын толық түсінуге, ондағы кейіпкерлердің ниетін білуге әрекет жасайды. Мәтін тақырыбын анықтау, ақпаратты алу үшін қатысымдық мүмкіндігіне қойылатын сұранысқа сай оқу түрлерінің барлығын (танысу, іздене оқу және т.б.) қолдана отырып, мәтін мазмұнын толық оқи алатын деңгейге жеткізу шарт. Мәтін көлемі 200-400 сөзден астам. Таныс емес сөз саны 5-6% пайызды құрайды.

Айтылым: әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, ресми-іскери салаларда қарым-қатынас құра білу мүмкіндігіне орай ауызша және жазбаша сөйлеу қарым-қатынасына белсене қатысуын, өз ойын еркін жеткізе білуін, айтылған немесе тыңдалған ақпаратты қорыту, оған байланысты баға беру білігін қалыптастыру. Аутентикалық (түпнұсқалық) мәтін ұсынуға болады. Ұсынылған мәтін бойынша өз бетінше логикалық тізбекте ойын жеткізе білуге дағдыландыру міндетін шешу қажет. Мәтін көлемі 300-450 сөз, таныс емес сөз 3% пайыз және мәтінде 20-25 фраза болғаны жөн. Диалог құру кезеңінде әңгімелесушінің жауабын аяқтау, бекіту және өз ойын дәлелдеу үшін түрлі кең көлемдегі сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар беріледі.

Оқушының пікірі, дәлелі, сөзі қазақ тілінің лексика-грамматикалық материалдарына сүйене отырып, әдеби нормаға сай сипатталуы нәтижелі болмақ.

Жазылым: өз ісіне, мамандығына қатысты ұсынылған мәтінді сауатты құра біллу, ресми іс-қағаздарын стильдік-тілдік ерекшеліктерді сақтай отырып, дұрыс жазуға үйрету жолдарын іздеген жөн.

Жазуды меңгеру бағытында мынадай жазба жұмыстары орындалады:

- грамматикалық тапсырмаларымен бақылау диктанты;
- тақырыптық диктант;
- эссе жазу;
- тест түрлері;
- сөздік диктант.

Қазақ тілін деңгейлік оқыту сабақтарында білім алушылардың білімін бағалау мыналарға бағытталуы тиіс:

- 1) сөздік қорының деңгейі;
- 2) қазақ тілінде өз ойын айта білу, ақпараттарды ауызша жүйелі түрде жеткізу дағдылары;
- 3) аудиовизуалды материалды меңгеру: мұғалім мен білім алушы немесе диктордың сөзін тыңдау дағдысы, қазақ тілінде тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 4) тақырып бойынша мәтіннің мазмұнын түсіну;
- 5) ақпаратты жазбаша түрде жаза білу (қажеттілік бойынша).

Оқу жылы аяғында өткізілетін жиынтық бағалау жұмыстары (қазақ тілі Т2) 2-қосымшада ұсынылған.

2. Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың тәсілдері, әдістері және формалары

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, оқушының сол тілді үйренуге қызығушылығы артады. Мұндай әдістерге мәтінмен жұмыс түрі, белсенді стратегиялар, көрнекіліктерді пайдалану, коммуникативтік жаттығулар, жанаша техникалық құралдарды қолдану жатады.

Егер мұғалім тілді оқыту барысында белсенді әдістерді қолдана білсе, онда оқыту мақсаты және оның стратегиясы мен тактикасы айқындалады.

Әдіс – мақсатқа жетудің тәсілі, белгілі бір нәтижеге жеткізетін іс-әрекет. Ал амал-тәсіл – іс-әрекет және техникалық құралдарды қолдана білу. Олай болса, мұғалім қазақ тілін деңгейлік оқыту бағытында мына әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана білу мақсатында төмендегі берілген жүйелі әдістерге ерекше назар аударуы маңызды.

Қазақ тілін оқыту барысында мұғалім қолданатын әңгіме **және түсіндіру әдістері** – жалпы оқу жұмысын ұйымдастыруда кең қолданылатын әдістер. Әңгіме – мұғалім өтілетін оқу материалын хабарлау-мәлімет беру түрінде мазмұндау әдісі. Осы әдістердің оқушылардың оқу-таным іс-әрекетін белсендіруде алатын өзіндік орны үлкен. Көп ретте мұғалім сипаттауды қажет ететін оқу материалын меңгертуде қолданады. Тек әңгіме әдісі жеке түрде қолданылмайды, ол әдіске мұғалімнің ой толғанысы, фактілерге, мысалдарға талдау жасау, түрлі құбылысқа салыстырулар жасау сияқты амал-тәсілдер, әдістер араласа қолданылады.

Әңгіме-сұхбат әдісі. Бұл да вербалдық-тілдік әдістер қатарына жатқанымен, олардан диалогтық (полилогтық) түрімен ерекшеленеді. Мұнда мұғалім орынды әрі ретті сұрақтарды шеберлікпен қоя отырып, оқушының қазақша ойлау механизмдерін қалыптастыруды көздейді. Әңгіме – сұхбатты қолданудың басты ерекшелігі оқушының ойтолғау жасауына, оқу материалын талдай білуге, белгілі бір ұғымдарды өз бетімен жасауға дағдыландыруында.

Иллюстрация және демонстрация әдісі. Мұғалімнің тілдік-вербалдық әдістерімен бірге көрнекіліктерді пайдалану мазмұнды бола түседі. Сондықтан да иллюстрация және демонстрация әдістеріне үлкен мән берілуі керек. (Латынның *illusratio* – кескіндеме, көрнекі түсіндіру, *demonstratio* – көрсету деген сөздерінен шыққан). Иллюстрациялық және демонстрациялық материалдарды қолданудың тиімділігі – тек оқушының сөзі мен көрнекіліктің үйлесімді нүктесі табылғанда ғана сәтті көрініс береді.

Ойынды оқу үдерісін белсендіретін әдіс түрі ретінде қолдануға болады. Ойын сабақтарында рөлдік ойынды қолдану арқылы оқушылар еркін сезімге, ерекше көңіл күйде, қазақша дыбыстарды айтуға, сөйлеуге жаттыға алады. Осындай әдістемелік мақсаттың тәрбиелік қыры да үлкен. Бүгінгі күні сабақтағы жағдайға сәйкес келетін оқу ойындарын жүргізу арқылы оқушылардың шапшаң ойлау, қимылдау әрекеттері жетіледі. Төменде үлгі ретінде ойын түрлері ұсынылып отыр.

Мен жақсы көремін ойыны

Мен жақсы көремін ойыны оқушыларға өздерінің ұнататын заттары жайлы әр түрлі категорияда айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған ойын арқылы оқушылар өздері жайлы ақпарат беру үшін жаңа сөздерді және тіркестерді практикада қолдана алады. Ойын барысында мұғалім оқушыларға «өте қатты ұнайды» немесе «ең жақсы көретін» тіркестерінен кейін «себебін» айтуға еске салып отыруы мүмкін.

Нұсқаулық

- 1) Оқушылар (ойынға қатысушыларды) 3 немесе 4 топқа бөлініп отырады.
- 2) Ойын кімнен басталатындығы және қандай кезекпен жүретіндігі (сағат тіліне немесе сағат тіліне қарсы бағытта) анықталынады.
- 3) Ойынға қатысушылардың әрқайсысы кубикті бір біріне кезекпен лақтырады.
- 4) Өз кезектерінде ойынға қатысушылар тасталған кубиктің саны көрсетілген жолға барады.
- 5) Қатысушы квадраттағы категорияны оқиды.
- 6) Ойынға қатысушы категория бойынша өзінің жақсы көретін затын және не себепті жақсы көретіндігін айтып береді.
- 7) Ойын бір немесе барлық қатысушы «Соңы» деген жолға жеткенше жалғаса береді.

Мен жақсы көремін ойыны қатысушысының мүмкін болатын жауаптарының мысалы

Мезгіл	Менің жақсы көретін жыл мезгілім қыс, себебі маған шаңғы тебу ұнайды. <i>(Қарапайым жауап)</i>
Жеміс	Банандар менің сүйікті жемісім болып табылады. Егер де бір банан таңғы асқа жемесем, мен күні бойы көңілсіз және аш жүремін. <i>(Күрделі жауап)</i>


Ойын Жолдары:

БАСТАУ: ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЙІК!

1. мезгіл
2. жеміс
3. салқын сусын
4. ыстық сусын
5. бір күн ішіндегі уақыт
6. десерт немесе тәттілер
7. күнді өткізетін жер
8. шет тілі
9. кітап
10. фильм немесе бағдарлама
11. үйдегі бөлме
12. барып көрген қала
13. әлемдегі адам
14. музыка

15. жануар
16. ауа-райы
17. балмұздақ түрі
18. қазақ тіліндегі сөз
19. мектептегі сабақ
20. спорт немесе хобби

СОҢЫ



Мен жақсы көремін ойынының түрлері

Түрлері	Сипаттамасы	Мүмкін болатын жауаптарының мысалы
Мен жақсы көрмеймін	Оқушылардың жақсы көретін немесе жақсы көрмейтін заттары жайлы айтады	<i>Мен жақсы көрмейтін мезгіл көктем, себебі көктемде ылғал мен саз көп.</i> <i>Мен жақтырмайтын жеміс – алма, себебі ол мен үшін өте қышқыл.</i> <i>Маған тәтті жемістер ұнайды.</i>
Маған ұнайды	Оқушылар ойынды қайтадан ойнайды. Оқушы жолға түскен кезде (1) бірінші ойында аталған категория бойынша басқа оқушының жауабын айтады (2) және қосымша «Маған ұнайды» деп жалғастырады	<i>Айжан жақсы көретін жыл мезгілі күз екенін айтты. Маған жаз ұнайды, себебі күн жылы болады.</i> Егер оқушы бірінші жауаппен келіссе ол жайлы да айта алады. <i>Дана оның сүйікті десерті алма бәліші екенін айтты. Ол да менің ұнататын тәттім болып табылады.</i>

2 ойын. Сөзді қолдан

Сөзді қолдан ойыны тілді үйреніп жүрген оқушыларға ұсынған сөздерді сөйлемдерге айналдырып қолданудың ұтымды әдісі. Мұғалім ойынды бастамас бұрын оқушыларға қиын немесе күрделі сөздерді қайталатып алғаны дұрыс. Сонымен қатар мұғалім кейбір сөздерді қолданып, сөйлемдерді қалай құру керектігін алдын ала мысал ретінде көрсете алады.

Нұсқаулық

1. Оқушылар (ойынға қатысушылар) 3 немесе 4 топқа бөлініп отырады.
2. Ойын кімнен басталатындығы және қандай кезекпен жүретіндігі (сағат тіліне немесе сағат тіліне қарсы бағытта) анықталынады.
3. Ойынға қатысушылардың әрқайсысы кубикті бір біріне кезекпен лақтырады.
4. Өз кезектерінде ойынға қатысушылар тасталған кубиктің саны көрсетілген жолға барады.
5. Оқушылар жолда жазылған сөзді қолданып сөйлемдер құрастырады.
6. Құрылған сөйлемдер қайталанбауы керек.
7. Ойын бір немесе барлық қатысушы «Мәреге» жеткенше жалғаса береді.

«Сөзді қолдан» ойыны қатысушысының мүмкін болатын жауаптарының мысалы


кеше	Кеше мен түскі асымды ұмытып кетіппін. <i>(Қарапайым жауап)</i>
ойын	Ол ойынды қалай ойнау керектігін білмейді, сондықтан мен оған ойын ережесін түсіндірдім және қалай ойнау керектігін көрсеттім. <i>(Күрделі жауап)</i>

Ойын Жолдары:

БАСТАУ: КЕТТІК!

1. Өткен апта соңында
2. Жақсы күн
3. Жұлдыздар
4. Музей
5. Кеше
6. Үй жануарлары
7. Ағаштар
8. Сурет салу
9. Велосипед
10. Білезік
11. Өткен түні
12. Көне
13. Ойын
14. Істеу/жасау
15. Құм
16. КӨНЕ СӨЗІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛ

17. Аш
 18. БАСТАУҒА ҚАЙТЫП КЕЛ
 19. Әрлеу
 20. Өткен жылы
 21. БАСТАУҒА ҚАЙТЫП КЕЛ
 22. Жоқ
 23. Өткен айда
- СОҢЫ



«Сөзді қолдан» ойынының түрлері

Түрлері	Сипаттамасы	Мүмкін болатын жауаптарының мысалы
Мен жайлы шындық	Оқушылар берілген сөздерді қолдана отырып өздері жайлы дұрыс сөйлемдер құрайды.	<i>Өткен жылы мен Фуджи тауына көтерілдім.</i>
Шындыққа үйлеспейтін	Оқушылар берілген сөздерді қолдана отырып қызықты немесе шындыққа үйлеспейтін сөйлемдер құрайды.	<i>Біз орманда велосипед теуіп келе жатқанда акуланы көрдік.</i>

3 ойын. Мен не білемін?

Мен не білемін? ойыны оқушыларға қазақ тілінде нақты ақпаратты жеткізуге мүмкіндік береді. Мұғалім ойынды «Менің ол жайлы білетінім» туралы сөз тіркесін қолдану арқылы ойынды бастап бергені дұрыс. Бұл сөйлем оқушыларға қазақ тілінде нақты ақпаратты жеткізуге көмектеседі.

Нұсқаулық

8) Оқушылар (ойынға қатысушыларды) 3 немесе 4 топқа бөлініп отырады.

9) Ойын кімнен басталатындығы және қандай кезекпен жүретіндігі (сағат тіліне немесе сағат тіліне қарсы бағытта) анықталынады.

10) Ойынға қатысушылардың әрқайсысы кубикті кезекпен **тастайды**.

11) Өз кезектерінде ойынға қатысушылар тасталған кубиктің саны көрсетілген жолға барады.

12) Қатысушы жолда көрсетілген тақырып бойынша бір немесе бірнеше ақпарат айту керек.

13) Айтылған ақпарат қайталанбауы керек.

14) Ойын бір немесе барлық қатысушы «Соңы» деген жолға жеткенше жалғаса береді.

Мен не білемін? ойыны қатысушысының мүмкін болатын жауаптарының мысалы


Бразилия	Менің Бразилия жайлы білетінім олар португал тілінде сөйлейді. (Қарапайым жауап)
Гүлдер	Менің гүлдер жайлы бір білетінім олар әдемі және кейбіреуі жақсы иіс шығарады. Менің ең сүйікті гүлім раушан. (Күрделі жауап)

Ойын Жолдары:

БАСТАУ: ОЙЫНМЕН БЕТПЕ БЕТ КЕЛ!

1. Бразилия
2. Гүлдер
3. Баскетбол
4. Кофе
5. Ежелгі Рим
6. Токио
7. КОФЕ СӨЗІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛ (3 жол)
8. Жолбарыс
9. Электр
10. Қолтырауын
11. Аустралия
12. Джаз музыкасы
13. БАСКЕТБОЛ СӨЗІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛ (10 жол)
14. Кеспе
15. Тілді үйрену
16. Тынық мұхиты

17. Ай (жер серігі)
 18. Бриллиант
 19. АУСТРАЛИЯ СӨЗІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛ (10 жол)
 20. Махаббат
 СОҢЫ



Мен не білемін? ойынының түрлері

Түрлері	Сипаттамасы	Мүмкін болатын жауаптарының мысалы
Ассоциация	Оқушылар жолда көрсетілген тақырып бойынша ойына алғаш келген үш сөзді айтады. Жоғары деңгей үшін, оқушыларға неге ол үш сөз жайлы ойлағанын түсіндіруді сұрауға болады.	<i>Ежелгі Рим. Сенат, мүсіндер және Гладиатор фильмі ойыма келеді.</i> <i>Ай - (жер серігі). Ракета, жарық, сәуле әдемі көрініс ойыма келеді, себебі біз ол жерге ракета арқылы жете аламыз және айдың түндегі көрінісі әдемі.</i>
Мен білетін үш нәрсе	Оқушылар жолда көрсетілген тақырып бойынша үш нәрсе айтады.	<i>Австралия жайлы мен білетін үш нәрсе – ол континент, ол жақта кенгуру және Үлкен тосқауыл рифі бар.</i>
Болжамды түрде...	Оқушылар өздері ақиқат деп ойлайтын, бірақ оған толық сенімді емес ақпарат жайлы сөйлемдер құрайды. Олар өздерінің сөйлемдерінде болжамды түрде... деген сөз тіркесін қолданғаны дұрыс.	<i>Бразилияда болжамды түрде әдемі жагажайлар бар.</i> <i>Кофе болжамды түрде адамдарды ұйқыдан оятады.</i>

Мен білмейтін бір нәрсе	Оқушылар жолда көрсетілген тақырып бойынша өздері <i>білмейтін</i> нәрсе жайлы айтады.	<i>Бразилия жайлы мен білмейтін бір нәрсе – оның астанасының қай жерде орналасқаны.</i>
--------------------------------	--	---

Ойындар арқылы оқыту мен зерттеу жұмыстарын жүргізуде білім алушы алға қойылған проблеманы шешуге қажетті білік-дағдыларын қалыптастырады. Ал қойылған мәселелік тапсырмалар негізінде жекелеген тақырыптарға қызығушылығын оятып, елтанымдық және мәдениеттанымдық тақырыптарды белсенді игерудің психологиялық негізін жасай алады; оқушының білімді тек сыныпта ғана алып қоймай, өз бетімен ізденуіне де септігін тигізеді; бұрыннан жинақталған өмірлік тәжірибесін білім алушы жаңа практикалық ситуацияға лайықтап қолдану дағдыларын жетілдіреді, ал екінші жағынан, бұрынғы білімін санасында бекіте түседі.

Жаттығу әдісі. Оқушылардың қазақ тілі жүйесі мен мәтін мазмұндарын талдап-тануы барысында сол білімді меңгеру әдістері де үйретіледі. Мұғалім тарапынан оқушыға білім беру, дағдыландыру, білімді қалыптастырудың бір әдісі – жаттықтыру болса, оқу процесінің екінші субъектісі – оқушы тарапынан қарағанда, бұл әдіс – жаттығу деп аталады.

Бұл әдіс арқылы оқушылардың машықтық іскерліктері мен дағдылары қалыптасады. Оқушылардың дербестік деңгейіне қарай жаттығулар белгілі ережені еске түсіріп, оны бекіту жаттығулары мен білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған жаттығулар болып бөлінеді. Білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған жаттығулар: ауызша жаттығулар, жазбаша жаттығулар, графикалық жаттығулар. Ауызша жаттығулар оқушының логикалық ойын, зейінін дамытуға көмектеседі. Жазбаша жаттығулар оқушының жазбаша тіл мәдениетін дамытуға жәрдемдеседі. Оған аударма, шығарма жазу, суретпен жұмыс істеу жатады. Ал графикалық жаттығуларға білім алушылардың жасаған сызбалары мен кестелері, салған суреттерін атауға болады.

«Тандем» әдісі. Бұл екі тұлғаның өзара ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеп, өз бетінше іздену арқылы үйренетін тіл мәдениетін тану мақсатындағы. «Тандем» әдісінің мақсаты – тілдік тұлғаның туған тілін, мәдениетін және оның жеке қасиеттерімен танысу, табиғи жағдаяттық қарым-қатынас құра білуі.

Тандем әдісінің негізгі тәсілі – даралық және ұжымдық қарым-қатынасқа түсуге, материалдарды қолдана білуін жетілдіретін әдіс. Ұстанымы – жеке (өзіндік) көзқарасын дәлелдеу және екі жақты келісім. Екі жақты қарым-қатынас мына формада жүзеге асады:

- қарым-қатынас жазбаша орындалады;
- мәдениет-таным мәтіндері хаттар мен хабарламалар көмегімен әңгімелесушінің жазбаша мәтін мазмұнын түсіну білігін жетілдіруге жәрдемдеседі;

- қазақ тілінің тілдік жүйесін сауатты игеруге және жұптасының жазбаша жұмысындағы қателерді және өзінің жіберген қатесін талдау арқылы іздену білігін қалыптастыруға көмектеседі;

- өзінің ана тілі мен үйренетін тілдің тұрмыс-тіршілігіндегі ресми кездесулер мен мерекелеріне байланысты жазбаша мәтіндер (электронды хаттар) арқылы ой алмасу білігі мен дағдысын қалыптастырады.

Интерактивті әдіс. Бұл әдіс тілдік тұлға мен мұғалімнің тұлға мен тұлғаның өзара әрекеті арқылы қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін белсендіруге негізделген. Интерактивті әдістің мақсаты – қарым-қатынасқа түсуші тұлғалардың интеллектуалдық қызығушылығын арттыратын сыни ойлауын дамыту.

Бүгінгі таңда жаңа технологияның әдіс-тәсілдер топтамасына дендеп енген интерактивті оқыту және әдіс-тәсілдер әдіскер ғалымдардың назарын өзіне барынша аударып отырғаны белгілі. Интерактивтік әдіс тілдік таным, қатысымдық танымды тудырады. Ол адамдардың қатынасының негізі болып саналады. Екеуара және топ болып бір мақсатқа жету үшін, шешім қабылдау үшін, бір-бірімен түсініседі және келісімге келеді. Сондықтан тілді үйренудегі ерекше жол – интерактивті қатынас құру. Интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу сипаты өзгереді: мұғалім белсенділігі оқушының белсенділігіне жол береді, яғни «мұғалім білімдік ақпараттарды бойынан өткізетін сүзгілік қызметінен бас тартады».

Интерактивті оқыту процесінде оқушылардың бойында төмендегідей әдет-дағдылар қалыптасады:

- оқушы өзін-өзі батыл ұстайды, еркін сезінеді;
- оқушы өзіне берілген тақырып бойынша сөйлеу барысында ойлануға, ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге, тіпті өзінің бүкіл түйсігін, ойын белгілі бір мәселеге жұмылдыруға үйренеді;
- оқушылар жұп болып, топ болып, ұжым болып әрекет етуге үйренеді;
- пәнге деген қызығушылығы артады.

Рөлдік ойындар – оқу үдерісінің ең тиімді интерактивті әдістерінің бірі. Оқытудың бұл әдісі оқушылардың бойында жинақталған теориялық білімдерін, практикалық тәжірибелерін, өмірде ұстанатын құндылықтарын еркін түрде меңгеру және қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Рөлдік ойындарда оқушы теориялық білімдерін өмірде кездесетін жағдаяттарда қолданып, проблемалардың мазмұны мен мән-жайын дұрыс түсінетіндігін және оларды шешу жолдарын білетіндігін көрсетеді. Бұған қоса қандай да болмасын проблеманы шешу шығармашылық дағдыларды талап ететіндіктен, оқушы рөлдік ойында өзінің шығарымпаздық деңгейін де дамытады. Рөлдік ойындарда оқушылар басқа адамдардың образына еніп, проблемалық мәселелерді сол адамдардың тұрғысынан қарастырып, шешімді «өз қолдарымен» жасауды көздейді.

Оқушылардың таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс – **кейс-стади** әдісі. Мұнда білім алушылар нақты жағдаяттар мен мәселелерді талқылауға қатысады. Кейс-стадидің басты мақсаты – оқушыларды кез келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдап,

негізгі проблемаларды айқындап, оларды шешудің әртүрлі балама жолдарын таңдап, ең тиімдісін ұсынуға үйрету, өздерінің іс-әрекеттерін жоспарлауға баулу. Бұл әдіс бойынша мұғалім сабаққа дейін кейс таңдап, оның негізгі және қосымша материалдарын анықтайды, жұмыс жоспарын құрастырады. Содан кейін оқушыларға кейс таратылып беріледі. Оқушылар кейстің мазмұнымен, ұсынылған әдебиет мазмұнымен жеке-жеке танысып, кейс бойынша өзіндік пікірін айтуға машықтанады. Сабақта оқушылар шағын топтарға бөлініп, кейсті талқылайды, онда қойылған мәселелердің шешімдерін бірлесе іздестіреді. Әр топтан спикерлер шығып, өзінің және өз тобының пікірлері мен көзқарастырын дәлелдейді. Екінші топтағылар әр пікірді талқылауға қатысып, сұрақтар қойып, проблеманы шешудің басқа да жолдарын ұсынып отырады. Бұл әдісті қолдану барысында бір ғана дұрыс шешімнің болуы міндетті емес. Оқытудың бұл әдісінің негізінде оқушы өздігінен шешім қабылдап, сол шешімін дәлелдеп беруі тиіс.

Интерактивті әдістің кең тараған түрі – пікірталас (дебат) әдісі. Бұл әдіс мұғалім мен оқушының арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастырады. Оқушының белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Пікірталасқа дайындықты бірнеше күн бұрын бастаған жөн. Оқушылар мұғалім ұсынған тақырып бойынша төмендегідей әрекеттерді жүзеге асырады:

1. Жеке көзқарастарының сәйкестігіне қарай топқа бөлінеді.

Ол үшін оқушылар пікірталас тақырыбы белгіленгеннен кейін, өз көзқарастары бойынша қарама-қарсы өзіндік ұстаным ұстанатын екі топқа бөлінеді.

2. Топ мүшелері өзара ақылдасып, өз командаларының капитанын сайлайды, жұмыс жоспарын айқындайды.

3. Әрбір топ өз көзқарастары бойынша негізгі пікірлерді айқындайтын қысқаша тезистер дайындайды, оны қарсы топқа таныстырады.

4. Оқушылар пікірталасқа жекелей дайындалады: ақпарат көздерімен жұмыс істейді, мұғалім ұсынған сұрақтарға жауап іздейді, дәлелдер жинақтайды.

5. Оқушылар топ мүшелерімен ақылдаса отырып, өз ұстанымдарын айқындайды.

6. Топ мүшелері ұстанған пікірлері бойынша жинақтаған білімдерін қайта пысықтайды.

Интерактивті әдістің тағы бір түрі – Қазақстандағы оқу орындарының көпшілігінің тәжірибелеріне етене ене бастаған RWCT бағдарламасы бойынша жоба. Ол ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлау жобасы. Сыни ойлау – жазба ақпаратты алып, оның мазмұнымен танысып және тиісті шешім қабылдау, талдай білуін, ойлау қабілетін дамытады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі деуге болады. Бағдарлама оқытудың алпыс түрлі стратегияларынан, яғни әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Сабақтың дәстүрлі сабақтан ерекшелігі де осында.

Бағдарламаның құрылымы, негізінен, 3 кезеңнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту кезеңі;
2. Мағынаны ажырату кезеңі;
3. Ой-толғаныс кезеңі.

Сабақтың қызығушылықты ояту кезеңінде оқушылар сабақ мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып байланыстырады. Бұл кезеңдегі басты мақсат – оқушылардың жаңа білім қабылдауға және игеруге деген белсенділігін арттыру. Сабақтың бұл кезеңінде оқушылар «Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай?» деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

Мағынаны ажырату кезеңінде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тапсырмалар орындайды, өздігімен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруге тырысады. Жеке және топпен жұмыстар жүргізеді. Тақырыпты жүйелі түрде талқылайды. «Қалайша жаңа білімді үйренемін/игеремін?», «Қандай тәсілдерді қолданған тиімді?», «Бұл мәлімет туралы менің ойым/түсінігім қандай?» деген сұрақтарға жауап, беруге талпынады.

Ой-толғаныс кезеңінде оқушы не үйренгенін, қандай жаңа ақпараттар алғанын ой елегінен өткізеді. Жаңа мағлұмат бойынша ойланып, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылау ұйымдастырады. Әр оқушыда өзіне деген сенімділік болады. Сабақта білгендері мен үйренгенін тұжырымдайды, өзінің алған жаңа біліміне баға береді, оны белгілі бір проблеманы шешуде қолданады. «Не білдім/ үйрендім?», «Бұл білім маған не үшін керек?», «Бұл білімнің қолданысы қандай?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?» деген сұрақтарға жауап беруі керек. Бұл кезеңде әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Сабақта қолданылатын бірнеше тәсілдерге тоқтап кетейік:

Кластерлер – («жүзімнің шоқтары» деген мағынада қолданылған) идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер.

Белгі қойып оқу немесе INSERT тәсілі

Оқушылар мәтінді оқығанда жеке-жеке белгі қойып, кестені толтырып отырады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі

Бұл кестені оқушылар белгілі бір мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда (мәселен, мәтін мазмұны) толтыра алады (алдымен жеке, содан кейін жұппен, шағын топ ішінде немесе бүкіл аудиториямен). Кестенің сол жағына олар өз түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді.

Қос жазба күнделігі – мәтін мазмұнына оқушылардың зейінін аударып, өз қатысын, қабылдауы мен түсінігін келтіре алатын кесте.

Жигсо – көлемді мәліметтер мен мағлұматтарды оқушылардың өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға бағытталған тиімді тәсіл.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыстар арқылы оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау,

қорытындыға келу, белгілі бір проблемалық мәселелерді жеке де, топпен де шеше білу, пікірталаста өз ойын еркін жеткізе білу қабілеті қалыптасады.

Интерактивті әдістің келесі түрі – **жобалау әдісі**. Жобалау әдісінің қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз бетінше жұмыс істеу арқылы білімін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру. Жобалау әдісі арқылы тілді меңгертуде ең маңызды мәселе – проблеманы дұрыс қоя білу және оны шешуге оқушыларды ұйымдастыра алу. Жоба жұмысын ұйымдастыру үшін оны дұрыс жоспарлай білу қажет. Жобалық жұмыста төмендегідей кезеңдер қарастырылады:

1. Дайындық кезеңі. Мұнда жоба тақырыбы анықталады.

2. Жоспарлау. Бұл кезеңде оқушылар топқа бөлініп, әрқайсысы өз жұмысын анықтайды.

3. Зерттеу жұмысы. Бұл кезеңде оқушылар жинаған ақпараттары бойынша талдау жұмыстарын жүргізеді.

4. Нәтижені талқылау. Мұнда мәселелік сұрақтар анықталып, оны шешу жолдары қарастырылады.

5. Жұмыстың тұсаукесері. Оқушылар алынған нәтиже бойынша есеп береді. Бірінің ойын бірі жалғастырып отырады.

6. Бағалау. Оқушылар өздеріне баға береді.

Білім сапасын арттыруға ықпал ететін белсенді әдістерді оқыту үдерісінде ұтымды пайдалану – әрбір мұғалімнің тікелей міндеті. Себебі оқушының сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін арттыратын, олардың креативті ойлау мүмкіндігін ашатын, субъекті тұлғасында жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын әдістердің маңызы зор. Біз сабақтың мақсатына қарай қолдануға болатын бірнеше әдістерді ұсынамыз:

Іс-әрекет әдісі

1. Үлгі беріледі. Берілген жаңа сөздердің мағынасын түсіну үшін мұғалім оқушылармен бірлікте іс-әрекет жасайды. Мысалы, *«Сыныптағы заттарды көрсет», «Қалай аталады?», «Айт, түсіндір!», «Орындыққа отыр, жаңа сөзді қайтала!»*.

Қатысым әдісі

1. Оқушылар өздерін қызықтыратын сөздермен интерактив диалог құрады. Мұғалім бақылаушы рөлінде. Ол естіген сөздерін тақтаға жазады.

2. Мұғалім өзі естіген сөздерді жинақтап, оған қатысты тақырыпты ұсынады. Тақтаға жазылған сөздерді немесе фразаны талдайды.

3. Оқушылар жаңа сөздер жазылған тапсырмаларды бір-біріне қайталап, жұп болып, бірлікте жұмыс істейді.

4. Жаңа сөздер сөйлем ішінде беріледі. Мұғалім жаңа грамматикалық тақырыпты түсіндіреді.

5. Қате өз уақытында түзетіледі.

Сөйлеу жағдаяттық әдіс

1. Ауызша сөйлеу дағдысын дамыту әдісі. Негізгі нысаны – тыңдалым және айтылым. Оқушылар дискіден диалогты тыңдайды, мұғалім көрсеткен суреттер немесе бейнежазба (видео) арқылы жағдаяттық тапсырманы орындайды.

2. Оқушылар диалог репликаларын мұғаліммен бірге қайталайды.

3. Оқушылар өздері естіген репликаны пайдаланып (жағдаятты тапсырманы тірек ретінде) рөлдерде ойнайды.

Тура әдіс

1. Тыңдалған мәтінді түсіну арқылы дағдыны қалыптастыру әдісі.

2. Оқушылар таспадан мәтінді тыңдайды, бұл мәтін сыныптағы оқушының портретіне арналған.

3. Мұғалім ым-ишарамен суреттейді, оқушылар түсіну әрекетіне түседі.

4. Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар жауап береді.

5. Мәселелік тапсырмаларды орындайды.

Гипнопедия әдісі

1. Эмоционалды-экспрессивті көңіл-күйге ену, сезіну, елестету әдісі. Мәтін музыка әуенінде оқылады, (жәй немесе жылдам) оқушылар өздеріне таныс сөздер мен сөз тіркестерін жазып алады. Оқушылар әуеннің әсерімен тыңдалған шағын диалог репликасын есінде сақтауға әрекет жасайды. Осы сөздерді дұрыс дыбыстауға әрекет жасайжыү жаңа сөздер мен сөйлемдер ерекше көңіл-күймен, лирикалық оқылым түрінде орындалады. Сөйлеу әрекетінің оқылым түрі сөйлемдер түрінде ерекше екпінмен басталып және аяқталады.

3. Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Әдістеме ғылымы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Ал оқыту әдістемесі – тілді оқытудың мазмұнын, мақсатын, міндетін, әдіс-тәсілін, сондай-ақ үйрету амалдарын анықтайды.

Әрбір әдістің өзіндік психологиялық, тәрбиелік, лингвистикалық тұжырымдары бар. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдісі – ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсу әрекетін тудыратын оқыту стратегиясы, әрі мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің амалы. Тілді үйрету мазмұны оқу материалдарын іріктеу, шектеулі минимум арқылы сөйлеуге мүмкіндік алу, түрлі жаттығуларды орындаумен түсіндірілсе, ал үдерісінің мазмұны қатысымдық дағды мен білікті қалыптастырудағы құзыреттілікті және оқушы мен мұғалімнің өзара іс-қимылы әрекетінде анықталады.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқыту бойынша түсіндіріледі: оқушының деңгейлік қатысымдық құзыретін қалыптастыру, яғни өзге тілде қатысым шартына қарай алынған білім, білік, дағды экстралингвистикалық (жалпы тілдік әрекет жүйесіне) тапсырмаларды белгілі бір кезеңдерде шешу арқылы қарым-қатынасқа түсе білу.

Қарапайым деңгейден еркін сөйлеу деңгейіне дейінгі аралықта меңгерілетін білім сапасының көрсеткішін оқыту деңгейлері тұрғысында түсіндіріледі.

Қазақ тілін деңгейлік игерудің алғышарты – әр деңгей бойынша коммуникативтік, әлеуметтік-лингвистикалық, елтанымдық, әлеуметтік-мәдени құзыреттерді қалыптастыру. Сонымен бірге әр деңгей үшін оқу материалдарын іріктеу:

1) лексикалық, грамматикалық шектеулі минимумдар беру мақсатына негіздеу;

2) сөйлеу әрекеті түрлері: тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым талаптарын анықтау;

3) әр деңгей бойынша сапалық және сандық өлшемдер (буын, сөз және сөйлем саны) арқылы қатысымдық талап, міндет, дағды, білік, оқыту стратегиясы мен тактикасы тақырып пен жағдаяттық мәтін, сөйлеу әдебі, тілдік материалдарды айқындау.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту білім алушылардың коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу талаптары жүйесінде, тілді деңгейлік меңгерудің ішкі құрылымдарының білім мазмұнына (іріктелген оқу материалдары) және оның әдістемелік талаптарына сай келуі қажет. Ол үшін бұл әдістемелік ұсынымда мынадай әдістемелік бірқатар тілді меңгерту мақсатына жетудің тиімді жолдары анықталды:

- деңгейлік оқыту ұғымына түсінік ұстанымдары анықталып, мұғалімге нұсқау берілді;

- әдістемелік әдіс-тәсілдерге сипаттама беріліп, оны пайдалана білу жолдары көрсетілді;

- коммуникативтік сөйлеу құзіреттеріне қысқаша сипаттама берілді және оны ескеру міндеттері қарастырылды;
- коммуникативтік материалдарға іріктеу межелері анықталды;
- қазақ тілін оқыту үдерісінде сөйлеу әрекеті түрлерін дұрыс қолдана білу тетіктері көрсетілді. Олар:
 - тілді меңгертудің тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым әрекеттеріне арналған әдістер;
 - барлық белсенді әдістерді өзара байланыстыра қолдана білу;
 - білім алушының оқу материалдарын түсіну деңгейін тексеру әдістерін қолдана білу;
 - сабақ кезеңдерін анықтау тәсілдеріне назар аудару; белсенді ойлау мүмкіндігін туғызатын тапсырмалар арқылы дағдысы мен білігін қалыптастыру әдістерін ұтымды қолдануға әрекет жасай білуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған тілді деңгейлік оқыту ұсынымдарын орындау үшін мұғалім алдында отырған білім алушымен ынтымақтастыққа қол жеткізе алу және оны орнықтырудың кейбір жолдарымен таныс болуы маңызды.

Білім алушының қазақ тілінде алатын білімін, дағдысын, білігін қалыптастыру мәселесі тікелей мұғалімге тиесілі. Мұғалім сабақты интерактивті қарым-қатынасқа түсе алатындай жағдайда ұйымдастыруы керек. Ол үшін білім алушының қазақша ойлауын дамыту және ауызша сөйлеуге үйрететін коммуникативтік жаттығуларды, сөйлеу жағдаятты тапсырмаларды сабақта қолдануы арқылы ізденуін, ойлауын және әрекетке түсуін белсендендіреді. Міне, осындай тапсырмалар негізінде оқу үдерісінің құрылымы жаңғыртылады (модернизацияланады), өзгереді, сабақтың тиімділігі артады. Сабақтағы ұтымды қолданылған әдіс-тәсілдер білім алушының еркін ойлауын, деңгейлер үшін лексикаларын және грамматикалық минимумдарды есінде тез сақтауына көмектеседі.

Қазақ тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуге үйретудің тілдік және ауызша сөйлеу аспектілері.

Фонетикаға үйрету тәсілдері. Фонетикаға үйретудің басты мақсаты – фонетикалық дағдыны қалыптасыру, яғни дыбыстарды есту арқылы дұрыс айту, екпін мен интонацияның ерекшелігін білу.

Қазақ тілі сабағында фонетиканы оқытудың негізгі мазмұны мынадай ұсыныстарды басшылыққа алуды қажет етеді:

Фонетикалық минимум сөйлеу әрекеті түрлерін (айтылым және тыңдалым, оқылым және жазылым) есепке ала отырып, ауызша қарым-қатынасқа түсу міндеттері шешілуі тиіс.

Тыңдалым және айтылым әрекеттері үшін берілетін фонетикалық минимумдар:

- дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі және оны үйрету амалдары;
- жіңішке және жуан дауыстылар;
- үндесім (үйретілетін мәтіндер негізінде фонологиялық есту қабілеті);
- екпіннің тұрақтылығы (ең соңғы буынға ғана қойылатындығы);

- естілген сөйлемді түсіну.

Оқылым мен жазылым әрекеттері үшін берілетін фонетикалық минимумдер:

- түрлі мәтіндерді дұрыс оқу үшін фонетика техникасын игеру (1 минутта 60 сөз);
- графика;
- оқу темпі (жүгіртіп және дауыстап мәнерлі оқу);
- екпін түсіру (түбір және қосымшалар);
- сауатты жазу (жуан сөздер мен жіңішке сөздер);
- орфография заңдылығын меңгеру;
- фонетикалық транскрипцияны игеру (әріптер, дыбыстар сәйкестігі).

Фонетиканы оқыту

Фонетикалық дағдыны қалыптастыру бірнеше кезеңдерде орындалады:

- 1) дыбыстарды үйрету (дұрыс дыбыстау);
- 2) дыбыстарды қолдану мен бекіту, сөйлеуге әзірлену әдістері.

Дыбыстарды үйрету әдісі

1. Дискіден тыңдалған актив сөздерді, оның құрамындағы дыбыстарды, буындарды және клишелер мен фразаларды дыбыстап үйретуге арналған тапсырмалар беріледі.

2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (до-ре-ми-фа-соль-ля-си) әуенімен қайталату.

3. Тыңдалған дыбыстарды қайталап және дыбыстап үйрену.

4. Әр сөзді бірнеше рет қайталап, буынмен айтып, оған екпін қойып айтқызу.

5. Сөздер мен сөз тіркестерін паузамен қайталату.

6. Мұғалімнің көмегі арқылы өлең не қарасөз құрамындағы дыбыстардың айтылуына көңіл бөлдіру.

Дыбыстарды дұрыс қолдану және бекіту

Адамның ауыз қуысы мүшелері салынған көрнекіліктер (заттар немесе бейнежазба) көмегімен дұрыс дыбыстауға үйрету. Сондай-ақ өлең, түрлі ойындардың да көмегі мол.

Модель:

1. Сөздерді тыңдаңдар және қайталаңдар. Әр сөзді тыңдау кезеңінде, қолдарын шапалақтап, әндетіп айтқызу.

2. Екі (қарапайым деңгейде) не бірнеше буын (доғары деңгейде) тыңдап, берілген мәтін ішіндегі сөздегі буынның астын сызып қою.

3. Мәтінді тыңдап, жаңадан берілген дыбыстарды хормен қайталау.

4. Мәтінде түсіріп берілген әріптерді орнына қойып, дұрыс дыбыстау.

5. Тыңдалған сөздерді бірнеше рет қайталап, есту диктантын жазу.

6. Сөйлемдерді дыбыстап оқып, екпін қойып жазу.

7. Үлгімен берілген дыбыстарды, сөздерді дұрыс орнына қойып, дыбыстау.

8. Мәтіндегі актив сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды жауан (жіңішке) топтап жазу.

Ұқсастыру әдісі

Сөздер, сөйлемше құрамындағы дыбыстарды мұғалімнің соңынан ұқсастыру әдісі арқылы қайталау фонетикалық дағдыны қалыптастырады. Мұғалім үнемі бақылап отырады.

Баламалы талдау әдісі

Сабақта мұндай әдісті қолдану арқылы фонетикалық материалды мұғалімнің түсіндіруімен еліктеу тұрғысында, қатесіз дыбыстауға үйретуге мүмкіндік туғызады. Оқушы үнемі баламалы – талдау әдісімен, яғни мұғалімнің дыбыстау амалына өзіндік баламалы иммитация жасап және талдауға үйренеді.

Бұл әдісті дыбыстардың артикуляциялық сызбасын ұсыну үлгісіндегі әрекет жасау мақсатында қолданады. Осылай түсіндірілген дыбысты оқушы ұқсастыра айту деңгейінде қайталайды. Әрбір дыбыс жекелей және сөз құрамында үйретілуі тиіс. Қарапайым деңгейде фонетика кіріспе-фонетикалық бағытта, яғни тұрмыстық, тұрмыстық-әлеуметтік, оқу салалары аясында шектеулі лексикалық және грамматикалық материалдар негізінде жүргізіледі. Ол мына үлгіде беріледі: дыбыс-буын-түбір-қосымша-диалог (не мәтін).

1. дауысты –дауыссыз дыбыстар, жуан-жіңішке, үнді-ұяң дауыссыздар;

2. екі буынды сөз (қарапайым деңгейде) үш не төрт буынды сөз (базалық деңгейде);

Фонетика сабағында көрнекіліктерді пайдалану тәсілі

Фонетиканы өту кезеңінде мұғалім үнемі түрлі көрнекіліктерді пайдаланады. Мысалы, біреудің сөзі (дискіге жазылған), кинофильм, бейнефильм, аудиожазба және т.б. Ал базалық деңгейде толық фонетикалық жүйенің құрылымымен танысады.

Лексиканы оқыту

Лексика – тіліміздегі сөздер жиынтығы деген сөз. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде лексиканы игеру, оны түрлі қатысымдық салаларда (тұрмыстық, әлеуметтік-тұрсымыстық, оқу-кәсіби, әлеуметтік-мәдени) берілетін мәтіндер арқылы қарым-қатынас құру мақсатында білуі көзделеді.

Оқушылардың деңгейлер үшін іріктелген лексиканы игеруі сөйлеу әрекеті түрлерінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жүзеге асады. Осы арқылы лексикалық дағдысы қалыптасады. Ал лексикалық дағды – сөйлеу әрекеті, осы дағдыны орнықтыру үшін әуелі лексикалық білім және білік қабылданады да ауызша сөйлеуге дағдыланады.

Оқушы қарым-қатынасқа түсу кезеңінде өзі игерген лексикалық дағдысы арқылы мынадай басты міндеттерді шешеді:

1) сөздік қорды қалыптастыру арқылы түрлі салаларда қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз ете алады;

2) сөздік қорын қалыптасыру арқылы арнайы оқу үшін әзірленген мәтінді, көркем шығармалардан берілген үзінділерді, газет-журнал материалдарын оқып-түсінуін қамтамасыз ете алады;

3) сөздік қорды қалыптастыру арқылы лексикалық құзыретін орнықтырып, оны ауызша сөйлеуде қолдана алады. Лексикалық құзырет мазмұны, ол: жекелеген актив сөздер, тұрақты және еркін тіркестер, қанатты сөздер, грамматикалық категориялар (барлық сөз таптары). Лексикалық дағды негізінен тақырыптар аясында берілетін мәтіндер арқылы қалыптастады.

Мәтін – оқу бірлігі

Мәтін – сөйлеу әрекетінің (жүзеге асыру және нәтижеге жету) өнімі немесе мәтін – сөйлеудегі орындалатын қара сөз.

Мәтінді (өзгетілдегі) қабылдап және оның мазмұнын түсіну үшін біріншіден, актив сөздер арқылы ойды беретін сөйлемдерді табады; екіншіден, сөз тіркестерін ұғу қажеттігі алға шығады; үшіншіден, жеке сөйлемдерді қабылау әрекеті жүзеге асады; төртіншіден, мәтіннің жалпы мағынасын түсінуге әрекет жасайды; бесіншіден, ақпаратты алу және бағалаумен айқындалады.

Мәтінге қойылатын талаптар

Оқу үдерісіндегі ұсынылатын мәтіндер оқушының қатысымдық-танымдық қызығушылығын тудыратындай және деңгейлер шарттарына қарай бейімделеліп құрастырылады. Мұндай мәтіндер мазмұны қызықты ақпаратқа толы және өзге мәдениетті тануға көмектеседі.

Мәтіндер құрылымы:

1. Қарапайым деңгейде шағын өлеңдер қысқа әңгімелер, хат үлгілері, балалар журналынан үзінділер, теледидар бағдарламасы, ел картасы және т.б.

2. Орта және базалық деңгейлерде жоғарыда көрсетілген мәтіндер кеңейтіледі (дүкен, базар маңдайшалары жазуы, тауардың бағасы көрсетілген этикеттер, жол жүру кестелері, қала көшелері және т.б.).

3. Жоғары деңгейде жарнамалар, газет-журнал мәтіндері, ұлттық арналар, ел тарихы, ресми даталар және т.б.

4. Ең жоғары деңгейде (еркін сөйлеу деңгейінде мәтіндер кеңейтіліп, елтанымдық, мәдениеттанымдық санаттағы жарияланымдар, түпнұсқалық мәтіндер таныстырылады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінге дейінгі кезең	1. Сөздерді таныстыру. 2. Танымдық сұрақтар беру. 3. Лексикалық дайындық. 4. Сұраққа жауап іздеу.
5. Мәтін кезеңі	1. Сөздердің мағынасын түсіндіру. 2. Лексиканы суретпен сәйкестендіру. 3. Мәтін обзацтарына ат қою. 4. Негізгі идеяны табу.
6. Мәтіннен кейінгі кезең	1. Сұрақтар беру. 2. Әңгімелеу. 3. Үшінші адам атынан баяндау. 4. Сұхбат құру. 5. Пікірталас ұйымдастыру.

Лексиканы үйрету

Лексиканы үйрету біріншіден, лексикалық бірліктерді білумен (сөздің мағынасын түсіндіру) бекіту (белсендіру) сөздерді түрлі жағдаятта қолдана білумен танылады. Бұл жағдай түрлі жаттығулар мен тапсырмалардың аясында шешіледі.

Жаңа сөздер немесе актив лексиканы таныстыру кезеңі

Бұл – сөздердің мағынасын түсіндіру деңгейінде орындалатын тапсырмалар. Мұғалім жаңа сөзді өзі оқиды немесе дискіден тыңдатады, ал оқушылар оны қайталайды. Сөздерді жеке-дара түрінде де, сөйлем ішінде де таныстыруға болады. Сондай-ақ жаңа лексика түрлі көрнекіліктер арқылы да, анимациялық фильмдер мен бейнежазбалар арқылы да түсіндіріледі.

Сөздерді ассоциативтік өрісімен де түсіндіруге болады. Мысалы, «Уақыт» тақырыбында жыл атаулары, аспан денелері, уақыт өлшемі мағынасындағы сөздерді ұсынуға толық мүмкіндік бары белгілі.

Сонымен бірге сабақта жаңа лексиканы түсіндіру үшін көрнекіліктер (зат, сурет, кесте, сызба) ұтымды пайдаланған жөн.

Лексиканың мағынасын түсіну үшін оның түсіндірмесін (қарапайым түрде) синонимдік хабарын бере отырып, түрлі суреттерді көрсетуге де мүмкіндік беру керек.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша мәтінмен жұмыс

Айтылым. Мұғалім мәтінді оқиды, оқушылар қайталайды. Түрлі коммуникативті ойындар ұсынылады.

1. Қатысымға түсу үшін пікірталас ұйымдастырылады.
2. Коммуникативті жаттығулар беріледі.

Тыңдалым. Таспадан, компакт-дискіден мәтіндер тыңдалады.

Мәтінмен жұмыс:

1. Суретпен жұмыс (тыңдалған мәтін мазмұнын сурет арқылы жеткізу);
2. Мәтінді тыңдау (мәдениет, елтанымдық мәтіндер бойынша);
3. Ән үйрену (тыңдалған ән бойынша).

Оқылым.

Не оқимыз?	Не үшін? (мақсаты)	Қалай?
мәтін -газет мақаласы -хат	ақпарат алу	танысымдық оқу жүгіртіп оқу ізденімдік оқу зерделімдік оқу

Тапсырма түрлері:

Мәтінге дейінгі жаттығулар

1. Мәтін тақырыбын оқыңдар. Қанша сөз білесіндер?
2. Бұл тақырып мазмұны үшін қандай сөздер қажет?

Мәтін кезеңі

1. Сұраққа жауап іздеңдер.
2. Жаңа ақпаратты табыңдар (негізгі және қосымша ой).

Мәтіннен кейінгі кезең

1. Телефонмен сөйлесіндер (оқыған мәтін туралы достарыңа айтып беріңдер).
2. Интервью алыңдар.
3. Мәтінді шағын бөліктерге бөліңдер.

4. Жарнама жазып, оны оқыңдар.

Мәтінмен жұмыс түрі

1. Мәтінді оқып, өзің үшін жаңалық деп тапқан сөйлемдерді нақтылаңдар.
2. Мәтіннен өзіңе ұнаған сөйлемдерге түсініктеме беріңдер.
3. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, оған аннотация жазыңдар.
4. Осы мәтін ақпаратымен келісетін-келіспейтіндеріңді түсіндіріңдер.
5. Тақырып ішінен өзіңе тезис құру үшін қажет деп санайтын бөлігін таңдаңдар.
6. Мәтін мазмұнын негізінде жедел факс жіберіңдер және хабарлама жасаңдар.
7. Қойылған мәселені талқылау үшін қажетті сөздерді таңдаңдар.
8. Мәтін тақырыбына жеке көзқарастарыңды білдіріңдер.
9. Сөйлемдерді қысқартыңдар немесе кеңейтіңдер.
10. Сұхбат құрыңдар.

Монологпен жұмыс түрі

Мұғалімнің тапсырмалары:

1. Монологті тыңдаңдар, оқыңдар.
2. Тақырыбын анықтаңдар.
3. Осы монологке қандай сөйлеу жағдаяты сәйкес келетінін айтыңдар.
4. Сұрақтарға монолог мәтіні бойынша жауап беріңдер.
5. Монолог мәтінін кеңейтіп, өзгертіңдер.
6. Өздерің қандай монолог мәтінін ұсынар едіңдер?

Монологпен жұмыс тәсілі

Бірінші «Ә» оқушы монологті айтып береді (1-1,5 минут).

Екінші оқушы («Ө») оған осы тақырып бойынша 3 сұрақ қояды.

«Ө» оқушы басқа тақырыпқа монолог құрады.

Ал «Ә» оқушы оған 3 сұрақ береді.

Диалогпен жұмыс тәсілі

Оқушылар диалог мәтінін тыңдайды.

Мұғалім осы тыңдауға берілген диалогқа қатысты «Ә» оқушыға 3 сұрақ жазып алуын тапсырады. Ал «Ө» осы сұрақтарға жауап іздейді.

Сөйлеуге арналған жаттығулар

1. Сөздерді бірнеше рет қайталап, тыңдаңдар.
2. Сөйлемді оқып, леп белгісін не сұрау белгісін қойыңдар.
3. Бірнеше сұрақты тыңдап, бір сөйлеммен жауап беріңдер.
4. Сөйлемді қайталап, оған мағынасы жақын келетін сөйлемдер жазыңдар.
5. Сөйлемдерден түсіріліп берілген сөзді тиісті орнына қойыңдар.
6. Күрделі сөйлемдерді жай сөйлеммен беріңдер.
7. Диалогті тыңдап, оны монолог түрінде әңгімелеп беріңдер.
8. Басым сөздерге сүйеніп, мәтін құрыңдар.
9. Мәтінді тыңдап, басым сөздермен толықтырыңдар.

Сұхбатпен жұмыс түрі

Мұғалімнің оқушыларға мынадай тапсырмалар беруіне болады:

1. Сызбалар мен суреттерді пайдаланып сұхбат құрыңдар.
- Диалогты рөлге бөліп айтыңдар.

2. Клоуз тест (А,Б,С) түрлерін пайдаланып диалог құрыңдар.
3. Диалогты кеңейтіңдер, дамытыңдар.
4. Тірек сөздерді пайдаланып, сурет бойынша диалог құрыңдар.

Жазылым.

Грамматика:

1. Сөйлемді біріктіру, толықтыру жаттығуын орындату.
2. Еркін шығарма жаздыру.
3. Өрнек бойынша мәтін жазу.
4. Коммуникативті мақсатта диалог жаздыру.
5. Хаттар жаздыру (қарапайым, ресми).
6. Суретпен байланыстырып әңгіме жаздырту.
7. Жарнама жазғызу.

Грамматиканы үйрету жолдары

Мектептерде оқытылатын қазақ тілі грамматикалық құрылысын түгелдей танып білу мақсаты басты нысана емес, оқушының ауызша және жазбаша сөйлеуіне қажетті және дағдысы мен білігін орнықтыру әр деңгейде тілді меңгеруіне ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ оқушы грамматикалық өрнектерді ауызша қарым-қатынасқа түсу кезеңінде қатысымдық құзыретті қалыптастыратын грамматикалық білімі, дағдысы және білігін қалыптастыру керек.

Оқушылар қарапайым деңгейде тілдік материалдарды тек қана шектеулі грамматикалық минимум түрінде меңгерсе, ал жоғары деңгейлерде грамматика құрылысымен кең ауқымда танысады. Қазақ тілі грамматикасын өзара қарым-қатынас құру мақсатында үйреніп, оның негізінде грамматикалық құзырет қалыптасады. Ол үшін грамматикалық білім түрлі өрнектер арқылы түсіндіріледі: қағида, сөйлем үлгілері, ауызша сөйлеуге қажетті өрнектер, функционалды түрде (ауызша сөйлеу мазмұнына сәйкес қажетті грамматикалық өрнектердің көмегі арқылы), яғни қатысымдық бағытта игерілуі тиіс.

Грамматикалық дағды - сабақта сөйлеу әрекеті түрлерінде жүзеге асырылатын грамматикалық категориялар. Грамматикалық дағды морфологиялық (сөздің грамматикалық түрлерін дұрыс қолдана білу), синтаксистік (сөйлемдегі сөз тіркестері мен сөздердің орналасу тәртібі), орфографиялық (сауатты жазу мүмкіндігін орнықтыру) сипатта қалыптасады.

Грамматикалық білік – оқушының грамматика жүйесінен алған білімі мен дағдысын түрлі сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдана білуімен түсіндіріледі.

Грамматиканы оқытуға арналған нұсқаулар

1. Грамматикалық материалдарды қарапайым деңгейде сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар негізінде оқушыға таныс лексика (тақырыпқа байланысты) көлемінде үйрету қарастырылады.

2. Жана грамматикалық өрнектерді үйрету кезеңінде бұрынғы өтілген тақырыптарға сүйену арқылы көрнекілерді (заттай, бейне және т.б.) кең пайдалаған жөн.

3. Өтілген жаңа тақырыпты (жаңа грамматиканы) бірнеше рет жаттықтырып, соңынан оны қалай меңгергенін бақылау үшін түрлі тесттік тапсырмаларды ұсыну қажет.

4. Мұғалім ауызша және жазбаша сөйлеуге арналған жаттығуларды мәтін мазмұнының әңгімелер, диалогқа қатысу, сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар мен сөйлеу әрекеті түрлерінде меңгерілген грамматиканы дұрыс пайдалана білуін үнемі қадағалау керек.

5. Грамматиканы меңгерту үшін өрнек арқылы (көрнекіліктермен) түсіндіру, бекіту және тесттік тапсырмалар жүйесімен бақылау жұмыстары үнемі қолданысқа ие болуы тиіс.

6. Мұғалім әр сабақта грамматикалық минимум өрнегінде актив (тыңдалым, айтылым) және пассив (оқылым, жазылым) белгілі бір тақырыпты жедел меңгерту тұрғысында ұйымдастырады. Актив грамматика тек қана ойды жеткізу ұстанымына қызмет етеді, ал пассив грамматика жазылған немесе оқығанын талдау қызметін орындайды. Актив және пассив грамматика – сөйлеу әрекеті түрлеріне бағдарланады және грамматика осы әрекет түрлеріне тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға, нақты нәтижеге жету амалы.

Грамматиканы оқыту үрдісіндегі тапсырма түрлері

1. Сөздерді сызба үлгісінде жазыңдар.

□ + П + П ↔ □ + П

түбір+тәуелдік жалғау+ілік септігі ↔ түбір+тәуелдік жалғауының I жағы

2. Сөз тіркесінің бірінші сыңарын сұрақ арқылы анықтаңыздар.

Кімнің?

оқушының	мұғалімнің
досымның	кітабы
мұғалімнің	дәптері

3. Тірек сызба бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

Нені?	нанды етті	кеседі турайды
-------	------------	----------------

Нені?

ішеді	күрішті	суды
жейді	ботқаны	сорпаны

4. Заттың сандық қасиетін күшейтіп көрсетіңдер.

Үлгі: қызыл – қып-қызыл.

әдемі	жасыл	үлкен
жеңіл	тәтті	сұр

5. Көрнекілікті пайдаланып, реттік сан есімдерді жазыңдар.


- 1) отыз (-ыншы, -інші)
- 2) бес

6. Синоним сөздерді сәйкестендіріңдер.


әдемі	маусым
мейрам	сұлу
мезгіл	мереке

Коммуникативтік-грамматикалық алгоритмдер

7. Суреттер бойынша грамматикалық нысандарды пайдаланып, өздерің ереже құрыңдар.


 -ып
 жатыр
 -іп
 жүр

-ды
 -ді
 -а
 -е
 -й


 -ған
 -ген
 -қан
 -кен


 атау
 ілік
 барыс
 табыс
 жатыс
 шығыс
 көмектес

гүлім	гүлің	гүліңіз	гүлі
			
менің	сенің	сіздің	оның

8. Сілтеу есімдіктерін жалқы және жалпы есімдермен тіркесін жазып үйрену амалы.

Алыстағы зат	Жақындағы зат
анау – үй, ғимарат	осы – сынып
сонау –	бұл –
сол –	мынау –
ол –	

Сондай-ақ сөйлеу әрекеттері түрлерін қазақ тілі сабағында өзара бірлікте кешенді қолдануға үйрену керек.


Білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу кезеңінде біреуі айтады, екіншісі тыңдайды және естігенін айтады, ақпаратты түсіну үшін оқиды және жазады.

Осы қарым-қатынасты ынталандыру мақсатында мұғалім сөйлеу әрекеті түрлерін өзара байланыста мынадай сызба түрінде кешенді пайдалана білуі керек:

- 1) мәтінді (диалог, монологты) меңгерту үшін тыңдалым → оқылым → айтылым → жазылым түрінде;
- 2) газет-журнал материалдарын оқылым → айтылым → жазылым түрінде;
- 3) грамматиканы түсіндіру кезеңінде тыңдалым → оқылым → жазылым түрінде дағдыланады.

Мұғалімнің сабақта коммуникативтік жаттығуларды үнемі қолдануы шарт.

Коммуникативтік жаттығулар негізінен сөйлеу әрекетінің айтылым түріне үйрету үшін маңызды:



Мұғалім жаңа тақырыпты таныстыру кезеңінде мынаны ескергені жөн:

1. Талқылауға ұсынылатын тақырып бойынша оқылымның төрт түріне назар аударылуы қажет.
2. Тақырыпты түсіну, талдау мынандай арнайы сызба арқылы жүргізілгені дұрыс.

1	2	3	4	5	6	7	8
Тақырыппен танысу	Мәтінге дайындық	Мәтінді оқу	Мәтінге кіру	Өзбетінше оқу	Грамматикалық түсінік	Өзіндік тексеру	Талқылау
Білім алушылар өткен тақырыптарға қатысты актив сөздерді есіне алады. <u>Айдар:</u> Ойланайық!	Мәтін алды кезең жаттығуларын орындау: актив сөздермен жұмыс <u>Айдар:</u> Мәтіндегі кездесетін сөздерді оқындар	Толық мазмұнын қамти оқу (танысымдық оқу түрі), мәтін ақпараты мен толық таныстыру <u>Айдар:</u> Тақырыптың атын оқып,	Тақырыбы, мазмұны, абзацтары, мән-мағынасын түсіну <u>Айдар:</u> Мәтін ақпаратын қысқаша баяндап	Модельдер бойынша оқу немесе өзбетінше оқу түрі <u>Айдар:</u> Абзацтарды оқыық!	Модельдермен жұмыс істеу түрі: актив сөздерді сөйлем ішінде табу, толықтыру, қысқарту, ұлғайту <u>Айдар:</u> Қызықты грамматика	Мәтіннен алған ақпаратпен бөлісу (жұптық, ұжымдық жұмыс) <u>Айдар:</u> Сұраймыз, жауап	Оқыған тақырыпқа пікірталас ұйымдастыру <u>Айдар:</u> Сыни ойлауға үйренейін!

		оның мазмұнын да не айтылатынына болжам жасандар және тапсырмаларды орындандар	берейік!			іздейміз	
--	--	--	----------	--	--	----------	--

Ауызша сөйлеуге дағдыланудағы педагогикалық технологияның маңызы үлкен, себебі бұл термин мұғалімнің сабақтағы түрлі әдістер мен тәсілдерді кешенді пайдалана білумен анықталады. Олар:

Тілді оқытуда қолданылатын технологиялар	Техникалық құралдардың көмегі
1. Ойын технологиясы 2. Жобалау технологиясы 3. Компьютерлік технология 4. Диалогтық технология 5. Интерактивті технология 6. Авторлық технология 7. Дамыта оқыту технологиясы	1. Дыбыстау техникасы: CD дискіні, түрлі жазбаларды тыңдау, радио хабарларды тыңдау. 2. Сәулелі - дыбыстық техника: кинофильмдер, телехабарлар, бейнежазбалар.

Осы аталған оқыту технологияларын сабақта қолдану кезеңінде білім алушы тілді тұтынушы тіліндегі мәтіндерді тыңдау арқылы айтылым әрекетіндегі білігін арттырады және бейнежазбаларды көру арқылы білім алушының ауызша сөйлеуін дамытады; ең бастысы мұғалім мен білім алушы алға қойылған мақсатқа жету нәтижесін байқатады.

Заманауи техникаларды сабақта қолдану арқылы білім алушылардың тілді меңгеру қабілетіне қарай оқытуда диалогтық байланысты құрудың пайдасы мол.

Мұғалім білуге тиісті әдістемелік терминдер

Тілді оқыту әдістемесі ұғымы бірнеше терминдік мән-мағынаны топтастырады: оқу пәнін оқыту теориясын, оның алғышарттары мен ұстанымдарын зерттейтін және мұғалімнің өз жұмысында қолданатын әдістері мен тәсілдері, яғни оның кәсіби-тәжірибелік қызметінің технологиясы.

Әдіс – бұл ұғымның мағынасы кең: 1) жалпы әдіснамалық мағынада әдіс – танымның құралы; 2) әдістемелік мағынада оқытудың, тілді үйретудің әдісі деген ұғымды білдіреді. Ал тәсіл – оқыту міндеттерін шешуге бағытталған амалдардың жиынтығы. Әдіс-тәсіл, белгілі бір тақырыпты түсіндіру мақсатында мұғалім көрнекі құралдарды, аудио материалдарды, коммуникативтік ойын түрлерін жүйелі қолдануына қажетті, ең бастысы мұғалім мен білім алушының өзара іс-қимылының жиынтығы.

Тілді оқыту әдістері екі түрге тарамдалады: 1) оқыту әдістері – түсіндіру, көрсету, жаттығу-тапсырмаларды ұйымдастыру, бағалау; 2) үйрену әдістері –

жаңа материалдармен танысу, түсіну, тапсырманы орындау, іздену, білімі, білігі, дағдысын дамыту.

«**Дескриптор**» термині жалпы сипаттама деген мағынаны білдіреді. Бұл термин тілді меңгеру тектерін сипаттайтын өлшем жиынтығы. Деңгейлерді бағалау практикада әзірленген "дескрипторлар" негізінде жүргізіледі. Сипаттама негізінде әрекет ету тәсілі жатыр. Қазақ тілін деңгейлік оқыту дескрипторы жалпыеуропалық тілді меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Бұл деңгейлер: А1-А2 және В-В2

Стратегия-бұл тапсырманы шешуге бағытталған нақты таңдалған іс-әрекет бағыты.

Міндет-нақты нәтиже алу үшін қажетті мақсатты әрекет (проблеманы шешу, міндеттемелерді орындау немесе қойылған мақсатқа қол жеткізу).

Білік – білім алушының жалпы түсінік деңгейі, әрекеті, танымы, орындау тәсілі, сабақта алған білімі жиынтығын қолдану қабілетін жүзеге асыру.

Дағды – оқу материалдарын орындау нәтижесінде білімін белсендіру деңгейін көтеретін әрекет: лексикалық және грамматикалық дағдыларын қалыптастыру, машықтану.

Ал тілді **меңгеру** – берілген материалдарды түсіну, оны жадында ұзақ сақтау арқылы практикада қолдана білу, коммуникативтік акт кезінде диалогқа қатысты реакцияның шапшаңдығы, тілдің әдеби нормаларында ауызша және жазбаша ойын жеткізе білу.

Ауызша сөйлеу – сөйлеу әрекеті түрлерінің екі құрамдас бөлікшелері: тыңдалым (айтылған, тыңдалған сөзді түсінуі) және дыбысталған, естілген сөзді айта білуі.

Жазбаша сөйлеу – білім алушының графика түрінде берілген мәтін ақпаратын қабылдауы (оқылым) және сөйлем (сөз тіркестері мен сөйлемшелер) арқылы сауатты орындалуы.

Қатысым – білім алушылардың бір-бірімен ақпарат алмасу түріндегі өзара қарым-қатынасы.

Бұл әдістемелік ұсынымдар оқушының тілдік дағдысы мен білігін қалыптастыру және оны ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдана білу, сондай-ақ білімін бақылау мен бағалауды ұйымдастыру мақсатында ұсынылып отыр және тілдік тұлғаның ауызша және жазбаша сөйлеу білігін қалыптастыру теориясына негізделеді. Себебі оқушы өзін қоршаған ортадағы іс-әрекет субъектісі. Олай болса, А1,А2,В1,В2 деңгейлерінде тілді игеру мақсаттары мен міндеттерін шешу жолдарын былайша қарастыруға болады:

1.А1,А2,В1,В2 деңгейлердің талаптарына сәйкес тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени аялар бойынша қарым-қатынасқа түсу мақсатына орай арнайы іріктелген жаңа сөздер минимумы немесе лексикалық бірліктер мен шектеулі грамматикалық минимумдарды меңгеру түрлерінен (актив, пассив сөздер) тұрады:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық сала: күнделікті тіршілік, әртүрлі этнос мәдениетіндегі отбасылық дәстүр. Денсаулық, экология мәселелері және т.б.

2. Әлеуметтік-мәдени сала: ауыл, қала тіршілігі, Ғылыми-техникалық өзгерістер мен оның дамуы, жастардың рөлі, үйретілетін тіл, оның мәдениеті мен тарихы, қазіргі заманауи өмір туралы:

3. Оқу- білім саласы: Оқушы ойы, міндеті, үштұғырлы тіл.

Бұл аялар Үлгілік оқу бағдарламаларында арнайы іріктелген тақырыптар бойынша жүзеге асады және ауызша сөйлеудің мазмұнын құрайды.

Коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу қажеттілігіне сәйкес жоғарыда көрсетілген сала тақырыптары мен тақырыпшалар, сөйлеу жағдаятын сипаттаудан (тақырып, сөз, буын, сөйлеу сандары және репликалар саны, таныс емес сөздер мен пассив сөздер пайызы) құрылады. Тақырыпшаларды меңгертуде төменгі сыныптар үшін 2 не 3 актив сөз (бір не екі буынды), екі немесе үш сөйлемнен, екі репликадан тұруы шарт, жоғарғы сыныптарда сөз саны өзгереді (3-4-5 буынды сөздер, сөйлемдер саны, репликалар саны ұлғаяды). Мысалы: біз, күз – бір буынды сөз, а-та, кі-тап – екі буынды сөз және т.б. Сонымен бірге шектеулі грамматикалық минимум кестелер, сызбалар арқылы беріледі, қарапайым деңгейде функционалдық өрнек түрінде берілуі тиіс. Базалық деңгейде грамматика кеңірек түсіндіріледі. Лексика-грамматикалық минимум қазақ тілін оқыту мазмұны мен технологиясын жетілдіріп, тілді меңгеруге ықпал етеді [4].

Сөйлеу әрекетінің айтылым және жазылым түрлеріне қатысты берілетін тақырыптар бойынша, яғни қатысымдық мақсатқа сай ауызша сөйлеу үшін сөзді дұрыс қолдана білу ерекшелігімен, сондай-ақ тыңдалым және оқылым әрекетінде лексикалық минимумды түсіне білумен анықталады. Ол үшін мұғалім лексикалық материалдарды деңгейлер талабына сәйкес әр сабақта лексиканы қандай мөлшерде беруді білуі қажет. Мысалы, диалогық сөйлеу реплика саны қарапайым деңгейде 2 репликадан (сұқбатты бастау және жауап), монологтік сөйлеу: минимум 2-3 сөз, максимум 4-6 сөз. Ескерту: лексиканы жеке-дара (жалаң түрінде) үйрету емес, керісінше, сөзді сөйлеу бірліктерін, яғни сөзді фразамен, тіркесіммен беру маңызды.

Лексиканы іріктеу қарапайым деңгейде - нақты лексиканы, яғни бейтарап сөзді (актив сөзді) берумен айқындалады, бұл деңгейде сөздің синонимі, антонимі, абстракты лексика берілмейді, ал жоғары деңгейлерде (А2 және одан жоғары) сөздердің абстракты қатары (мысалы, сағыныш, қуаныш, т.б.) түсіндірмесі айтылуы тиіс.

Лексиканы меңгерту кезеңдері

Жаңа сөздерді түсіндіру мынандай кезеңдерден тұрады:

- 1) жаңа сөздік (актив сөзді) тұсаукесерін жүргізу;
- 2) бұрынғы (алдыңғы сабақтағы) өткен лексиканы қайталау, оны меңгерту, түрлі жағдаятта қолдана отырып, өтілетін жаңа сабақ лексикасымен ұштастыру.

Тілді деңгейлік оқытуда, біріншіден, сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын қалыптастыру өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда төрт дағдыны қалыптастыру жаттығуларына ерекше назар аудару қажет.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыру

Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің ақпаратты алу кезеңіндегі естіген сөзін түсінуге арналған түрі. Тыңдалымға арналған материалдар: аудио және дискіде жазылған мәтіндер мен түрлі тапсырмалар.

Ұстанымдары: 1) мәтінді толық не жартылай тыңдау; 2) мәтіндегі грамматикалық формаларға арналған тапсырмаларды орындау; 3) тыңдалым арқылы естілген мәтін жедел не ерекше қарқында тыңдалып, сөздер мен сөйлемшелердің мағынасына көңіл бөлінеді.

Тыңдалым мәтіні оқу үдерісінде орындалып (таспа не дискіден), сабақта мұғалімнің көмегі арқылы түрлі әдістерді қолдана отырып орындалатын жұмыс. Осы кезеңде оқушы өзіне таныс немесе таныс емес сөздерге мән беріп, оны дұрыс қабылдап, жылдам үйренуге әрекет жасайды.

Ол үшін тыңдалымға берілетін тақырыпқа байланысты алдын-ала түрлі тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, актив сөздер, актив және пассив сөйлемдер үлгілері ұсынылып, сұрақ және жауап түріндегі тапсырмалар орындалуы тиіс.

Мұғалім тыңдалымға ұсынылатын материалдарды алғашқы қарапайым деңгейден бастап-ақ тыңдатып, түрлі жаттығулар ұсынуы қажет. Аудиожазба материалдары сабақ үстінде бір не бірнеше рет тыңдалып, ондағы ақпаратты түсінуі мақсатында 2 не 4 сұрақ беріліп, тапсырмалар орындалады. Диалог не полилогты (монолог, интервью т.б.) әуелі бір рет, содан соң қайталап тыңдатуға болады. Сабақтағы тыңдалым тапсырмасы 3 не 5 минут уақытқа есептеледі.

Тыңдалымға үйрету тәсілдері

1. Мәтін, диалог, полилог және монолог арқылы сөздік қорын байыту тапсырмалары.

Мәтінді көңіл қойып тыңдаңдар, өздеріңе таныс сөздерді жазып алыңдар.

2. Мәтіндегі актив лексиканы тыңдап және қайталаңдар.

3. Диктордың дауысымен жазылған мәтінді тұтастай қайталап айтыңдар.

4. Тыңдалған ән мәтінін үйреніңдер.

5. Берілген сұрақтарды тыңдап, оған жауап беріңдер.

6. Сөйлемшелерді тыңдап, таныс сөздердің мағынасын түсініңдер.

7. Тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді, лексикалық бірліктерді есте сақтауға тырысыңдар.

8. Мәтінді тыңдап (берілген сұрақтарға) толық жауап іздеңдер.

9. Тыңдалған мәтіннің басқа немесе орта (соңғы) бөлігін әңгімелеп беріңдер.

10. Тыңдалған мәтіннің негізгі бөлігі бойынша өз ойларыңды жеткізіп, оған тақырып беріңдер.

11. Мәтінді тыңдап, оған пікір жазыңдар; 1) ақпарат тақырыбы мен және оған қатысты актив сөздер; 2) кейіпкерлер; 3) мазмұнын қысқаша беру; 4) негізгі ой; 5) баламалы мәтін беріңдер.

12. Диалогты тыңдап, оны кеңейтіп айтыңдар.

13. Диалогты тыңдап, монолог түрінде әңгімелеңдер.

14. Бірнеше сұрақтарды тыңдап, оған болымды және болымсыз жауап түрінде өз ойыңды айтып беріңдер.

15. Картадан тыңдалған мәтінде кездесетін ел, жер, қала атауларын көрсетіңдер.

16. Түсіріліп берілген бос орындарды (тыңдау кезеңінде) толтырыңдар.
17. Әңгімені тыңдап, оған түсініктеме беріңдер, өз көзқарастарын білдіріңдер.

18. Тыңдалған әңгімеге жоспар құрып, оны сипаттаңдар.

19. Досыңнан ести алмаған сөйлемшені сұрап біліңдер.

20. Тыңдалған материалға баға беріңдер, іс-әрекет қайда болғанын, орнын анықтаңдар.

Тыңдалған оқу материалдарын өзара талқылау

1. Сұрақ-жауап түрінде:

Оқиға қай жерде болған?

Әңгіме кім/не жөнінде болды?

2. Тыңдалған актив сөздерге диктант алу: буынға бөлу, сөзтудырушы қосымшаларды анықтау, фонетикалық талдау жасау.

3. Мәтінді 2-3 рет тыңдап, естігені бойынша пікір алмасу, өз ойын дәлелдеу.

4. Естігендеріне қатысты сурет салу, оны пайдаланып әңгіме құру.

5. Мұғалім тыңдауға ұсынатын мәтіндегі қиын сөздердің түсіндірмесін беріп, сол сөздермен шағын мәтін құрғызады, соңынан талқылайды.

6. Қарапайым деңгейде сұрақ-жауап түрінде түрлі заттың көрнекіліктері (ойыншық, кейіпкерлер т.б.) арқылы тыңдалған мәтінмен жұмыс түрі орындалады.

7. Тыңдалған мәтінді мағынасына қарай бөлу тапсырмасы беріледі.

8. «Тыңдаңдар! Қайталаңдар» түріндегі жаттығулар ұсыну.

9. Сөздерді тыңдап және оқыңдар. Мыныған көңіл аударыңдар...

10. Актив сөздерді тыңдап және дыбысталған сөздерді жазып алыңдар.

11. Тыңдаған материал бойынша әр сөзге қойылған екпінді анықтаңдар.

12. Сөйлемдер қатарын тыңдап, онда қанша сұраулы, лепті, хабарлы сөйлем бар екенін айтыңдар.

13. Диктордың сөзін қайталаңдар.

14. Тыңдалған сөйлемдер ішінен тақырыпқа сәйкес келмейтін сөйлемді белгілеңдер.

15. Тыңдалған мәтіндегі сан есімдерді, цифрларды жазыңдар.

16. Сөйлеу үлгілерін тыңдап, суретке сәйкес келетін тиісті орнына қойыңдар.

17. Тыңдалған мәтін бойынша ... айтыңдар.

18. Тыңдалған тапсырмаларды мәтінді оқу үшін пайдаланыңдар.

Тыңдалатын мәтінмен жұмыс түрі

Мәтіналды кезең

1. Тақтада жазылған сөздермен жұмыс.

2. Жаттығулар орындау (мәтінге байланысты).

3. Жаңа сөздерді түсіндіру.

4. Күрделі грамматикалық қағидалармен жұмыс.

5. Мәтінге тақырып іздеу.

Мәтін кезеңі

1. Мәтінді бірнеше рет тыңдау.
2. Әрбір абзацқа тақырып қою.
3. Сұраққа жауап беру.

Мәтіннен кейінгі кезең

1. Сұрақ-жауап.
2. Әңгімелеуге арналған жоспар құру.
3. Мәтін тақырыбына ситуация құру.
4. Монолог құруға дайындық.
5. Мәтінге диалог құру.
6. Баламалы мәтін әзірлеу.

Оқылымға үйрету жолдары

Оқылым – сөйлеу әрекетінің бір түрі. Оқылым материалдары ретінде мәтіндерді оқып, талдап үйренеді.

Оқылым кезеңіндегі мәтінмен жұмыс түрлері:

1. Мұғалім мәтінді тұтас, толық түрінде оқиды немесе диктордың дауысымен тыңдалып, оқулықтағы мәтінді оқушылар дауыстап оқиды.

2. Мәтін мазмұнын түсіну үшін мәтіналды оқылым түрі орындалады.

Ол үшін коммуникативтік талаптарға сәйкес оқылым түрлері ескеріледі:

- ізденімдік оқылым;
- танысымдық оқылым;
- зерделік оқылым;
- көз жүгіртіп оқу (көрсетілімдік оқылым).

Танысымдық оқылым – мәтінді тұтас оқу арқылы мазмұнын түсіну. Бұл оқу түрі белгілі бір мәселеге байланысты жауап алу мақсатында жылдам оқумен байланысты.

Оқушы тек қана өзіне қажетті ақпаратты алады:

- мәтіндегі негізгі ойды оқып, сөйлемдерді белгілейді;
- мәтіндегі негізгі ойды қамтитын сұраулар тізімін құрады.

Ізденімдік оқылым – мәтіндегі өзіне бұрыннан таныс ақпаратты кеңейту мақсатындағы (ереже, сілтеме т.б.) әрекет.

Зерделік оқылым – мәтіннен өзі үшін толық мәлімет алу мақсатындағы оқылым түрі.

Оқылым түрі:

- мәтінді толық түсініп оқу;
- мәтін жоспарын құру;
- мәтіндегі сөздерге берілген түсіндірмені пайдаланып, оның мазмұнын түсіну.

Көз жүгіртіп оқу – белгілі бір тақырыпқа байланысты алдын-ала мәтін мазмұнымен танысу, басылған материалдармен танысып, мазмұнын анықтау.

Оқу арқылы жүзеге асатын міндеттер:

- мәтіндегі фактілерді табу;
- не жөнінде, не туралы деген ойды анықтау.

Оқылымға берілетін тапсырмалар және оны орындау үшін қажетті әдіс-тәсілдер.

Мәтінмен жұмыс

нені оқимыз?	қандай мақсатпен?	Оқылым түрі
Оқулықтағы мәтіндер: түпнұсқалық, бейімделген бейімделмеген/ бейімделмеген	ақпараты алу, танысу, қорыту	Танысымдық оқу Ізденімдік оқу көз жүгіртіп оқу зерделік оқу

Белсенді әдістер

1. Мәтін тақырыбын оқындар. Қанша сөз есіңе түседі? Сөздер тізімін жаса.

2. Оқуға берілген тақырып мазмұнын түсіну үшін қанша сөз қажет?
3. Актив сөздерге сүйеніп, мәтін мазмұнын болжау үшін сұрақтар жаз.
4. Мәтіндегі лексикалық бірліктерді тап (сөз, сөз тіркесі) т.б.
5. Мәтіндегі бұрыннан өзіңе таныс сөздерді оқып, оны түсіндір.

Мәтін кезеңі

1. Сұрақ қойындар.
2. Сұраққа жауап іздеңдер.
3. Мәтін ішінен өзіңе керекті ақпаратты тап.
4. Мәтінді оқып, екі-үш сөйлем көлемінде мазмұнын баянда.
5. Мәтін тақырыбына қатысты ойыңды бөліс, түсіндір.
6. Мәтіннен қандай ақпарат алдыңдар, сұхбат құрындар.

Мәтіннен кейінгі кезең

1. Сұрақ-жауап.
2. Еркін әңгімеге араласу.
3. Мәтінді абзацтарға бөліп, тақырып беру.
4. Өзі оқыған мәтін ақпаратын досына таныстыру.
5. Мәтіндегі актив сөздерді пайдаланып, монолог, диалог құру.
6. Мәтін тақырыбына қатысты шешендік сөздер (мақала, қанатты сөз т.б.)

қатыстырып әңгімелеп беріндер.

7. Мәтінді тыңдаңдар.

Осы кезеңде бірін-бірі үйрету әдісін (мәтінді абзацтарға бөліп, бірнеше оқушы бір-біріне түсіндіреді), абзацтарды сәйкестендіру әдісі (мәтінді оқып, суреттерді абзац ақпаратына сәйкестендіріп, мазмұнын баяндайды), мәтін бойынша сұрақ-жауап әдісі (топқа бөлініп бір-біріне сұрақ қою арқылы мәтін мағынасын түсінуге әрекет жасайды), сұхбат құрады.

Айтылымды қалыптастыру жолдары

Айтылым - ауызша вербалды қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу іс-әрекетінің бір түрі.

Сөйлеу әрекетінің айтылым түрі білім алушының өзімен әңгімелесушінің жеке ойын түсініп және онымен ауызша қарым-қатынасқа түсуін жүзеге асыруына байланысты танылады. Бұл әрекет білім алушының сұраққа жауап беру мақсатында тілдік білімін, түсінігін және ойын ауызша жеткізумен байланысты. Ал ауызша сөйлеудің негізгі құралы сөз, сөз тіркесі, фраза және бастау мен жауап беру репликалары мен сөйлемдер. Сөйлеу әрекетінің

айтылым түрі үнемі тыңдалыммен бірге оқушының ауызша қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігіне жол ашады.

Айтылымды үйретудің басты міндеті коммуникативтік ортаны немесе қарым-қатынастың негізін құраушы дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Өзге тілде бір ойды жеткізу мүмкіндігін түсінуден бастап, қабылданатын ақпаратқа жеке қарым-қатынасын білдіру біліктілігі мен тілдік болжамды қоса алғанда коммуникативтік-танымдық міндеттерді өздігінен шешу дағдылары мен біліктеріне дейін негізгі мақсат орындалады.

Тілді оқыту деңгейінде айтылымда жеткілікті көңіл бөлу қажет. Дұрыс ұйымдастырылған сөйлеу біліктерін бақылау, мұғалімге оқу уақытын рационалды бөлуге, жаттығулардың тиімділігін тексеруге, тақырыптық жоспарға өзгерістер енгізуге, жекелеген білім алушылар мен барлық сыныптың тәжірибелік жетістіктерін көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бақылау нәтижелері тілдерді оқыту тәсілдерін жетілдіруге белгілі бір ынталандыру болып табылады.

Айтылымның мазмұны ойды ауызша формада білдіру болып табылады. Айтылым негізінде дыбыстау, лексикалық, грамматикалық дағдылар жатыр. Айтылым тіл құралдарымен жүзеге асырылатын ақпарат алмасу, қарым-қатынас және өзара түсіністік орнатылатын, сөйлеушінің коммуникативтік ниеттеріне сәйкес әңгімелесушіге әсер берілетін ауызша қарым-қатынастың формасын білдіреді [5].

Айтылымның психологиялық ерекшеліктері

Айтылымға оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - түрлі мәдениет тасымалдаушыларымен әлеуметтік өзара әрекеттесуді табысты жүзеге асыруға қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Айтылым естілген сөздерді есте сақтауға, болжау және назар аударуға негізделген күрделі ақыл-ой іс-әрекетінің болуымен сипатталады [4, 190 б.].

Ауызша сөйлеуді қалыптастыру туралы сөз қозғағанда, сөйлеу әрекеттері құрылымының негізгі кезеңдерін бөліп қарау қажет: жоспарлау кезеңі, іске асыру кезеңі және бақылау кезеңі.

Жоспарлау кезеңі естігенінен әсер алумен ой-пікірді ынталандырушы екі кезеңді қамтитын интенцияны қалыптастырумен байланысты.

Сөйлеу ниеті уәж бен пен өзге де факторлар негізінде туындайды. Айтылымды қалыптастырушы кезең түпкілікті ойлауға сәйкес сөйлеу арқылы пікір білдіруді бағдарламалау және құрылымдау бойынша ішкі ойлау әрекеттері түрінде ұсынылған.

Әдістемелік міндеттерді шешу үшін, сөйлеу әрекеттің сыртқы көрінісінің болуы немесе болмауына, оның сол уақытта іске асырылуына немесе бірнеше уақыт өткеннен кейін орын алатындығына қарамастан қарым-қатынас қатысушысының жауапты іс-әрекеті ретінде анықталады. Аталған нәтиже тыңдаушының қабылдауында, іс-әрекеттерінде, мінез-құлқынан көрінеді және оның тәжірибелік қызметімен жүзеге асырылады.

Айтылымға үйретудің мақсаты мен міндеттері

Бір уақытта оқытудың мақсаты және оған жетудегі табыстылықты қамтамасыз ету шарты болып табылатын білім алушылардың екінші тілді

әлемдік мәдениеттері мен өркениеттері диалогында қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану қабілеттіліктерін дамыту болып табылады. Айтылымға үйрету барысындағы тиімді жұмыс үшін, ең алдымен, оның негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау қажет [6, 4 б.].

Айтылымға үйретудің негізгі мақсаты – түрлі коммуникативтік қарым-қатынас салаларында білім алушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамыту болып табылады.

Қарапайым деңгейден бастап еркін сөйлеу деігейіне дейін білім алушылар бір-бірімен тікелей байланыс құрып қарым-қатынас жасау үшін, тақырыптар мен және жағдаяттық тапсырмалар шеңберінде әңгімелесушінің ауызша пікірін түсіну және жауап қайтара білу; айтылу тақырыбы немесе алынған ақпаратқа қатынасын білдіру арқылы өзі және қоршаған әлем, оқығандары мен тыңдағандары туралы айта білумен айқындалады.

Тілді меңгеру деңгейлік мәнге ие, сондықтан айтылым білігі мектептердегі білім алушылардың тілді деңгейлік білу дәрежесін, барлық салалар бойынша тақырыптарды игеріп, өзара қарым-қатынас құра білумен ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандай айтылымға үйретудің негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтауға болады.

Білім алушылардың өзіндік сөйлеу білігі айтылым мақсатына сәйкес міндеттерді шешумен байланысты қарастырылады. Бұл міндеттерді шешу жолдары мынадай:

- 1) өзіне таныс немесе бейтаныс тұлғалармен әңгімеге, сұхбатқа түскенде тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білуі керек;
- 2) әдеби тіл нормаларын сақтап, сауатты әрі дұрыс сөйлеуге бейімделу;
- 3) ауызша сөйлеу жағдайында сөздік қорын пайдаланып және грамматикалық тұлғаларды орнымен қолдана білуге әрекет жасау. Айтылым материалдары: мәтін, диалог, полилог, қатысымдық жағдаят.

Диалогтық сөйлеуге үйрету

Айтылым екі формада болады: **монологтік және диалогтік**

Диалог - бұл екі немесе одан да көп оқушылардың арасындағы қарым-қатынас **процесі**, сондықтан бір сөйлеу актісі шеңберінде әрбір қатысушы кезекпен тыңдаушы және сөйлеуші ретінде әрекет етеді. Диалогтық әңгімені жоспарлау мүмкін емес, себебі бір субъектінің сөйлеу әрекеті екінші субъектінің сөйлеу әрекеттеріне байланысты.

Ол диалог-сұрау, диалог-сұхбат тұрғысында қатысушылардың тек біреуіді белсенді, ал екіншісі сұхбат құралса, онда нәтижеге жетеді.

Диалогтық қарым-қатынас ерекшеліктерінің барлығы репликаларға байланысты (бастау және жауап түрінде) [7].

Диалогтық сөйлеу дағдылары ретінде келесі сөйлеу әрекеттері түсіндіріледі: ақпаратты сұрауды қалыптастыру, ақпараттық сұрауын қанағаттандыру, яғни сұрақтарға коммуникативті қарым-қатынасқа түсу түрінде жауап беру.

Монологтық сөйлеуге үйрету

Монологтық сөйлеу бір немесе бірнеше оқушыға (сыныпта) арналған бір адамның байланысқан үздіксіз ой-пікірімен бөлісуі түсіндіріледі. Бұл бағыттың мақсаты - тыңдаушыларға (тыңдаушыға) қажетті әсерге қол жеткізу.

Негізінен алғанда ситуацияға құрылатын диалогтық сөйлеуден **монологтық сөйлеуден** айырмашылығы ең алдымен контекстке сәйкес құрылады.

Монологтық **сөз** келесі коммуникативтік функцияларға ие: қоршаған орта заттары мен құбылыстары туралы жаңа ақпарат, оқиғаны, іс-әрекетті, күйді сипаттау түрінде жаңа оқиғалар туралы хабар ақпараттық – хабарлама; белгілі бір ойдың, көзқарастың, сенімнің, іс-әрекеттің дұрыстығына әсерлі-сенім; іс-әрекетке деген ынталандыру немесе іс-қимылдың алдын алу; эмоционалды-бағалы [5, 99 б.].

Жоғарыда аталған монолог сөздерінің қызметтерінің әрқайсысына өзіндік тілдік құралдар мен ерекше психологиялық ынталандыру тән. Салыстырып көрейік: бір жағынан эмоционалды қатынаста ақпаратты бейтарап хабарлау, екінші жағынан эмоционалды - мәнерлі құралдар көмегімен тыңдаушыны сендіруге деген ықыласы.

Коммуникативтік мақсаттарға сәйкес келесі монологтық сөздер былайша бөлінеді: монолог-хабарлама, монолог-сипаттама, монолог-пайымдау, монолог-әңгімелеу, монолог-сендіру [5].

Осы **мәлімдемелер (пікірлер)** сөйлемдерді байланыстыратын элементтерді – мезгіл үстеуін, себеп-салдар үстеуін, бірізділікті білдіретін, сонымен қатар, қарым-қатынас мақсаттары мен шарттарына сәйкес білім алушыларға танымал тілдік үлгілерді құрамдастырумен, жекелей алғанда сөйлемдердегі сөздер реттілігін, жалғаулықтарды және жалғаулық сөздерді таңдау, меңгеруде көрініс табатын ойларды, айғақтарды, оқиғаларды байланыстыра мазмұндаудың күрделі монологтік біліктерін меңгеруді меңзейді. Монологтық сөздің әсер ету қызметі монолог-сендіру, монолог-әсер ету барысында ерекше көрініс табады [8, 19 б.].

Әр деңгейде коммуникативті жеткілікті монологтық біліктерді меңгеруді ескере отырып, келесі монологтық **сөздер** үлкен өзектілікке ие болуы тиіс: білім алушылардың өздерін, қызығушылықтарын, мектеп, туған қаласы (ауылы), отбасы, қиялдағы (немесе нақты) қатарласының – тілді тасымалдаушы қызығушылығын тудыруы мүмкін жәйттарды сипаттауы және хабарлауы.

Бүгінде қандайда бір екінші тілді оқытуда коммуникативтік аспектіде, яғни екінші тілде сөйлеу білігіне үлкен көңіл бөлінеді. Сондықтан екінші тілді үйрену кезінде айтылым білігін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Екінші тілді оқыту барысында білім алушылар тіл арқылы өзара әрекеттесудің негізгі әдістерін меңгерулері қажет, атап айтқанда, дұрыс және бірізділікпен сөйлем құрастыру, ойды логикалық түрде мазмұндау, сөйлемді аяқтау, сондай-ақ сөйлем құрастыру кезінде лексикалық және грамматикалық бірліктерді қолдана білу.

Оқушыларға айтылым біліктерін үйретуде мұғалім үшін осы процесті бақылау, оқушылардың екінші тілде сөйлеу барысындағы негізгі қиындықтарын анықтау, сондай-ақ айтылым біліктерін дұрыс бақылауды

жүзеге асыру маңызды. Сондықтан, төменде біз айтылым біліктерін бақылаудың ерекшеліктерін қарастырамыз және негізгі түрлерге бөліп аламыз.

Мұғалім оқушыларды айтылымға **үйрету үшін мыналарға көңіл бөлгені жөн:**

- 1) сұраққа жауап беру;
- 2) сұхбат барысында өзінің ойын, мәселеге байланысты пікірін ашық білдіруге,;
- 3) қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық нормаларын білуіне;
- 4) түрлі салаларда қазақ тілі лексикасын орынды қолдана білуіне;
- 5) қазақ тіліндегі мәтіндерді тыңдап және түсінгенін аутға үйрету.

Айтылымға арналған жаттығулар оқушылардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсіп, өздері меңгерген сөздік қоры мен грамматикалық тұлғаларды пайдаланып диалогқа және монологқа дағдыланады.

Жағдаяттың тапсырмалар негізінде монолог құру

1. Сөйлемдерді тыңдап және қайталаңдар.
2. Өз іс-әрекетіңді баяндаңдар.
3. Сөйлемдерді кеңейтіндер.
4. Әңгімелеушіні қолдау ретінде пікірімен келіскеніңді баяндаңдар.
5. Айтылған пікірге көзқарасыңды білдіріңдер.
6. Түрлі оқиғаларға қатысты фактілерге талдама жасаңдар.
7. Түйіндеме жасаңдар (қорытынды).
8. Кейіпкер әрекетіне баға беріңдер.
9. Белгілі бір оқиғаға қатысты хабарлама жасаңдар.
10. Тақырыпқа байланысты монологтық сөйлеу мәтінін құрастырыңдар.
11. «Дөңгелек үстел» тақырыбына баяндама әзірлендер.
12. Бейне материалды тыңдап, монологтық ойды анықтаңдар.

Диалог-айтылым

1. Дұрыс дыбыстауға үйрену үшін диалогтың кейбір репликаларын жазып алыңдар.
2. Рөлдер бойынша диалогты оқып және айтуға үйреніңдер.
3. Диалог репликаларын өзбетіңше кеңейтіп дамытыңдар.
4. Кейбір диалог репликаларын өзгертіп айтыңдар.
5. Тақырыпқа диалог құр (түрлі сөйлеу жағдаяты үшін).
6. Актив сөздермен диалог құрыңдар.
7. Сөйлеу жағдаятын сипаттап, оған қажетті грамматикалық тұлғаларды пайдаланып, репликалар жазыңдар.
8. Диалогты шағын диалогтарға бөліңдер (көзқарас, келісу не келіспеу т.б.).
9. Суреттер бойынша диалог құрыңдар (актив сөздерді қолданып).
10. Оқыған мәтінге диалог құрыңдар.

Айтылымға үйрету үдерісіндегі бақылау

Бақылау - белгілі бір оқу кезеңінде білім алушылардың қол жеткізген тілдік деңгейін анықтау. Бақылау – мұғалім оқушылардың өткен материалдарды қалай меңгергендігін және оны тәжірибелік мақсаттарда

пайдалана алатындығын бағалайтын сабақтың бір бөлігі. Бақылау мұғалімге тұтастай алғанда білім алушылар тобының және жекелеген білім алушылар жұмысының нәтижелері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сабақтағы бақылау нысандары: білімдер және олардың негізінде қалыптасқан **сөйлеу** дағдылары (тілдік құзыреттілік); түрлі қарым-қатынас жағдайында (коммуникативтік құзыреттілік) алынған білімдер мен дағдыларды пайдалана білу; оқылып жатқан тіл елін және сөйлеушілерінің **тілдік** мінез-құлықтарының ұлттық ерекшеліктерін білу (әлеуметтік-мәдени құзыреттілік).

Бақылау түрлері мен формалары

Айтылымды үйретуде бақылауды ұтымды пайдалану үшін бақылаудың негізгі түрлері мен формаларын қарастыруға болады.

Басқарудың негізгі түрлері:

1) алдын-ала бақылау. Бұл бақылаудың мақсаты - тіл үйренудің бастапқы деңгейін және оқудың табыстылығын қамтамасыз ететін білім алушыларға тән жеке психологиялық қасиеттерді анықтау (ес, зейін, қызығушылықтар, жалпы даму, бейімділік). Мұндай бақылау оқытуға даралық көзқарасты қамтамасыз етеді және біріншіден, тілді үйретудің стратегияларын белгілеуге, екіншіден, дайындық және психологиялық даму деңгейін ескере отырып, оқу топтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2) ағымдағы бақылау – тексерудің жүйелі бақылау-түзету қызметіне сәйкес кеңінен таралған және едәуір тиімді бақылау түрі. Бақылаудың бұл түрі сөйлеу дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы және дамуы процесінде тілді меңгерудің табыстылығын бағалауға мүмкіндік береді. Аталған бақылау жүйелі мәнге ие болуы және білім алушылардың оқу материалдарының белгілі бір бөлігін меңгеруін тексеруге бағытталуы қажет.

3) тақырыптық немесе аралық бақылау. Тілдегі материалдарды ұйымдастырудың негізгі қағидаты тақырыптық болып табылатындығына байланысты бақылаудың бұл түрі маңызды орын алады. Тақырыптық жоспарлар қорытынды сабақтарда тақырыпты зерттеу нәтижесінде, кейде оқулық авторларымен қарастырылған білім алушылардың тиісті дағдыларды, біліктерді игеруін және меңгеруін бақылауды көздейді.

4) мерзімді бақылау оқу тоқсаны немесе екінші жартыжылдық аяқталғанда үлкен көлемдегі материалды меңгеруді тексеру мақсатында жүргізіледі. Тексерудің бұл түрі білім алушылардың жалпы үлгерім жағдайын көрсете алады.

5) қорытынды бақылау (оқу іс-әрекетінің нәтижелеріне бақылау) материалдың едәуір мөлшерін (семестр, оқу жылының соңында) меңгеру нәтижесінде қол жеткізілген тілді меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған. Мұндай бақылаудың ерекшелігі, ең алдымен, коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталғандығымен түсіндіріледі. Ол үшін әр білім алушының оқу нәтижелерін объективтіліктің жеткілікті деңгейімен бағалауды қамтамасыз ететін арнайы тесттер пайдаланылады [5].

Бақылау құралдары

Бақылау құралдары - бұл тілді меңгеру деңгейін тексеру үшін пайдаланылатын оқу материалдары. Олардың қатарына таратпа материалдар,

фоно және видеограммалар кіреді.

Таратпа материалдар - оқушылардың оқу әрекетіне және өтілген материалды меңгеру деңгейіне дайындығын анықтау үшін сабақ барысында пайдаланылады.

Фонограммалар лингафондық кабинетте жеке дыбыс жазу құралдарымен жұмыс істеу үшін қолданылады. Олар білім алушыларға үлгі мәтіндерді тыңдауға, өз дауысын таспаға жазуға және оны үлгімен салыстыруға мүмкіндік береді. Аталған жазба мұғалім тарапынан өзін-өзі бақылау мен талдаудың нысаны болып табылады.

Видеограммалар оқулықтың және арнайы оқу-әдістемелік құралдардың оқу сызбалары түрінде қолданылады. Көрнекі шолу ұсынылған бағдарлама бойынша сөйлеу әрекетін орындау үшін тірек қызметін атқарады (суретке немесе суреттер қатарына қойылған сұрақтарға жауап беру, көрнекі қатар мазмұнын сипаттау және т.б.). Соңғы уақытта компьютермен жұмыс істеуге арналған видеограммалар айрықша танымалдылыққа ие болуда. Ақпарат дискеттерде жазылады, ал оқушылар тапсырмалардың орындалуын ұпаймен бағалай алады [9, 184 б.].

Айтылымға үйрету барысындағы бақылау

Айтылым білігінің дұрыс ұйымдастырылуы мұғалімге оқу уақытын ұтымды түрде бөлуге, жаттығулардың тиімділігін тексеруге, тақырыптық жоспарды түзету енгізуге және жекелеген білім алушылар мен жалпы топтың тәжірибелік жетістіктерін көруге мүмкіндік береді.

Айтылым біліктері мен дағдыларын бақылаудың дұрыс формасы ауызша форма болып табылады, себебі, ол сөйлеу әрекетінің аталған түріне ең маңызды қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді: сөйлеу реакциясы, сөйлеу автоматизмі, аялдау сипаты, сөйлеудің ситуациялылығы.

Топтық бақылау барысында білім алушылар тобы әңгімеге қатысады.

Монологтық сөйлеу деңгейін анықтау үшін жекелеген білім алушылармен бақылаудың жеке түрлері қолданылады, мысалы:

1) айтылымның тілдік дағдыларын қалыптастыру дәрежесін тексеру үшін мәтін бойынша, оның ішінде тест түріндегі жаттығуларды қоса алғанда, (жағдай, өтілген тақырып, сурет және т.б.) тіректер бойынша коммуникативтік сұрақтарға жауаптар.

Айтылымды бақылаудың мақсаты **сөйлеу** сипатындағы жазбаша жұмыстарда болуы мүмкін. Бірақ білім алушылар үшін тексерудің жазбаша формалары ауызша формаларына карағанда күрделі болатындығын естен шығармаған жөн, себебі білім алушылардағы жазылымның графикалық және орфографиялық дағдыларының болуын білдіреді. Сонымен қатар, бұл формалар кенеттілік дәрежесі, сөйлеу реакциясы және қарқыны сынды ауызша сөйлеудің маңызды қасиеттерін тіркеуге мүмкіндік береді. Бақылаудың бұл формалары бір тілдік сипатқа ие. Бақылау нәтижелері тіл үйрету әдістерін жетілдіруге белгілі бір ынталандыру болып табылады.

Бақылау - тілді меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған мұғалімнің және оқушылардың бірлескен қызметі екені белгілі. Бақылауға қойылатын негізгі талаптар: объективтілік, мінез-құлықтың жүйелілігі, бақылаудың сараланған

сипаты, бақылау тапсырмаларының құрастырылуының анықтылығы және нақтылығы.

Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде айтылым біліктерін қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдіснамалық әдістері жеткілікті түрде айтылған. Айтылым біліктерін қалыптастыру бағытында жазылған ғылыми еңбектер, оқу кешендері жеткілікті бола тұрып, олардың мектептердегі деңгейі өте төмен болып калуда. Монологтық және диалогтық сөйлеуді қалыптастыру мақсатында әдістемелік жағынан дұрыс таңдалған жаттығуларды орындау мен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларын пайдалану және байланыстыру, оқу материалдарын мазмұндаудағы бірізділік қажет. Білім алушылардың тілдік қарым-қатынасқа түсу орнатын маңызды. Айтылым біліктерін қалыптастыруда мақсатты және жүйелі жұмысты орындау арқылы күрделі қойылған міндеттерді шешу жағдайында өз ойларын үйренетін тілде дұрыс жеткізу біліктілігінің едәуір өсуіне мүмкіндік береді.

Тілді үйрету үдірісінде білімді бақылау маңызды. Себебі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру деңгейін анықтау, оқу процесіндегі кемшіліктерді өз уақытында тану, сондай-ақ, білім алушыларға олардың үлгерімі туралы хабарлап отыру аса маңызды. Бақылаудың негізгі түрлері: алдын ала, ағымдық, аралық және қорытынды болып табылады.

Бақылау формалары жеке, түпкілікті, топтық және жұптық бақылау түрлерін қамтиды.

Бақылау қызметінің ішінде диагностикалық, оқыту, басқару, түзету, ынталандыру және бағалауды айрықша айтуға болады.

Сөйлеу әрекетінің айтылым түрінде жоғары да айтылған бақылау түрлерін қолдану қажет.

Оқылым дағдысын қалыптастыру

Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі. Оқылым әрекеті арқылы қажетті ақпарат алуға немесе авторлық позицияны білуге болады.

Оқылым түрін меңгертудің мақсаты – жазбаша немесе басылған мәтіндердің мағыналық байланыстарын ашу(түсіну). Ақпаратқа толы түпнұсқалық немесе бейімделген мәтіндерді оқу арқылы білімі,білгі мен дағдыларын орнықтыру да маңызды. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: оқылымның техникалық жақтарын қамтамасыз ететін білік, дағдыларды (графикалық белгілерді қабылдау, олардың белгілі бір мағынаға қатысы) қалыптастыру;

1) мәтіннің мағынасын түсіну мен қабылдауға мүмкіндік беретін білік, дағдыларды (мәтіндегі мағыналық байланысты орнату, оның мазмұнын қабылдау) қалыптастыру. Мәтінді түсінудің екі деңгейін көрсетуге болады: мағыналық деңгей (ақпаратты қабылдау) және ойды қабылдау (автордың ойын түсіну, оған оқырманның бағасы, қатысы).

Оқылым механизмдері

Сөйлеу актісі

Мотив	Ой-ниет (интенция)	Мақсатқа жету
-------	---------------------	---------------

<p>Мен бұл тақырыпты не үшін, қандай мақсатпен оқимын?</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпарат алу үшін; - еске сақтау үшін; - біліп, танып, риза болу, рахаттану т.б. үшін 	<p>Қалай оқимын?</p> <ul style="list-style-type: none"> - жылдам оқып шығу; - қарап шығу; - қажетті ақпаратты таңдау; - ұқыпты, мұқият оқуға үйрену; - автордың көзқарасын талдау 	<p>-мәтіндегі негізгі идеяны түсіну;</p> <ul style="list-style-type: none"> – автордың көзқарасы, ұстанымын білу; - мәтіндегі ақпаратты толық игеру <i>арқылы</i>
---	---	---

Оқырманның тактикасы мен стратегиясы

Оқырман орындауы тиіс міндеттері	Алға қойған міндеттерді орындау үшін не істеу керек
1. Мәтіннің тақырыбын тез түсіну міндетін шешу	2. Мәтіннің жанрына, типіне, түріне бағдар жасау. Тақырыпқа, авторына, мәтін жанрына назар аудару.
3. Мәтіннің жалпы негізгі түйінін, мағынасын толық ұғыну.	4. Мәтіндегі ойды болжай алу, жүгірте оқып шығу дағдысы Бірінші және соңғы абзацтағы фразаларға, тірек сөздерге назар аудару
5. Мәтіннің мазмұнын түсіну	6. Мұқият оқылым дағдысын орнықтыру
7. Автор көзқарасын талдау және талқылау	8. Мәтіннің түрлі бөліктеріне қайталай оралып зерттелімді оқу
9. Мәтіннің мазмұнын, автордың көзқарасын, ойын, пікірін есте сақтау.	10. Ақпаратты іздеп, таңдап оқу дағдысы. Мәтінге жоспар құру біліктілігі, цитаталар жазып алу біліктілігі

Оқылым үшін қажетті біліктіліктер

Біліктіліктер	Біліктіліктерді дамыту дағдылары
1. Техникалық. Көруі. Әріп пен дыбыстың ара қатынасын ұғу. Сөздің графикалық образын көре білу біліктілігі. Оны мағынасымен байланыстыра білу.	Ауызша дұрыс дыбыстап айту. (дауыстап оқу). Диктанттар. Әріптері түсіріліп берілген сөздерді оқу. Сөздің бөліктеріне (буын,қосымша)қарап сөздің мағынасын тану
2. Тілдік,графикалық жүйені, грамматикалық құрылымды, сөзжасам, лексика негіздерін түсіне білу.	Сөзді түсіну. Сөзжасамға арналған жаттығуларды орындау. Сөздері түсіріліп берілген мәтіндерді, сөйлемдерді оқу.
3. Ауызша сөйлеу білігі. Мәтіндегі басқа жазуларды айыра білу	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Өңгімелеу. Ұқастығы мен айырмашылығы тұрғысынан бір-біріне жақын мәтіндерді салыстыру
4. Коммуникативтік білік	Әр түрлі мақсат үшін оқу, оқылымның төрт түрі

Оқу үшін қажетті қабілет белсенділігі:

- көру арқылы еске сақтауы (зрительная память)
- болжам жасай білу (догадка), болжамдау
- байқампаздық

- назар аудару
- логикалық ойлау (логическое мышление)

Оқылымды меңгерту үшін оқушылардың қабілетін алдын ала тексеру

1. Көру арқылы еске сақтау: фразаны оқындар, оқулықты жабындар, қайталаңдар.

2. Болжам жасау: фразаның бір бөлігі беріледі – оны жалғастыру ұсынылады.

3. Болжам –жорамал: тірек сөздер немесе мәтін атаулары беріледі. Мәтін не туралы айтылатын ойға болжам жасау.

4. Байқампаздық: бір біріңе қараңдар. Теріс қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер. (Сұрақтар портретінің, киімдерінің детальдары, бойынша)

Оқылымды меңгерту және коммуникативтік әдіс

Кез келген оқырман газетті, журналды, көркем әдебиетті, ғылыми әдебиеттерді белгілі бір мақсатқа жету үшін оқиды. Бұл мақсат күнделікті тіршіліктегі қажеттіліктеріне байланысты.

Егер оқырман өз алдына ешқандай мақсат қоймаса, онда оқудың барлық мәні жойылуы мүмкін. Бұл жағдайда оқығанымызды түсінудің өзі қиынға соғады.

Оқушыға өзге тілді оқылым түрін меңгерте отырып терең ойға бату, оның нәтижесіне қол жеткізуге әрекет етуге қол жеткізеді. Белгілі психолог маман Смиттің айтуынша «мақсатсыз оқуды таңдамай оқуды бір ғана фамилияны табу үшін телефон анықтамалығын түгелдей оқып шығумен бірдей», - дейді. Бұл мақсаты тез орындауға болатын еді, егер ол фамилияның алфавит бойынша орналасқанын пайдаланса.

Жаңалыққа, оқиға қатысты ой-пікірді түсініп, шығармашылық тапсырмаларды талдай отырып, өзіне қажетті ақпаратты ала білуі керек.

Коммуникативтік міндеттер оқылым процесін реттейді, оқылым кезіндегі ойлауды ұйымдастырады. Ол үшін мәтінді оқу барысындағы негізгі жаңалықтар туралы іздеу, жаңалыққа сыни тұрғысынан қарау болса, онда оқырман автордың көзқарасына қарама қайшылық тұстары бар ма, соны іздеп оқиды. Осылайша коммуникативтік міндет оқылымға оқырманның әрекетін де қосады.

Егер оқырман өзінің коммуникативтік міндетін жақсы сезінсе, онда ол оқылым кезінде уақытын үнемдейді, тиімділігін арттырады.

Қандай мәтіндерді оқу керек және қалай оқу керек?

1. Оқу мәтіндерінен басқа тұпнұсқалық/аутентті мәтіндерді де оқу керек.
2. Берілген тақырыпқа немесе тапсырмаға мәтін дайындау.
3. Мәтіндегі қажетті материалдарды анықтау:
 - а) синтаксистік және стилистикалық күрделілігін;
 - б) тақырыптың қызықтылығын;
 - в) жанрын
4. Оқылымға арналған жаттығулар мына үлгіде берілуі мүмкін:
 - а) мәтіндегі логикалық байланысты талдауға арналған жаттығулар;

- ә) қайталанымды көрсету тапсырмасы;
- б) фондық білімін белсендіру;
- в) оқу кезінінде өзіңе мақсат қоя білу.

Оқылымды меңгерту кезіндегі тапсырма түрлері

I.

A. Мәтіналды жаттығулар

1. Мәтін атауына қараңдар. Қалай ойлайсыңдар, әңгіме не туралы?
2. Егер әңгіме ... туралы болса, қандай сұрақтар талқылануы мүмкін?
3. осы тақырып үшін қандай сөздер типтік болып табылады?
4. Аты бойынша мақала таңдаңдар, қайсысын оқығың келеді? Оқылым түрін таңдаңдар (қарап шығу, танысып оқу, таңдап оқу, ұқыпты оқу)
5. Лексика грамматикалық қиындығына қатысты жаттығулар болуы мүмкін.

Б. Мәтінді оқу кезіндегі жаттығулар

1. Кестені толтырыңдар (бір немесе бірнеше мәтіндегі ақпарат)
2. Жарнама жазып үйреніндер;
3. ... туралы ақпарат бар ма, жоқ па?
4. Сұрақтарға жауап табыңыз.
5. « Шын және жалған»
6. Мақала не туралы, анықтаңдар
7. Әрбір сөйлем не туралы, анықтаңдар.
8. Мәтін тақырыбы қалай аталады , табыңдар.
9. Мәтінде жаңа ақпарат бар ма?

V.1. Мәтінді оқу кезіндегі және мәтіннен кейінгі құрылымдық тапсырмалар

1. Мәтінді қайта оқыңдар, білдіретін сөздерді табыңдар.
2. Зат есімді анықтайтын сөздерді табыңдар.
- 3.... Білдіретін екі сөзді табыңдар.
4. Мына сөздердің эквивалентін табыңдар.
5. Фразаларға, сөйлем мүшелеріне, мәтінге сұрақ қойыңдар.
6. Мәтінді бір фразамен беріңіз.(«сверните» текст в одну фразу).
7. Фразаны мәтінге кеңейтіңдер.
8. Фразаларды алмастырыңдар
9. Сөздерді синонимдермен алмастырыңдар.

V.2. Мәтіннен кейінгі коммуникативтік тапсырмалар. Ауызша, жазбаша сөйлеуге шығу

1. Жауап жазыңдар, өтініш жазыңдар, ақпарат жіберуді өтініңдер.
2. Телефон шалыңдар.
3. Мақала авторынан интервью алыңдар.
4. Жаңа тақырып жазыңдар.
5. Мәтіндерді бөлікке бөліңдер, оларға тақырып қойыңдар.
6. Бір біріңізге түсіндіріңдер, қандай ақпарат таптыңдар.
7. Қысқаша мазмұнын жазыңдар, екі үш сөйлеммен. Аннотация, анықтама жазыңдар.
8. Мәтінге жарнама жазыңдар.

Оқылымды меңгерту мәселелері

Оқылымды меңгерту барысында мына мәселелер өзекті:

✓ Жазбаша қатысымның бір нысаны ретіндегі оқылымның қысқаша сипаттамасы;

✓ Оқылым техникасы және техникалық дағдылардың қалыптасуы;

✓ Оқылым түрлерін топтастыру;

✓ Оқылымды меңгерту мақсаттары;

✓ Оқылымды меңгерту мәтіндері;

✓ Оқылымның әр түрлі түрлерін меңгерту;

✓ Оқылым кезіндегі түсінгенін бақылау, бағалау;

✓ Оқылымды бағалау тестілері.

Жазбаша қатысымның бір нысаны ретіндегі оқылымның қысқаша сипаттамасы:

- оқылым бір тіл жүйесіндегі графикалық кодталған ақпаратты белсенді өңдеу мен қабылдау процесі ретінде күрделі аналитикалық қызмет.

- толыққанды оқылым таныс емес аутентті мәтінді өзгелердің көмегінсіз оқу біліктілігінің қалыптасуымен, түсінуімен өзгешеленеді.

Қазақ тіліндегі мәтіндерді өзге тілділердің түсінуі үшін тіл үйренушіде белгілі бір перцептивтік мағыналық базаның болуымен қатар сол тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ақпараттың да жиынтығын меңгеру деген сөз. Егер де оқушыға осындай база құрылмаса немесе жеткілікті болмаса, онда мәтінді оқып отырған адамның ақпаратты қабылдауы да, қажетті ақпаратты бөліп алуы да қиындай түседі.

Болжай алу ықтималдылығы - « оқылым процесі кезіндегі ойша алға өтіп кету» ойлау әрекетінің бөлінбес компоненті ретінде, сондай - ақ кез келген оқылым түрін түсіну мен қабылдаудың табыстылығын да анықтайды.

Болжай алу оқушының оқылымға дайындығын құруға мүмкіндік береді. Болжай алудың қажетті шарттарының бірі тәжірибесінің болуы және оны жүйелей алуы десе болады. Мәтінді оқып отырған адам неғұрлым тәжірибелі болса, соғұрлым мәтін мазмұнын түсінуі нақтырақ болады.

Ықтималды болжаудың табыстылығы оқушыға таныс, таныс емес сөздердің арасалмағына, тақырыппен таныстылығына, ықтимал гипотездер қатарынан таңдай алуға шешім қабылдай алуымен де байланысты.

Гипотеза іздеудің бір механизмі болып табылады. Мәтінді оқып отырған адам ойлау әрекетін жасайды.

Мәтін мазмұнын түсіну нәтижесі мәтіндегі байланысты орнатудан тұратын күрделі логикалық операциялардан тұрады.

Мәтінді түсінудің сатылы сипаты көптеген психологтардың еңбегінде қарастырылды. Солардың ішінде З. И. Клычникованың сипаттамасы екінші тілдегі мәтінді түсіну деңгейлерін, мәтіннен алынатын ақпараттың түрлерін толығырақ нақтылайды.

Ақпараттың төрт түрі:

✓ категориялық танымдық ақпарат;

✓ жағдаяттық танымдық ақпарат;

✓ жағдаяттық танымдық ақпарат;

✓ бұйрық мәнді

Контекстегі сөздің, сөз тіркесінің мағынасын түсіне отырып, мәтінді оқыған адам мәтіннің неге арналғанын яғни тақырыпты түсінеді. Бастапқы деңгейдегі тіл үйренуші орындайтын операциялар күрделілігімен ерекшеленеді. Көптеген сөздер мәтінде ауыспалы мағынада қолданылады, сондай – ақ, олардың мотивациялылығы жоқ. Көп мағыналы сөздер, омографтар, антоним, синоним сөздер де күрделілік әкеледі.

Бірінші деңгей (сөйлемді түсінуі) бұл деңгей де фрагментарлық түсінікпен ерекшеленетін болса да, жетілгендеу түсінік. Сөйлемді түсінудің қиындықтары синтаксиспен, морфологиямен байланысты. Сөйлемді қабылдай отырып, білім алушы оны жеке элементтерге бөле алуы керек, олардың арасындағы байланысты орната алуы сөйленімдегі олардың ролін білуі керек, грамматикалық омонимдерді тануы, әсіресе, көмекші сөздердің мәнін тануы керек.

Екінші, үшінші деңгей (мәтінді түсінуі) мәтін түрлерімен байланысты, яғни мәтін мазмұнынан алатын ақпарат ақпараттың қай түріне қатысты деген сөз. Егер ақпарат категориялық танымдық және жағдаяттық танымдық сипатта болса, онда мұндағы оқылым жалпы / ауқымды түсіну болады, Егер мәтінде үшінші төртінші деңгейдің ақпараты болса, тіл үйренуші мәтінді толық / детальді түсінуге жетеді. Мұнда мәтінді толық түсінуге синтаксистік байланысты білдіретін,мағыналық қатынастарды білдіретін құрылымдық сөздер ерекше күрделілік әкеледі.

Төртінші деңгей мазмұндық, эмоционалды түсіну, бесінші деңгей ақпараттың төрт типін де, бұйрық мәнді ақпаратты да түсіну.

Соңғы екі деңгей техникалық дағдылардың толық қалыптасқаннан (тіл үйренушінің жазбаша коммуникацияның барлық сигналдарын: тақырыптарды, тыныс белгілерді, сызба, кестелерді, сөздердің грамматикалық белгілерін түсіне алу біліктілігінің қалыптасқанын көрсетуі керек, бір мағыналық операциядан келесі операцияға ауыса алатын, ақпарат таба алатын біліктілігі қалыптасуы керек.

Осы соңғы коммуникативтік міндетті орындай алуы үшін оқушы мәтіндегі мағыналық бөліктер арасындағы байланысты таба алуы, маңыздырақ ақпаратты бөліп көрсете алуы керек, толық түсіну, тереңдей түсіну, нақты түсіну деңгейіне жетуі тиіс.Осы операциялардың нәтижесінде мәтінді оқып отырған оқушы мәтінді әлеуметтік және мәдени контексте бағалай алады. Ал оқылымның өзі коммуникативтік құзіреттілігінің қалыптасқанымен сипатталады.

Оқылым жылдамдығын арттырудың екі шарты бар: үнемі оқу және техникалық дағдыны қалыптастыру кезеңінде жеңіл, қызықты мәтіндердің мол болуы.

Бастапқы деңгейдегі оқырман сөздің мағынасын түсінуі; таныс емес мәтіннен белгілі сөздерді тани алуы; мәтін құрылымы бойынша бағыт алуы (тақырыптарды, абзацтың басын, соңын таба алуы, суреттер астындағы сөздерді таба алуы); мәтін түрлерін (өлеңдер, әңгімелер, сұқпаттар) тани алуы; сөйлем

құрылымы бойынша бағыт алуы; сөзжасам, контекст бойынша жаңа сөздердің мағынасын анықтай алуы керек.

Бағдарлама бойынша бастапқы кезеңде - ақ оқылымның барлық түрін дамыту керек. Сонда мынадай екі міндет шешіледі: 1) оқылымның рецептивті жақтарын қамтамасыз ететін дағдыларға назар аударылады. 2) түсіну үшін апаратты өңдеуге көңіл аударылады. Бастапқы кезеңде оқылымды меңгерту барысында мынадай жаттығулар түрі қолданылуы мүмкін:

- ✓ мәтіндегі сөздерді тақырып жағынан топтастыру;
- ✓ мәтіннен антоним, синонимдерді табу,
- ✓ сөйлемді / мәтінді мағыналық жағынан сәйкес сөздермен толықтыру;
- ✓ мәтіннен берілген сұраққа жауап табу;
- ✓ көрсетілген сөйлемді толықтыру;
- ✓ сөйлемді аяқтау т.б.

Оқылым түрлерін топтастыру

Айырмашылық параметрлері	Оқылым түрлері			
Оқылым формалары бойынша	Ішінен оқу		Дауыстап оқу	
Логикалық операцияларды қолдануы бойынша	Аналитикалық оқу		Синтетикалық оқу	
Мәтін мазмұнына тереңдеуі бойынша	Интенсивті оқу		Экстенсивті оқу	
Мақсаттары бойынша	Зерделік оқу	Танысымдық оқу	Көз жүгіртіп оқу	Ізденімдік оқу
Түсіну деңгейлері бойынша	Толық, детальді түсіну	Жалпы / ауқымды түсіну		

Оқылым әр түрлі деңгейде мәтінді жобалап түсінуден шығармашылық оқылым дағдысына дейін өтеді. Мұнда мәтінді оқып отырған оқушы автор ойының барысын ғана қабылдамайды, сондай ақ салыстырады, оқығанын қорытындылайды, яғни негізгі ойды қабылдайды немесе қолдамайды, өз ойын қайта құрады немесе жаңа көзқарасын білдіреді. Басқаша айтқанда, тіл үйренуші мәтіннің мақсатын, мағынасын түсінуге қабілетін көрсетеді, өз ниетін тілдік нысандар арқылы білдіреді.

Оқылымды топтастыру үшін С. К. Фоломкина оқырманның практикалық талаптарын негізге алады: әңгімені, мақаланы немесе кітапты қарап шығу; мазмұнымен танысу; керекті ақпаратты іздеп оқу; қажет болса, бүге - шігесіне дейін оқу. Оқылымның әрбір түрі белгілі бір коммуникативті міндетті шешуімен байланысты.

Оқылымның негізінен үш түрі жиі қолданыста: танысып оқу, ізденіп оқу, зерттей оқу. Танысып оқу мәтіннен жаңа ақпаратты 70% - 75% түсінуі көлемінде болады. Мазмұнды түсінудің бұл деңгейі жалпы / ауқымды түсінуге жатады.

Танысымдық оқу үшін көлемді мәтіндер беріледі, тілдік жағынан жеңіл болады.

Ізденімдік оқу мәтіннен нақты керекті ақпаратты табумен байланысты: анықтамалар; қорытынды; фактілер; елтанымдық мәліметтер және т.б. Мәтінді толық оқуға болады, немесе тіл үйренушінің өзіне керек ақпарат мәтіннің қай бөлігінде екенін білсе, сол бөлігін оқытуға болады.

Зерттенімдік оқу ұғымы бүге - шігесіне дейін / толық оқу (100%) дәл түсіну деңгейіне жету. Яғни мәтіндегі негізгі, негізгі емес фактілерді түсіну. Бұл оқылым түрі ұзақ болады, себебі мәтінді қайталап оқуға тура келеді, коммуникативтік жағдаятқа тереңдей кіреді. Зерттей оқу мәтінде тілдік тұрғыдан қиын ақпараттың маңыздылығымен, танымдық бағалауымен сипатталады. С.К. Фоломкиняның айтуынша, талдау / анализ қосымша роль атқарады. Мәтіндегі тілдік тұлғалар бағыт бағдарлардан тұрады, оларды қолдана отырып, оқушылар тілдік қиындықтарды өз бетінше орындай алады.

Оқылым мақсаттары

Оқылымның үш түріде техникалық дағды қалыптасу кезеңінде бір мезгілде бастапқы деңгейде ақ дамиды. Бастапқы кезеңді бітірген кезде тіл үйренуші а) тілдік тұрғыдан күрделі емес негізгі мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуі тиіс, бұл мәтіндер жас ерекшелігіне де, оқушылардың қызығушылығына да сәйкес болуы керек. б) оқушы тілдік материалы жағынан таныс шағын мәтіндердің мазмұнын толық түсінуі керек (қарапайым сипаттама, қарапайым кулинарлық рецепт, өлең, ертегі, әңгіме) в) мәтіннен қажетті / қызықты ақпаратты іздей алуы тиіс, (қарапайым деңгейдегі ізденіп оқу)

Оқытудың ортаңғы кезеңінде **танысымдық оқу, зерттенімдік оқу** елтанымдық, танымдық тақырыптар монологтық, диалогтық мәтіндерді оқу кезінде дамиды.

Ізденімдік оқу хабарлама, жарнама, проспект, газеттік, журналдық жарияланымдарды оқығанда болады.

Оқытудың жоғарылау кезеңінде танысып оқу, хабарлама, шолу, ғылыми, танымдық сипаттағы жарияланымдарды, көркем әдебиеттерден үзінділерді, оқыған кезде дамиды.

Зерттенімдік оқу үшін интервью, репортаж,, нұсқаулар, көркем проза үлгілерін оқу ұсынылады.

Профильдік бағыттау кезеңінде танысып оқу ғылыми көпшілікке арналған мәтіндер арқылы, очерктер, эсселер, шолулар, көркем және публицистикалық әдебиеттерден үзінділер, сондай ақ мамандағына, кәсібіне бағытталған мәтіндерді ұсынуға болады.

Зерттей оқу ғылыми көпшілікке арналған мәтіндер арқылы (полемикалық сипаттағы, мақалалар, хроникалар, рефераттар) сондай ақ тіл үйренушунің мамандығына арналған мәтіндермен жүргізіледі.

Ізденіп оқу үшін ақпараттық проспектілер, жарнамалар, брошюралар, журналдық жарияланымдар, мамандағына қатысты материалдар беріледі.

Әрбір төрт кезеңде оқылымның стратегиялық біліктілігі қалыптасуы қарастырылған:

- ✓ бастапқы әріптерден ақ сөздің мағынасын болжай алуы;

- ✓ сөздің мағынасын ана тіліндегі ұқсастық негізінде таба алуы;
- ✓ мақала тақырыбының атауына сүйене отырып, мәтін мазмұнын болжай алуы;
- ✓ таныс емес сөздердің мәтіннің негізгі мағынасына әсер етпейтінін байқау;
- ✓ мәтін мазмұнын түсінуге мәтіндік тіректерді (кесте, сызба, график, шрифтік айқындаулар, және т.б.) пайдалану;
- ✓ бір тілді, екі тілді сөздікті пайдалану.

Оқылымды меңгертуге арналған мәтіндер

Мәтіндер негізінен үш салаға бөлінеді: әлеуметтік – тұрмыстық, әлеуметтік мәдени, оқуға, мамандыққа қатысты беріледі. Мәтіннің күрделілік деңгейі коммуникативтік міндетке байланысты болады. Мәтін төрт функционалды стильде беріледі: әдеби көркем; ғылыми көпшілікке арналған стиль; ғылыми; газеттік – публицистикалық стиль. Оқулықтарға, оқу құралдарына әңгімелер немесе көркем әдебиеттен үзінділер берілгені абзал.

Оқылым түрлерін меңгерту

Оқылымның үш түрінде де оқушының барлық жағдаятта қолданылатын жалпы / негізгі білік дағдылар жатыр. Олардың кейбірі мазмұнды түсінуге бағытталса, енді бірі оны мағыналық өңдеумен байланысты. Мысалы:

- ✓ мәтіннен негізгі ойды таба білу(маңыздырақ факт, цифрлық мәліметтер және т.б.);
- ✓ оқығанды жалпылау, белгілі ақпараттан жаңаны айыра білу, бастысын ажырата білу;
- ✓ мәтін бөліктері арасындағы байланысты таба білу,әрбір үзінділерден негізгі фактілерді / оқиғаларды топтай білу;
- ✓ талдаудың көмегімен мәтін мазмұнын тісінуді нақтылау;
- ✓ түсініктегі жіберілген тұстарды қалпына (восстанавливать пробелы в понимании);
- ✓ құрылымдық сөздердің функциясын пайдалану;
- ✓ мазмұнды бағалау, түсініктеме беру;
- ✓ тілдің ұлттық мәдени ерекшелігін түсіну, бағалау;
- ✓ өзінің оқылым тәжірибесіне сүйену, ана тіліндегі тәжірибесіне де сүйен.
- ✓ Оқылымның негізгі компоненті мәтін, оқылым алдында берілген тапсырмалар, түсінікті бақылау нақты оқылым түріне сәйкес болуы керек.
- ✓ Барлық оқылым түрлеріне қатысты жаттығулар
 - кілт сөздердің негізінде мәтін мазмұнын жобалау;
 - оқылымды сызбаларды, кестелерді, терминдерді пайдалану арқылы жеңілдету,
 - мәтін алдындағы ой түрткі сұрақтарға назар аудару
 - оқылым алдында сол оқиға туралы басқа автордың фоножазбасын тыңдау;
 - қажетті лексикаларды қайталау мақсатында ұқсас тақырыптарды алдын ала оқу.

Танысымдық оқуды меңгерту

Оқылымның табыстылығын анықтайтын шарттар:

- ✓ уақыттың тапшылығы режимінде өткізу(жылдам қарқын)
- ✓ бір реттік оқылым ретінде ұйымдастыру,
- ✓ негізгі ақпаратты түсінуін тексеру;
- ✓ ана тіліне аударуды болдырмау, аударма танысып оқып шығу табиғатына қарама қарсы(Фоломкина С.К.,)

Танысымдық оқуға қатысты біліктіліктер:

- ✓ тақырыпқа қатысты мәтін мазмұнын жобалау;
- ✓ басты ойды айқындау;
- ✓ тұрлаусыз яғни екінші деңгейдегі ақпараттан басты ақпаратты, фактілік ақпаратты гипотетикалық ақпараттан ажырата білу;
- ✓ сілтемелерді түсіну тіректерді (кілт сөздер, реалийлер және т.б.) ретінде пайдалана білу;
- ✓ факт мен оқиғалар арасындағы логикалық / хронологиялық байланысты орната білу;
- ✓ оқылған мәтіндері бойынша қорытынды жасай алуы, мәтінде берілгендерді топтай алуы;
- ✓ мәтіннен қажетті ақпаратты пайдалану үшін жазып алуы;
- ✓ ақпараттарды топтай алу, топтастыра алуы;
- ✓ мәтінде берілген фактілерді жаңалығы бойынша, маңыздылығы бойынша, сенімділігі бойынша бағалай алуы және тағы басқа.

Танысымдық оқуды меңгертуге арналған жаттығулар:

- ✓ жоспарды оқындар, мәтінде баяндалған фактінің бірізділігіне сәйкес келе ме, анықтаңдар;
- ✓ сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес бірізділікпен орналастырыңыз;
- ✓ 3 – 4 нұсқадан (multiple choice) дұрыс жауабын таңдау;
- ✓ сұраққа мәтіннен жауап іздеңіз, тақырыпқа қойылған сұраққа жауап іздендер;
- ✓ мәтінге жоспар құрыңыз;
- ✓ мәтіннің басындағы, ортасындағы соңындағы негізгі ойды анықтаңыз;
- ✓ әрбір азат жолдан маңызды емес сөйлем ретінде бір екі сөйлемді сызып тастаңдар;
- ✓ мәтінді қарап шығып, оған тақырып қойыңдар;
- ✓ есіңізге сақтап қалғыңыз келген фактіні атаңдар;
- ✓ оқылған мәтін бойынша аннотация / қысқаша реферат құрыңыз;
- ✓ мәтін мазмұнын жазбаша / ауызша баяндаңдар;
- ✓ оқылған мәтін бойынша қорытынды жасаңдар;
- ✓ мәтіндегі қызығырақ сұрақты атаңыз, осы мәліметті тағы қайда пайдалануға болады көрсетіндер;
- ✓ осы мәтіннің мазмұнына қай аннотация сәйкес келеді, көрсетіңіз
- ✓ мәтін мазмұны негізінде сызбалар жасаңдар, (диаграмма, сауалнама және т.б.);
- ✓ болашақ мамандығыңызға мәтіндегі ақпаратты пайдалана алу мүмкіндігін айтыңдар

Зерттенімдік оқылымды меңгерту

Оқытудың табыстылық шарттары

- ✓ уақытты шектемей, іштей жай оқу;
- ✓ ана тіліне мәтіннің бәрін аудару немесе фрагменттерін аудару
- ✓ жеңіл мәтіндерден бастап оқу;
- ✓ сөздікке сүйене отырып, өз бетінше оқу;
- ✓ Осы оқылым түріндегі біліктіліктер;
- ✓ маңыздылығын анықтау(мәні,дәйектілігі);
- ✓ мәтіннің мазмұнын толық және дәл түсіну;
- ✓ сөз / сөйлемдерді түсіну үшін түсініктеме , перифраз жасау;
- ✓ себеп – салдарлық байланысын анықтау;
- ✓ оқиғаның / әрекеттің одан әрі өрбуін әсірелеу;
- ✓ жоспар, сызба, кесте жасау;
- ✓ негізгі, екінші дәрежелі ақпараттарға жоспар жасау;
- ✓ объективті ақпаратты субъективті ақпараттан ажырата алу, яғни фактіні пайымдаудан ажырата алу;
- ✓ имплицитік ақпаратты анықтау,
- ✓ мәтіннің экстралингвистикалық аппаратына, шрифтілік айқындамаларына, контекске сүйене отырып, мазмұнын түсіну;
- ✓ мәтінді толық аудару немесе таңдап аудару.

Зерттенімдік оқылымды меңгертуге арналған жаттығулар:

- ✓ мәтіндегі ақпаратты маңыздылық дәрежесіне қарай бөліңдер;
- ✓ маңызды деп санайтын ақпаратты бөліп көрсетіңіз, өз шешіміңізді негіздеңдер;
- ✓ мәтін құрылымын өзгертпей факт қосыңыз;
- ✓ мәтіннен қорытынды / аннотация үшін пайдалануға болатындарды табыңдар;
- ✓ мәтіндегі негізгі, бүге-шігесін айтатын ақпаратқа сұрақ қойыңыз.
- ✓ оқылған мәтіннің мазмұны бойыншатезис жазыңдар;
- ✓ жазбаша бағалау жазыңдар (рецензия)
- ✓ мәтіннің қысқартылған нұсқасын оқыңыз, жетпей тұрған сөздерді толықтырыңыз (cloze test);
- ✓ көрсетілген азат жолды / мәтіннің бөлігін ана тіліңізге аударыңыз.

Ізденімдік оқуды меңгерту

1. Оқылымның осы түрінің табыстылығын анықтайтын шарттар:

- ✓ іздеудің негізгі мақсаты – мазмұнды ақпарат;
 - ✓ оқылым қарқыны жылдам өткізіледі;
 - ✓ ақпаратты мақсатты қолдануға шешім қабылдау;
 - ✓ мәтіннің құрылымдық – композициялық ерекшелігін білу;
 - ✓ мәтіннің экстралингвистикалық және когнитивтік тіректерін пайдалану;
- Осы оқылым түріндегі біліктіліктер:
- ✓ мәтіннің құрылымдық – композициялық ерекшеліктерін анықтау(журнал, брошюра);
 - ✓ белгілі бір тақырыпқа / мәселеге қатысты ақпаратты бөліп көрсету;
 - ✓ керекті фактіні табу (мысал, аргумент);

- ✓ бірбелгілері бойынша ақпаратты топтау, жинау;
- ✓ жалқы атаулар, географиялық атаулар, терминдер, белгілі түсініктер, реалийлер негізінде мәтіннің мазмұнын болжау;

- ✓ сөйлем / азат жолдарға көз жүгіртіп талдау жасау;

- ✓ нақтырақ тоқталуды талап ететін азат жол / мәтін фрагменттерін табу;

Ізденімдік оқуды меңгертуге арналған жаттығулар:

- ✓ мәтіннің / мақаланың тақырыбын анықтаңдар;

- ✓ берілген сұрақтар жауабы мәтінде барма, анықтаңдар;

- ✓ мәтіннен тақырып атауының негіздемесін анықтаңдар;

- ✓ мәтіннен негізгі кейіпкер мінездемесін, нұсқауларды, рецептілерді, ұсыныстарды табыңдар;

- ✓ аннотацияны қараңыз, мәтінге сәйкес пе, анықтаңдар;

- ✓ тақырыпқа арналған абзацты табыңдар,

- ✓ (қорытындыға негіздеме болатын сұрақтарға жауап табыңдар);

- ✓ суретке қарап, сәйкес абзацын табыңдар;

- ✓ мәтіннен автор жағымды / жағымсыз деп бағалайтын фактіні табыңдар;

- ✓ мәтін мазмұнына өз пікіріңізді білдіріңдер.

Осы параграфты қорыта келе, жалпы сипаттағы бірнеше ұсынысты айтқымыз келеді. Жазбаша, ауызша қатысымның кезкелген формасы сияқты үлкен практиканы талап етеді. Сондықтан тіл үйренуші мүмкіндігінше көп оқу керек. Оқу кешені бар болғаны міндетті минимум. Өз бетінше оқуға көбірек тарту тиімді. Алайда оқырман үшін тірек сөздерді білуі тиімді. Аударма танысып оқуды да, ізденіп оқуды да дамытпайды.

Оқылым кезіндегі түсінігін тексеру

Оқылым біліктілігінің қалыптасу деңгейін анықтау ізденімдік оқу, танысымдық оқу, зерттенімдік оқу нәтижесі бойынша жүзеге асады. Бұл үшін оқылымның әр түріне ұсынылған материалдарды пайдалануға кеңес береміз.

Оқытудың бастапқы кезеңінде әріптерді тану, атау, әріптер мен дыбыстардың сәйкестігі; сөздердің сөйлемдердің айтылуы, мәтінді толық нақты түсіну(зерттей оқу кезінде); мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну(танысып оқу және ізденіп оқу кезінде) тексеріледі.

Ортаңғы және жоғары деңгейде түсінігін тексеру оқылымның әр түрі үшін әр түрлі жаттығулар қолданылады.

Танысымдық оқу кезінде мынадай жаттығулар көмегімен бақылауға болады: тақырып атауына иллюстрацияға қарап мазмұнын болжау; негізгі ақпараттарға сұрақ қойып жауап беру; мәтінге сәйкес тақырып атауын таңдау, мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу, оларға атау таңдау, негізгі ақпараттар тізімін жасау.

Зерттенімдік оқу кезінде түсінікті тексеру мынадай жаттығулар негізінде жүзеге асады: кеңейтілген жоспар жасау(резюме, қорытынды, комментарий); мәтін мазмұнына қатысты сұрақтар қою, жокқа шығаруға немесе қолдауға болатын бекітуді атау.

Ізденімдік оқу кезінде түсінігін тексеру мынадай жаттығулар көмегімен жүзеге асады: негізгі фактілерді тізу; маңыздырақ ақпаратқа сұрақ қою, мәтінге /

фрагментке рецензия жасау; ұқсас екі мәтінді салыстыру(ұқсастығын. айырмашылығын); автордың коммуникативтік міндетіне түсініктеме беру, аннотация / реферат жасау; таңдап аудару.

Профильдік бағыт кезеңінде оқылым бойынша түсінікті тексеру болашақ мамандықтарына қатысты мәтіндер арқылы өтеді. Оқылымның әр түрі бойынша жоғарыда аталған жаттығу түрлеріне мынадай тапсырмалар қосуға болады: бір немесе екі мәтін бойынша ауызша реферат жасау; мәтін кейіпкерлеріне сипаттама беру; мәтіндегі әлеуметтік мәдени ақпаратты өз елінің мәдениетімен салыстыру (оқушы басқа елден келген болса) журналдардан(анықтамалық әдебиеттерден) мамандық профилі бойынша қажетті ақпаратты таңдау, оны түсіндіру, мақаладағы мәселені, идеяны ауызша \ жазбаша атау; қойылған міндетке сәйкес екі - үш мәтіннен ақпаратты топтау, жүйелеу, қорытынды жасау.

Жазылымды қалыптастыру

Жазылым – жазбаша түрде мәтін құрып және оны жазып алу әрекетімен байланысты түрі.

Жазылымға ұсынылатын оқу материалдары: әліпби (әріптер, дыбыстар) буын, сөз, сөйлем, мәтін, диктант, мазмұндама, тест, эссе, хат, шығарма және т.б.

Жазылымға берілетін тапсырмалар сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында беріледі. Ол үшін түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындалуы тиіс. Мұндай тапсырмалар қазақ тілінің жазу нормасына сай сауатты жазылуы керек. Оқушы осындай тапсырмаларды орындау арқылы грамматикалық ережелерді білуге, сөздердің сөйлем құрылымындағы орын тәртібі мен тыныс белгілерін дұрыс қоюға, ең негізгісі өз ойын хат, эссе арқылы жеткізуге әрекет жасайды.

Мұғалім оқушының жазылым арқылы білімі мен білігін қалыптастыру мақсатында мынаны ескеруі тиіс:

- ресми құжаттарды дұрыс әрі сауатты толтыруға бейімдеу (резюме, хат, түрлі ресми қағаздар және т.б.);
- ресми және бейресми хаттар мен смс-тер жазуға;
- құттықтау хаттарын (шақыру, құттықтау, алғысхат т.б.) жазуға үйрету;
- әңгіме, эссе жазуға икемділігі;
- мәтін мазмұнын жазбаша жазуға немесе баяндауға;
- өз ойын, шешімін, пікірін білуге үйрету.

Сөйлеу әрекетінің жазылым түріне арналған жаттығулар

1. Актив сөздермен сөйлемді толықтырыңдар.
2. Заттарды сипаттап жазыңдар.
3. Сөйлемдерді толықтырып немесе дамытыңдар.
4. Мәтін абзацын толықтырып, өзгертіп жазыңдар.
5. Синоним, антоним сөздерді сәйкестендіріңдер.
6. Мәтін абзацтарына тақырып жазыңдар.
7. Сөйлемнің бірінші бөлігін жазыңдар.
8. Мәтінді көшіріп жазыңдар.

9. Мәтіндегі актив сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңдар.
10. Құттықтаусөз үлгісінде, қысқаша жеке хат мәтінін жазыңдар.
11. Мерекеге қатысты құттықтау хатын жазыңдар.
12. Ресми құжаттарды толтырыңдар: өтініш, резюме т.б.
13. Тезис, жоспар құрыңдар.
14. Өздеріңнің болашақта орындайтын жоспарларыңды сипаттап жазыңдар.
15. Іскери хат жазыңдар.
16. Оқыған кітабының мазмұнын қысқаша жазыңдар.
17. Болған оқиға жөнінде өз ойларыңды жазыңдар.
18. Берілген тақырыпқа жазбаша монолог құрыңдар.
19. Тұрмыстық-әлеуметтік, оқу-кәсіби, іскери салаларға қатысты өзіндік мәтін құрып жазыңдар.
20. Үлгі бойынша әріптерді әліпби ретімен жазыңдар.
21. Сөздерді тиісті әріптермен толықтырып жазыңдар.
22. Берілген сөздермен сөйлем құрып жазыңдар.
23. Әрбір сөйлемге сұрақ қойып жазыңдар.
24. Мәтінді қысқартып жазыңдар.
25. Өлеңді қарасөзге айналдырып жазыңдар.

Жазылым білігін қалыптастыру

Жазылым түрі ең алдымен сауатты жазуға дағдыландыру үшін қажет. Ол үшін түрлі жаттығуларды орындау, сұрақ-жауап, диктант, шағын эссе жаза білу білігін қалыптастыру тиімді:

1. Білім алушы түрлі жанрларда (жоспар, тезис, түйіндеме, өтініш, мазмұндама, шығарма және т.б.) өзіндік мәтін құра білуі керек. Бұл түрлі салаларда қарым-қатынас құру білігін қалыптастырады.
2. Ой-талқы, хабарлау, дәлелдеу түріндегі жазылым түрлерін сипаттауға көңіл бөлінеді.
3. Тыңдалған материалдың мазмұнын өз сөзімен жаза білуі тиіс.
4. Тыңдалған немесе оқуға берілген мәтін бойынша жазбаша диалог, монолог, әңгіме жазуға бейімделу.

Қорытынды

Қазақстанда үштілді білім беруді іске асыру үшін мақсатты тілді деңгейлік оқытуға негізделген.

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін оқыту жағдайы мемлекеттік тілдің өз мәртебесін алуы мен оны оқыту мәселесін ескере отырып, «Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі: оқу, оқыту, бағалау» құжаты негізінде әзірленген үштілді білім берудің ұлттық деңгейлік моделіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақ тілін деңгейлік оқыту үдерісін ұйымдастыру осы аталған пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына енген деңгейлер негізінде ұйымдастырылады.

Қазақ тілін деңгейлік оқытуды іске асыру және оны меңгерту қалыптасқан дәстүрлі әдістемені негізге ала отырып, білім алушылардың коммуникативтік құзыретін қалыптастыруға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды, оның ішінде деңгейлік оқыту әдістемесін оқу үдерісінде белсенді қолданғанда ғана қазақ тілін еркін меңгерген тілдік тұлғаның дамуына әсер етеді.

Тілдерді деңгейлік оқытуды ұйымдастыру кезінде мынадай ерекшеліктерді есепке алу қажет:

- мәтіндегі сөйлем, сөз, буын және репликалар санын есептеп, оны модельдеуді естен шығармауын ескеру;
- деңгейлік оқыту талаптарын білу;
- әдстемелік ұстанымдарға сүйену;
- тілді деңгейлік меңгеру қағидасын білу;
- тілді оқыту үдерісінде коммуникативтік жаттығулар моделдерін үнемі қолдану;
- айтылымға арналған материалдарды іріктеу және оның мазмұнын анықтау кезінде ақпарат алу мүмкіндіктерін бақылау жаттығуларын орындату;
- коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу қажеттілігін қанағандыратын оқу-еңбек, тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік – мәдени салаларға арналған тақырыптар мен тақырыпшалар арқылы білім алушылардың өзіне, қоршаған ортаға, жалпы жаһандық дүниелері көзқарасын қалыптастыру;
- білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мәселесіне көңіл бөлу.
- оқыту үдерісінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын интерактив-диалог құру мақсатындағы тапсырмаларды пайдалану.

Мұғалім деңгейлік оқыту технологиясына негізделген оқулықтар мен оқу құралдарын ұлттық тәрбие, (тілді қабылдау), математика (деңгейлерге қойылатын талаптарға сәйкес лексикалық бірліктерді іріктеу, буын санын есептеу т.б.) және әдебиет, тарих (елтанымдық құзыреттерді қалыптастыратын/ғылым салаларымен тығыз байланыста ұтымды қолдана білуі керек. Мұғалім қазақ тілін деңгейлік оқыту үдерісінде, «қазақ тілін қалай үйретемін және меңгертемін?» деген сұраққа жауап іздеуі қажет. Оның жауабын, біріншіден, тілді оқытудың бірлігі мәтін екенін ескеру, екіншіден,

мәтінмен жұмыс түрлерін білу; үшіншіден, коммуникативтік жаттығу, тапсырмалар арқылы оқушының ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсу мақсаттары меңгерілетін сөйлеу әрекеттері түрлеріне қойылатын талаптардан іздегені жөн.

Мұғалімнің басты мақсаты – оқушының ең жоғары деңгейде ойлауын дамытуға көмектесу. Ауызша сөйлеуге үйрету кезеңінде мұғалім үнемі коммуникативтік сөйлеу жағдаяттық тапсырмаларды сабақта көп пайдаланғаны жөн, себебі оқушы мұндай тапсырмаларды орындау үшін ізденеді, ойланады және әңгімеге араласады. Осындай тапсырмалар негізінде оқу үдерісінің құрылымы жаңғыртылады, өзгереді, сабақтың тиімділігі артады.

Сондай-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түріне берілетін тапсырмалар мына жүйеде берілгені дұрыс: тыңдалым, оқылым(ақпаратты қабылдайды), айтылым (сөйлеуге әрекет жасайды), жазылым арқылы сауатты, дұрыс жазуға үйрету. Сонымен бірге мұғалім жаңа технология негізінде тілүйренім оқу сөздігін дайындауы қажет, себебі мұндай сөздіктер тілдік қатынас құруға бағыт-бағдар беретін лексикографикалық туынды. Оқу сөздіктері (синоним сөздігі, түсіндірме сөздік және т.б.) шағын тіл үйретімділік бағдары бар лингвоәдістемелік құрал ретінде қолданылады.

Қазақ тілі мұғалімдерінің міндеті - қазақ тілін үйренуге ынталандыру, оқыту үдерісін қызықты әрі тартымды ету.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қ.Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мұрагер» баспасы, 2005. – 179 б.
2. Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка. – М.: МГЛУ, 2003. – 256 с.
3. Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандарты (Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2016 ж. 20.10.№ 9 хаттамасымен басылымға ұсынылған).
4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді).
5. А.Н. Щукин. Методика обучения речевому общению на иностранном языке. – Москва: издательство «Икар», 2017 – 398б.
6. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика: Учебное пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин. яз. высш. пед. учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 336 с.
7. Кузекова З. Қазақ тілінің функционалдық практикалық грамматикасы.- Астана: «Фолиант» баспасы, 2015 – 176б.
8. Кузекова З. Қазақ тілі. Тестілілеу теориясы мен практикасы. Алматы: «Құс жолы» баспасы, 2009 – 153б.
9. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: Пособие для учителей иностранного языка. – М.: Просвещение, 1985. – 208 с.
10. Қадашева Қ., Асанова У., Ашиқбаева Б. Қазақ тілін туыс тіліндегі оқыту әдістемесі. – Астана, 2012. – 399 б.
11. Городецкая Л.А., Кожевникова Л.А, Полякова И.В., Скугарова Ю.В., Вариативные программы дополнительного образования по английскому языку, Москва: 2011
12. Типовые учебные программы по предмету «Казахский язык в школах с неказахским языком обучения»
13. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка. // Иностранные языки в школе. – 2000. - №2. – с. 3-10.
14. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка (продолжение). // Иностранные языки в школе. – 2000. - №3. – с. 3-9.
15. Гаджиева А.А. Некоторые аспекты преподавания казахского языка в русскоязычной аудитории. - Вестник РУДН, серия Вопросы образования: языки и специальность, 2015. - № 5. – С.139-144.
16. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. - М., Высшая школа, 1987. – 205 с.
17. Клычникова З. И. Психологические особенности обучение чтению на иностранном языке - М. 1973.

Оқылымды тестілеу

Оқылымды тестілеудің әр түрлі бағалау нысандары бар (оқу жылдамдығы, түсіну деңгейлері және ақпаратты таным мәнін де, бағалау мәнін де, ой-түрткі мәнін де түсінуі). Оқылған мәтінді түсінуі сатылы сипаттағы жеті деңгеймен бағаланып, анықталады: 1) сөз деңгейінде; 2) сөз тіркесі деңгейінде; 3) сөйлем деңгейінде; төртінші-бесінші деңгей – мәтінді жалпы түсінуі, нақты түсінуі; және алтыншы-жетінші деңгей – мәтіндегі ақпаратты толық, терең, жете түсіну.

Сөзді, сөз тіркесін, үзіндіні түсінуін тестілеуді талдап көрелік.

Шектеулі жауап. Шектеулі жауап жеңіл тапсырмалар түріне құрылған тестілерде кездеседі (сөз, сөз тіркесі, сөйлемді тануы). Дыбысталуы, айтылуы ұқсас, дыбысталуы, айтылуы бірдей сөздерді ажырата алуын тексеру тестілерінің аты – «*Ұқсайды*» (7) – «*Әр түрлі*» ... деп атаса да болады.

Сәт – сат (ә); алма (жеміс) – алма (болымсыз етістік) (ұ);

Шын – шың (ә); жаз – жаз (ұ);

Кен – кең (ә); ту – түү (ұ).

Күз – күс (ә);

Құс – қыс (ә);

1) Әкеммен бірге - әкіммен бірге (ұқсас, бірдей – «ұ»);

2) Әкім мен бізге - әкіммен бірге (әр түрлі – «ә»).

Сөз тануын тестілеудің келесі бір түрі қатардан басқа қатарға сәйкес емесін табу.

Тапсырма: басқа вариантқа сәйкес емесін табындар

A) Күйлер, үйлер;

B) Кімдер, киімдер;

C) Үнділер, үндер;

D) Күй, үй.

Нұсқау нақты, қарапайым болуы керек. Мысалы:

«Әрбір жолда екі-үш сөзден бар. Кейбір жолда сөздер ұқсайды. Кейбір жолда сөздер әр түрлі. Егер мағынасы жақын сөздерді табу керек болса, онда сөздің қасындағы «ж» белгісін дөңгелектеңіз, мағынасы мүлдем басқа болса, сөздің қасындағы «б» белгісін дөңгелектеңіз; ұқсайтын болса, сөздің қасындағы «ұ» белгісін дөңгелектеңіз, егер әр түрлі болса «ә» белгілерін дөңгелектеңіз. Жылдам орындаңдар. Сізге тек қана 10 минут беріледі»

1. білім, ілім (ұ), (ә) немесе (ж) және (б)

келіңіз, келініңіз (ұ), (ә)

киіміңіз, киініңіз (ұ), (ә)

үйіңіз, күйіңіз (ұ), (ә)

Шектеулі жауаптардың артықшылығы:

1. Оларды оңай дайындауға және оңай бағалауға болады.

2. Оқушылардан дыбысты тану және сөзді тануы талап етіледі.

Сондықтан бұл тапсырманың жеңіл түрі.

Шектеулі жауаптардың кемшілігі:

1. Бұл интегративті дағды емес, нағыз оқылым жоқ.
2. Бұл – техникаға тым әуестену, оқылым жылдамдығын төмендетеді.

Сөйлемді түсінуін тестілеу

Тестілеудің бұл түрі жеңіл, өте жеңіл тапсырмалар түрінен тұрады. Яғни тілді сөйлем деңгейінде ғана, сөйлемді әрең түсінетіндерді осы тапсырмалар түрінен тани аласындар. Сөйлемді түсінуін тестілеу жазылымнан бұрын, оның алдында болады. Біз осы бөлімді сөйлемді түсінуін анықтайтын сұрақтардан бастаймыз, содан соң күрделі сөйлемдерді түсінумен жұмыс істейміз.

Оқылым бойынша сөйлемді түсінуін анықтауға тапсырма беріп көрелік:

Тапсырма 01. Хабарландыруды оқындар.

Кітапхана сенбі, жексенбі күндері жұмыс істемейді

Сіз.....кітапханадан кітап ала аласың.

- A) жексенбіде
- B) сенбіде
- C) жұмада
- D) демалыс күні.

Тапсырма 02. Хабарландыруды оқындар.

Кітапханада тазалық күні әр айдың соңғы күні болады

Сіз әр айдың кітапханадан кітап ала алмайсың.

- A) басында
- B) аяғында
- C) ортасында
- D) бас кезінде

Тапсырма 03. Сөйлемнің жалғасын табындар.

Мына бөлме суық екен,

- A) темекі шекпеңіз
- B) жарықты жағыңызшы
- C) терезені жабыңызшы
- D) жарықты өшіріңіз

Тапсырма 04. Сөйлемнің жалғасын табындар

Менің досым дем алып жатыр,

- A) олар қазақша сөйлейді
- B) олар орысша сөйлейді
- C) қатты сөйлеменіңші
- D) қатты сөйлеңіз

«Қорытындылау техникасы» («Elicitation Techniques»)

1-техника. Суретпен жұмыс істеу. Тест тапсырушы картина, суретпен келетін сөйлемді табуы керек.

Мысалы: «Шеше баласын велосипедпен ойнатып жүр». Сурет беріледі. Тест тапсырушы сәйкес келетін картинаны көрсетеді, белгілейді.

Сұрақтар: «Иә» немесе «Жоқ».

Мысалы: «Әйел газет оқып отыр ма?» - Иә, Жоқ.

Шектеулі жауаппен құрастырылған тапсырмаларды оқытуда пайдалануға болады.

Осылайша бір сурет (картина) бойынша бірнеше сұрақ қоюға болады.

Сурет беріледі

Мысалы: Ұрының жолы болды, себебі –

А) оны үйден ешкім көрмеді.

В) үйдегілер оны көрді.

С) дала өте қараңғы.

Д) үйде адамдар көп.

Тапсырманың бұл түрінде оқылым көбірек қолданылады. Сұрақтың бұл түрі алдыңғысынан аздап қиынырақ.

2-техника. Фраза және сөйлем. Қарапайым сұраулы сөйлем – бұл шын және жалған деген сөйлем. Бұлар өте жеңіл тапсырмаларға жатады.

Мысалы: Күн шығыстан шығады ----- (шын).

Айжан менің ағам ----- (жалған).

Белгілерді түсінуді оқыту және оны тестілеу өте қызық. Нені тестілейтініміз – тіл үйренушінің қызығушылығына да байланысты. Бұл тағы да ұқсастығын, сәйкестігін табуға арналған қарапайым тапсырма. Тест тапсырушы белгілердің орнын табу керек.

Мысалы:

Самолет -----

Әуежай ----- белдіктеріңізді ілгектендер

Қонақ үй ----- чектер қабылданбайды

Жол ----- бұрылуға қауіпті

Супермаркет ----- тіркелу уақыты

Сөйлемді басқаша құру – сөйлемді, фразаларды қабылдағанын, түсінгенін тексерудің жақсы амал-тәсілі.

Мысалы: Бос орынның бар, жоқтығын білу үшін *даяшыны (официантты) күтіңіз.*

Тапсырма: Мағынасы жақын сөйлемді табыңыз.

А) даяшының қасына отырыңыз.

В) даяшы Сізге қайда отыруды көрсетеді.

С) дәл қазір орын жоқ.

Д) даяшыны іздеңіз.

Кешенді грамматикалық құрылымның мағынасын түсінуге арналған тапсырмалар. Мысалы, шарт мәнді сөйлемдер сөйлемді басқаша өзгерткенде мағынаны түсінудің кілті болып табылады.

Тапсырма: Сөйлемнің жалғасын табыңыз

Ол осында келгісі келсе, келе алады,

А) ол келе алады.

В) ол келеді.

С) себебі оның келуге рұқсаты бар.

Д) келе алмайды.

Сіз сөйлем немесе бір фразаны құрып отырғанда мыналарды есіңізге сақтаңыз:

1. Сұрақты фактіні білуге құрмаңыз, бастысы – тілдік дағды болып табылады. Мысалы: Тест тапсырушыдан Қазақстан географиясына қатысты детальді білуді талап еткен «Шын» - «Жалғанға» негізделіп, нашар құрылған

мысалды келтірейік:

«Алакөл Жетісудың шығыс жағында орналасқан». Бағаланушы не туралы екенін, не сұрап тұрғанын түсінуі мүмкін, бірақ көлдің орналасу мекенін білмегендіктен, ол тиісті балын жоғалтуы ықтимал.

2. Егер сіз мәдениеттану, мәдени фактілерді білуін тестілеп, соған тест дайындап отырмасаңыз, онда жауапты арнайы бір мәдениетті білуіне тәуелді, байланысты жасамаңыз. Келесі сәтсіз мысал:

«Сәрсенбі сәтті күн». Тест тапсырушы мұсылман болмаса, қазақтардың сәрсенбіні сәтті күнге санайтынын, жоритынын білмейді ғой. Бекерге тағы балл жоғалтуы ықтимал.

3. «Таңдау» жауаптарын құру барысында нақты және қарапайым жауап түрлерін ұйымдастырыңыз. Нашар құрылған таңдау жауаптарын түсінудің қиындығынан бастысын, түйіндісін таба алмайсыз, яғни берілген сөйлемге сәйкесін таба алмайсыз.

Мысалы: «Көйлек те жоқ, аяқ киім де жоқ, сервис те жоқ».

A) Киімнің бұл түрлері жоқ.

B) Жоғарыда аталған киім түрлері Сізде жоқ болса, Сізге сервис көрсетілмейді.

C) Киімдеріңізді осы ситуацияда шешу керек.

D) Осы киімдеріңізбен келу керек.

Нұсқауларды дайындау

Егер қажет болса, ең оңай, ең қарапайым тапсырмалардың нұсқауын тест тапсырушының ана тілінде беруге болады. Егер сурет, картинаны пайдаланатын болсаңыз, онда мынадай нұсқауларды пайдалануға болады:

«Суретке қараңдар, содан соң сөйлемді оқыңдар. Ол картинаны немесе суретті сипаттайды. Дұрыс сурет немесе картинаны дөңгелектеңдер».

«Шын» - «Жалған» деп түйіндеудің нұсқауы:

Сөйлемді оқыңдар. Дұрыс пікірге «Ш» әрпін дөңгелектеңдер, дұрыс емес пікірге «Ж» әрпін дөңгелектеңдер. Қиындығы орташа, орташадан жоғары тапсырма түрінде бұл нұсқауларды түрліше, басқаша құруға, пайдалануға болады. Әрбір сөйлемнен кейін төрт басқаша құрылған сөйлемдер берілуі керек. Басқаша құру тұтастай сөйлемге немесе оның бір бөлігіне қатысты болуы ықтимал. Басқаша, *қайта құрылған дұрыс сөйлемді* дөңгелектеңдер.

Сөйлемдерді түсінуін тестілеудің артықшылықтары [2] Күзекова З.С., Пазылова Г.С., Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ тілін тестілеу теориясы мен практикасы. - Алматы 2009

Суреттермен байланысты сөйлемдердің шын-жалғандығын тез табады.

1. Ең жеңіл тапсырма құрудың жақсы техникасы.

2. Оқылымды тексерудің жылдам түрі.

Кемшін тұстары.

1. Жақсы суреттер табу қиын, уақыт кетеді.

2. Оқылымның барлық дағдысын қамтымайды.

Үзінділерді түсініп-қабылдауын тестілеу

Жоғарыда біз оқылым дағдысы мейлінше шектеулі тестілердің жолдарын (техникасын) қарастырдық. Біз жауаптардың шектеулі түрлері мен сөздердің

арасындағы айырмашылықты ажырата алу қабілетін тексеруден бастадық. Содан соң біз суреттерді пайдалану арқылы сөйлемдерді түсіну жолдарын қарастырдық. Сонан кейін сөйлемдерде басты идеяны көрсететін шын – жалған пікірлерді қарастырдық. Сондай-ақ, біз әдеттегі белгілерді оқылымды тестілеу барысында пайдалануға болатынын көрдік. Оған қоса сөйлемді басқаша құруды да (перефразирование) грамматикалық құрылым мағынасын түсінетінін тексеруге болатындығын байқадық. Енді біз «үзіндіні түсінуін тестілеуге» - тестілеудің қиынырақ нысанына, интегративтік түріне көшеміз.

Контексті таңдау

Бүгіндері тіл үйренушілер, студенттер, оқушылар мәтіннің әр түрімен үзінділермен кездесіп жүр. Кейде мұндай әдеттегідей емес, кездейсоқ үзінділер қазіргі кітаптарда бар. Кейде оқытушылар шынайы өмірдегі бар материалдардан (газет, радио, журнал) таңдайды. Бұлар негізінен мақалалар, жарналамалар, жұмыс іздеуге қатысты хабарландырулар, келісім-шарттар, келісімдер, тарихи, мәдени материалдар болып келеді.

Оқылымға арналған кейбір материал түрлері пәндерге де (биология, химия, математика және т.б.) негізделеді.

Нені тестілеу – оқылым түріне байланысты. Әр түрлі тақырыптарда жазбаша жұмыс (жаттығу) орындағандарға (мектеп, университет, өз бетінше), **дәстүрлі эссе, дәстүрлі тематикалармен** тест сұрақтарын шектеудің қажеттілігі жоқ.

Оқылым үшін жарнамалық материалдарды пайдалану – тест тапсырушының осы саланы білуін және жарнамалық мақалалардағы, қысқартуларды түсінуін талап етеді.

Жеңіл, қарапайым тест сұрақтарының техникасы

Қарапайым үзіндіні оқи алмайтындар үшін және оларды тестілеудің екі пайдалы жолы бар:

- 1) дұрыс – бұрысын белгілеу;
- 2) сәйкестігін табу.

«Дұрыс» - «бұрыс» немесе «шын» - «жалған» дайындау таңдауға негізделген тапсырмадан оңай үзінді беріледі, «Шын – Жалғанды» белгілейді, табады. Сәйкестікті табуда тест тапсырушы **контекс үзіндісі мен сұрақтар арасындағы сәйкестікті** табады. Үзінділерге құрылған қысқа тестілер **грамматика** немесе **сөздік қорға** жиі назар аударатындығы байқалып жүр.

Айжан: Сайлау кейде гаражда жұмыс істемейді.

Мұрат: Жоқ, ол жұмыс істейді. Ол гаражда өткен сенбіде жұмыс істеген.

Ол қашан жұмыс істеді?

- A) Гаражда.
- B) Сайлау.
- C) Өткен сенбіде.
- D) Жұмыс істеген.

Қиындау тапсырмалар техникасы

Стандартты («multiple-choice») - «таңдау». Оқылымды тестілеудің көп жолдары бар. Ең жақсыларының бірі – үзіндіні оқудың соңынан таңдауға құрылған сұрақтардың болуы. Үзінді көлемі және оның ұзақтығы тестіге

байланысты.

Оқылымға түгелдей арналған тестілерді саралайық. Таңдауға негізделген сұрақтарды, тіпті, ең қысқа 35-75 сөзден тұратын үзінділерге де дайындауға болады. Тест тапсырушының білім деңгейі мен үзіндінің қиындығы орындауға тиісті сұрақтар санына әсер етеді.

Негізінен, ұзақтау үзінділер 150-300 сөзден тұрады.

Қиындығы орташа, орташалау тапсырмалар үшін 100-200 сөзден тұратын үзінділер таңдалады. Негізінен 100 шақты сөзден тұратын үзінділерге шамамен 3 сұрақ қоюға болады, 4 сұрақ та, одан көбірек те қоюға болады. **Үзіндіге тым көп сұрақтар қою- маңызды емес детальдарды сұрауға, тым ұсақтап кетуге ұрындырады.** Бірнеше сұрақ жеткілікті десе де болады. Кейбір сұрақтарға артықшылықтар берілмеу үшін әр түрлі тақырыптағы 3-4-5 үзінді пайдалануға болады. Оқылымы жақсылар үшін үзіндіні оқып, сұраққа жылдам жауап бере алады.

Төменгі деңгейдегілер үшін, техникалық материалдарды оқып түсінуі қиынға соғатындар үшін қосымша уақыт талап етіледі.

Жалпы мұндай үзінділерді оқуға тестілеу үшін (қолдануға жоспарлап отырған үзіндінің қиындық деңгейі, ұзақтығы бірдей) алдын-ала сынақтан өткізіп көрген де артық болмайды. Бұл тест тапсырушыларды тестіде кездесетін сұрақтар түріне дайындайды, сондай-ақ тест дайындаушыларға осындай тестке қанша уақыт жұмсалатынын анықтауға көмектеседі. Оқылымды тестілеу барысында әр түрлі сұрақтар түрін пайдалануды жоспарлаңыз. Оның бастыларының бірі – «өзгертіп айту», басқаша өзгертіп айту (перифразировка).

Екінші бір түрі – «синтез» – бір немесе бірнеше сөйлемнің, кейде тіпті бөлімнің идеясын қиыстыруды (интеграциялауды) талап етеді. Тест тапсырушы сөйлемді дұрыс жауапты таңдай отырып толықтыруы керек. Қысқаша айтқанда, бағаланушы екі сөйлемнен алған ақпаратты біріктіруі керек.

Мысалы, *Бойжеткен жас қыз мейрамханаға түскі тамақты ішуге кірді. Түстеніп болған соң, оған даяшы төлем чегін әкелді. Сөмкесін ақтарған қыздың өңі бұзылып: «Мен төлей алмаймын, әмияным жоқ», - деді. Тест тапсырушы сөйлемді толықтырады: «Бойжеткен әмиянын жоғалтып алды, сондықтан түскі ас үшін төлей алмады».*

Сұрақтың үшінші түрі – нәтижесін қарастыру, қорытынды айту. Бағаланушыдан оқыған үзіндісі бойынша бір қорытынды айту, нәтижесін қарастыру, табу талап етіледі.

Қиындығы орташа, орташадан жоғары тапсырмалар дайындау кезінде мына мәселелер ескерілуі тиіс:

1. Тест үзіндіде сөздер немесе фразалардың қалай көрсетілгенін сұрамауы керек;

2. Логикаға сыйымсыздықтан, логикалық жағынан алшақтықтан сақ болу керек.

3. Жалпы білім көмегі арқылы жауап беруге болатын сұрақтардың да тесте орын алмағаны жөн. Мысалы:

Біз мақаладан мынаны білдік: Адольф Гитлер _____ болған.

А) орыс барлаушысы

- B) француз балетінің бишісі
- C) американдықтардың футболисі
- D) неміс диктаторы

Оқылымды тексеруге арналған тест құрастырғанда, тестілеріңізді мынадай жолдармен сынаңыз: Яғни сынақтан өткізіп көріңіз. Дайын болған тест сұрақтары мен жауаптарын (таңдау жауаптарын) достарыңызға, тіл үйреніп, оқып жүрген топтарға беріңіз, бірақ үзіндіні бермеңіз. Егер **50%** немесе одан да көбірек сұрақтарға дұрыс жауап берілсе, онда Сіздің сұрақтарыңыз нашар құрастырылғаны, өзгелердің үзіндіні оқымай-ақ жауап беруі – олардың жалпы білімі мен логикаға сүйенгені болып табылады.

Таңдаудың («multiple-choice») жабық түрі.

Кейбір оқытушылар оқылым дағдыларын тестілеу үшін таңдаудың жабық түрін пайдалануды ұсынады. Тестінің аталған түрі бойынша қажетті сөзді өздерінің түсініп, қабылдауына итермелейді. Мұнда негізінен бірнеше сөйлем бір ақпарат мазмұнын құруға қажеті жоқ сөзді, жалғау, жұрнақты көрсетуге, табуға мүмкіндік береді.

Мысалы: Сіз өрт ... (үшін, - тен, - пен, -тан) оттан қауіпсізсіз бе?

Үзіндіні түсінудің альтернат формалары

Таңдау («multiple-choice») тестілерін қолдамайтын оқытушылар үшін сұрақтардың белсендірек жауаптарын талап ететін де түрлері бар. Осы сұрақтардың кейбірі оқылымды емес, жазбаша сөйлеуді тестілейді.

Таңдау тестілерін пайдалануға қарсылықтардың себептерін топтап көрсетсе де болады:

- Олар негізінен, пассив сипатта;
- Қателесуге де жол береді;
- Жауапты жобамен (шешу арқылы) табады, мүмкін дәл шығады, мүмкін дәл түспейді, шешу жолымен (на угад) тапқан жауап табыстылыққа саналмайды.

Бірақ көптеген оқытушыларға «multiple-choice» тестілерін пайдалану ұнайды, себебі олар оқылымның рецептрлік (қабылдаушылық) сипатын қамтиды. «Қателесуге ұшырату» - дұрыс түсінбеушілік.

«multiple-choice»-тегі жауаптарды таңдау – бұл альтернативтер (бір-бірінің мүмкіндіктерін жоятындар арасынан таңдау қажеттігі). Сөйлемдердің өзі қатеден тұрмайды. Объективті тестіден тек қана шешу жолымен өту мүмкін емес.

Жабық тестің келесі бір түрі - редакциялау тестінің мағынасы – сөзді орнына қою. Сөздердің қажет емесін алып тастау. Сөздерді бекітілген интервалмен қоюға болмайды (Әрбір үшінші жол немесе әрбір жетінші сөз) немесе қаз-қатар қоюға болмайды.

Мысалы: «Дастан ауылда өзінің әке-шешесімен, қоймасымен және қарындасымен бірге тұрады». Алынып тасталатын сөзді дөңгелектеу керек. Мұндай тестілер жалпы түсінікті бағалайды. Жылдам оқылымды бағалау барысында, тест тапсырушының материалды түсінуі маңызды. Редакциялау тестісінің барысында үзіндіні оқу үстінде тест тапсырушы сәйкес емес сөзді

сызуы керек. Бұл мәтінді түсінуін және оқушыда алға жылжу бар екенін аңғартады. Тестіні оңай сөздерді қоюмен жеңілдетуге болады.

«Үзіндіні қабылдаудың» артықшылықтары:

- 1) Оқылымды тестілеудің ең интегративті түрі.
- 2) Объективті, жеңіл бағалауға болады.
- 3) Оқылымның кез келген дағдысын дамыту деңгейінде тіл үйренушіні бағалауға болады.

Кемшін тұстары

- 1) Үзіндіні түсіну- басқа тест түріне қарағанда көбірек уақытты талап етеді.
- 2) Сұрақтар үзіндінің маңызды емес бөліктеріне құрылуы мүмкін.
- 3) Үзіндінің маңызды емес бөліктеріне байланысты құрастырылған тест түрлері сөзбе-сөз оқуды талап етеді.

Жазбаша жұмыстардың көлемі (1-кесте) және оларды бағалау критерийлері (2,3,4- кестелер) ұсынылады.

1-кесте – Жазбаша жұмыс түрлері (2-4 сыныптар). Қазақ тілі (Т2)

Жазбаша бақылау жұмыстарының түрі	Көлем бірлігі	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Грамматикалық тапсырмаларымен бақылау диктанты	сөз	20-30	40-50	60-70
Тақырыптық диктант	сөз	5	8	8
Тест түрлері	тапсырма	5	6	8
Мәтінді көшіру	сөз	35-40	45-50	55-60
Эссе жазу	сөз	35-40	60-70	80-90
Сөздік диктант	сөз	6-8	8-10	10-12

2-кесте – Жазбаша жұмыс түрлері (5-9 сыныптар). Қазақ тілі (Т2)

Жазбаша бақылау жұмыстарының түрлері	Көлем бірлігі	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Грамматикалық тапсырмаларымен бақылау диктанты	сөз	75 – 80	85 – 90	95 – 100	110-115	120-125
Тақырыптық диктант	сөз	40-50	60-70	80-90	90-100	90-100
Эссе жазу	сөз	20-30	20-30	40-60	70-80	90-100
Тест түрлері	тапсырма	10	15	15-17	17-20	25
Сөздік диктант	сөз	10-15	15-20	20-25	25-30	30-35

3-кесте – Жазбаша жұмыс түрлері (10-11 сыныптар). Қазақ тілі (Т2)

Жазбаша бақылау жұмыстарының түрлері	Көлем бірлігі	10-сынып	11-сынып
Грамматикалық тапсырмаларымен бақылау диктанты	сөз	130 – 140	145 – 150
Тақырыптық диктант	сөз	40-50	60-70
Эссе жазу	сөз	120-140	130-150
Тест түрлері	тапсырма	25-30	30
Сөздік диктант	сөз	35-40	40 - 45

4-кесте – Диктанттарды бағалау критерийлері

Бағалау мәні	Негізгі бағалау критерийлері	Баға
«5» (81% - 100%)	Қатесі жоқ жұмыс үшін қойылады, сондай-ақ 1 өрескел емес орфографиялық немесе 1 өрескел емес пунктуациялық қателік бар болған кезде	

«4» (51% - 80%)	Диктантта 2 орфографиялық және 2 пунктуациялық қате немесе 1 орфографиялық және 3 пунктуациялық қате, немесе 0 орфографиялық және 4 пунктуациялық қате; 3 орфографиялық қате, егер олардың арасында бір типті қателер болғанда қойылады	«4» бағасы үшін - 2 орфографиялық қате
«3» (21% -50%)	4 орфографиялық және 4 пунктуациялық қате, немесе 3 орфографиялық және 5 пунктуациялық қате, немесе 7 пунктуациялық және 0 орфографиялық қате; 6 орфографиялық және 7 пунктуациялық қате, егер олардың ортасында және басқаларында бір типті және өрескел емес; 5-сыныптарда 5 орфографиялық және 4 пунктуациялық қате жіберген диктантқа қойылады.	«3» бағасы үшін - 4 орфографиялық қате (5-сынып үшін - 5 орфографиялық қате)
«2» (1% - 20%)	7 орфографиялық және 7 пунктуациялық қате; немесе 6 орфографиялық және 8 пунктуациялық қате; немесе 5 орфографиялық және 9 пунктуациялық қате, немесе 8 орфографиялық және 6 пунктуациялық қате жіберілген диктантқа қойылады.	«2» бағасы үшін - 8 орфографиялық қате
«1» (0%)	"2" деген баға қателер саны көп болған жағдайда қойылады	

6.10-кесте– Грамматикалық тапсырмаларды бағалау критерийлері

Баға мәні	Негізгі бағалау критерийлері	
«5» (81% - 100%)	Білім алушы барлық тапсырмаларды қатесіз орындаған жағдайда, білім алушы оқу материалдарын саналы меңгеруді анықтағанда, жұмысты орындау кезінде ережеге және өз бетінше білімдерін қолданғанда қойылады.	
«4» (51% - 80%)	Егер білім алушының ережені саналы меңгергендігі анықталса, сөз және сөйлем талдау барысында өз білімін қолдана алса, кемінде 3/4 тапсырмалар мен сөйлемдерді дұрыс орындаған кезде (егер 1 - 2 қате жіберілсе) қойылады	
«3» (21% -50%)	Егер білім алушының оқылған материалдың белгілі бір бөлігін меңгергендігі байқалса, жұмысында 1/2 тапсырмадан аз емесі дұрыс орындалса (егер 3-4 қате жіберілсе) қойылады	
«2» (1% - 20%)	Егер білім алушының оқу материалдарын меңгеруі бойынша төмен білімі байқалса, көбіне грамматикалық қателерді көп жіберсе (егер 5 және одан көп қате жіберілсе) қойылады	
«1» (0%)	Егер білім алушы бірде бір тапсырманы дұрыс орындай алмаса қойылады	

Кесте бойынша ескертулер: грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында жіберілген орфографиялық және пунктуациялық қателер диктанттың бағасын қоюда ескеріледі

6.12-кесте – Мәтінді көшіруді бағалаудың критерийлері

Бағаның мағынасы	2-сынып	3 -сынып	4-сынып
«5» (81% - 100%)	Қате жоқ. Графикалық тұрғыдағы бір қате.	Қате жоқ.	Қате жоқ.
«4» (51% - 80%)	1 -2 қате, 1 түзету	1 қате, 1 түзету	1 қате, 1 түзету
«3» (21% -50%)	3 қате, 1 түзету	2 қате, 1 түзету	2 қате, 1 түзету
«2» (1% - 20%)	3 қате, 1 - 2 түзету	3 қате, 1 - 2 түзету	3 қате, 1 - 2 түзету
«1» (0%)	4-5 қате, 3-4 түзету	4-5 қате, 3-4 түзету	4 қате, 2-3 түзету

5-кесте – Эссені бағалау критерийлері

Бағаның мағынасы	Бағалаудың негізгі критерийлері
«5» (81% - 100%)	<p><i>Эссеге қойылатын балл:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – тақырыпты ашу жоспарына сәйкес терең дәлелденген жағдайда; – тақырыпты ашуға қажетті шығарма мәтінін және басқа да материалдардың мазмұнын өте жақсы білетінін көрсеткен жағдайда; – композициясы жүйелі болса; – мазмұнын баяндауы қисынды және жүйелі болған жағдайда; – дұрыс әдеби тілде орындалған және мазмұнына стилі сәйкес жазылған жұмыс үшін. <p><i>Біліктілігі анықталады:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – материалды мақсатты талдау; – қорытынды жасай алу. <p><i>Рұқсат етіледі:</i></p> <p>Мазмұнында елеусіз сәйкессіздік кездесе, 1-2 тілдік қателер үшін .</p>
«4» (51% - 80%)	<p><i>Эссеге қойылатын балл:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – тақырыпты ашу жоспарына сәйкес, ойға қонымды, бірақ толық емес; берілген тақырып бойынша әдеби материалдар мен басқа да дерек көздерін жақсы білетінін аңғартқан және оларды өз ойын дәлелдеуге қолдана алатынын көрсеткен, сонымен бірге қорытынды жасай алу қабілеті; – мазмұнын баяндауы қисынды және жүйелі; – дұрыс әдеби тілде жазылған және мазмұны стильдік сәйкес келетін; <p><i>Рұқсат етіледі:</i></p> <p>мазмұнында 2-3 сәйкессіздіктер; тақырыптан елеусіз ауытқушылық; 3-4 тілдік қателер үшін.</p>
«3» (21% -50%)	<p><i>Эссеге қойылатын балл:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – негізгі және басты ойға қатысты тақырып ашылса; – тақырыпқа жалпы алғанда дұрыс, бірақ біржақты және жеткіліксіз жауап берілсе; – тақырыптан ауытқушылық байқалса және нақты мәліметтерді пайдалануда қателіктерге жол берілсе; – қорытынды және түйін жасау дағдысы қалыптаспаса;

	<ul style="list-style-type: none"> – материал жүйелі түрде берілген, бірақ ой бірізділігі сақталмаса; – жазу негізін меңгерген. <p><i>Рұқсат етіледі:</i> Мазмұнында 4 кемшілік; 5 сөйлеу кемшілігі жіберілсе.</p>
«2» (1% - 20%)	<p><i>Эссеге мына жағдайда балл қойылады, егерде</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – тақырып ашылмаса; – жоспарға сәйкес құрылмаса; – шығарма мәтінін терең білмесе; – кейбір оқиғаларға қорытынды түйін жасалмай, мәтін тақырыбына негізделмей мазмұндалса; – бөліктер арасында байланыс жоқ, материалдар кездейсоқ орналасқан жағдайда; – сөздік қоры өте төмен болса. <p><i>Өрескел тілдік қателіктер жіберілгенде.</i></p>
«1» (0%)	<p><i>Эссеге балл қою шарты</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – тақырып ашылмаса; – өз ойын жеткізе алмай, шығарманың мазмұнын білмесе; – "2" деген бағаға белгіленгеннен де көп қателіктер жіберілген болса.

6-кесте – Сөздік диктантты бағалау критерийлері

Бағаның мағынасы	Бағалаудың негізгі критерийлері
«5» (81% - 100%)	Қатесі жоқ диктантқа қойылады
«4» (51% - 80%)	1-2 қате жіберілген диктантқа қойылады
«3» (21% -50%)	3-4 қате жіберілген диктантқа қойылады
«2» (1% - 20%)	7 қатеге дейін жіберілген диктантқа қойылады
«1» (0%)	7 қатеден астам жіберілген диктантқа қойылады

6.15-кесте – Тест тапсырмаларын жиынтық бағалаудың пайыз мазмұны

1-4 сыныптар	3 тапсырмадан кем	3-4 тапсырма	5-6 тапсырма	7-8 тапсырма
	«2» (1% - 20%)	«3» (21% -50%)	«4» (51% - 80%)	«5» (81% - 100%)
5-9 сыныптар	8 тапсырмадан кем	8-10 тапсырма	11-14 тапсырма	15-18 тапсырма
	«2» (1% - 20%)	«3» (21% -50%)	«4» (51% - 80%)	«5» (81% - 100%)
10-11 сыныптар	15 тапсырмадан кем	15-22 тапсырма	23 -26 тапсырма	27-30 тапсырма
	«2» (1% - 20%)	«3» (21% -50%)	«4» (51% - 80%)	«5» (81% - 100%)

Коммуникативтік әдіс

Грамматикалық-аударма әдістерінің негізгі **кемшілігі** тілдерді оқыту кезіндегі барлық басымдықтардың грамматикаға, лексиканы механикалық түрде меңгеруге берілуі, оқылым мен әдеби аударма және тапсырмалар: ережелерді жаттау, мәтінді оқу, аударма, жаңа сөздерді есте сақтау, мазмұнын айту, мәтін бойынша жаттығулар біртекті ұсынылған. Нәтижесінде, жылдар бойы бестік бағамен оқыған адам барлық грамматикалық ережелерді біледі және жақсы сөздік қорға ие, ағылшын тілінде шетелдіктермен сөйлесе **алмайды**, Қазақстанда тұрып, қазақ тілінде қарапайым түсінік бере **алмайды**. **Неге мұндай жағдай орын алып жатыр?** Біріншіден, қорқыныш пайда болады, себебі мәтіндерді **жүгіртіп** оқып, әңгімелесуді сауатты жүргізу — бұл екі түрлі нәрсе. Екіншіден, білмесе және тәжірибе жүзінде шебер және сауатты пайдалана алмаса, жақсы сөздік қоры көмектеспейді. Сондықтан, қарым-қатынасты тәжірибеден **өткізу** және коммуникативтік дағдыларды игеру маңызды.

Коммуникативтік тәсілдің негізгі талабы коммуникация үдерісіне оқыту үдерісін **үйлестіру** болып табылады, дәлірек айтқанда, ол негізгі параметрлер бойынша оқыту үдерісінің нақты қарым-қатынас үдерісіне **сәйкес** болуына негізделген.

Тілдерді оқытудағы шынайы коммуникативтік тәсілдерді іске асыруға, егер ол оқыту мүдделері тұрғысынан емес, білім алушылардың туыстық емес тілді меңгеру үдерісінің ерекшелігі тұрғысынан жоспарлау жағдайында мүмкіндік туады. **Өзіндік ерекшелік** оқушылардың өзге тілді меңгеруі өзінің негізгі сипаттамалары бойынша нақты қарым-қатынасқа жақын жағдайда ғана мүмкін болатындығымен **сипатталады**. Аталған жағдайдағы қарым-қатынас коммуниканттар бір-біріне белгілер (оның ішінде тілдік) көмегімен ықпал ете отырып, бірлескен қызметті ұйымдастыратын өзара әрекеттесу ретінде түсіндіріледі.

Қазақ тілін (Т2) оқыту әдістемесі саласындағы зерттеушілермен мұғалім назар аударуы тиіс коммуникативтік біліктерді қалыптастырудың белгілі бір заңдылықтары бөліп көрсетілген.

Коммуникативтік іс-әрекетке үйрену тек коммуникативтік іс-әрекет үдерісі барысында мүмкін болады.

Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым біліктерін дамыту үдерісінде кез келген іс-әрекетті оқытудың басты заңдылығына сүйену қажет: қандай да бір іс-әрекетке осы іс-әрекет барысында ғана үйренуге болады. Аталған заңдылық өзге тілдік қарым-қатынас арқылы қазақ тіліндегі қарым-қатынасқа оқытуды **меңзейтін** коммуникативтік ұстаным жатыр: айтылым арқылы айтылымға, оқылым арқылы оқылымға, тыңдалым арқылы тыңдалымға, жазылым арқылы жазылымға.

Тілдік материал (сөздік қор, грамматикалық ережелер) – бұл, коммуникативтік іс-әрекетті жүзеге асыру құралы

Осыған орай, коммуникативтік біліктіліктерді қалыптастырудың ең маңызды шарты – білім алушылардың сөйлеу іс-әрекеттерінің тиісті түрлеріндегі тәжірибесі болып табылады.

*Коммуникативтік біліктерді қалыптастыру **жүйелі түрде** жүзеге асырылуы тиіс, бұл ретте сөйлеу тәжірибесін біртіндеп күрделендіруді қамтамасыз ету қажет*

Коммуникативтік біліктерді дамытуға арналған жаттығулар – сөйлеу немесе коммуникативтік – **жүйелі түрде** орындалуы қажет. Тиімді жағдайда сөйлеу іс-әрекетінің әрбір түріне оқыту **әрбір оқу сабағында** жүзеге асырылады. Бұл ретте сабақтан сабаққа қарым-қатынас көлемі (оқу мәтіндерінің көлемі) біртіндеп кеңейеді, тілдік материал күрделенеді, тапсырмаларды орындау жылдамдығы артады, тыңдалым және оқылым үшін мәтіндердегі бейтаныс сөздердің саны артады, оқу тапсырмаларын орындау барысындағы білім алушылардың дербестік дәрежесі артады.

Білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен тілді үйренуге деген қажеттілігі пайда болатын жағдайлар жасау қажет

Қарым-қатынас (тікелей және жанама) - бұл **іс-әрекет**. Кез келген іс-әрекет, қарым-қатынас уәждемесі мен мақсаттардан басталады, яғни **бір жағдайға байланысты** айтылады, естіліп қабылданады, оқылады, қандай да бір мақсатпен жазылады. Тиісінше, екінші **тілді үйретуде** білім алушылардың қарым-қатынас құралдарына, сондай-ақ қарым-қатынас іс-әрекетіне оқыту **барысындағыдай** әрбір сөйлеу және басқа да іс-әрекеттерінің уәждемесін тудыру қажет. Оқу қажеттілігі коммуникативтік (тілде тікелей қарым-қатынас), лингвотанымдық (тілге деген оң көзқарас) және **инструменталдық** (жұмыстың әрбір түріне деген оң көзқарас) ішкі мотивация түрлеріне сәйкес келуі тиіс.

Оқыту тәсілі оқыту стратегиясын және стратегияны жүзеге асыратын оқыту әдісін таңдауды анықтайды.

Әдіс - әдістеменің негізгі санаты, жалпы мағынада - мақсатқа жету тәсілі, белгілі бір түрде реттелген іс-әрекет. Бұл ұғым 2 мағынада тілдерді оқыту әдістемесінде қолданылады:

1) әдіс - тілдерді **оқытудың** тұтас стратегиясы (мысалы, грамматикалық, аудиовизуалды және т.б. әдістер) ретінде ғылымның нақты тарихи даму кезеңіндегі пәнді оқытудағы әдістемелік жүйе немесе **қағидатты** бағыты ретінде;

2) әдіс оқыту мен оқудағы белгілі бір мақсатқа жету жолы мен тәсілі ретінде.

Берілген әдістемелік ұсынымдардың міндеті - ұғымның екінші мағынасындағы тілдерді оқыту әдістерімен байланысты аспектілерді түсіндіру.

Қазақ тілін(T2) оқытудың жалпы әдістері мен тәсілдері:

а) дәлме-дәл үлгілерге тікелей жүгіну:

- тіл тасымалдаушылармен қарым-қатынас;
- тасымалдаушылар арасындағы әңгімелесуге қатынасу;
- радиохабарларды, аудиожазбаларды тыңдау;
- телебағдарламаларды, бейнежазбаларды көру;
- бейімделмеген түпнұсқалық мәтіндерді (газеттер, журналдар, кітаптар, маңдайшалар мен хабарландырулар) оқу;

• компьютерлік бағдарламаларды, CD және т.б. пайдалану;

• on және offline режимінде компьютерлік конференцияларға қатысу;

б) оқылатын тілде арнайы іріктелген (мысалы, күрделілік деңгейі бойынша) ауызша және жазбаша мәтіндерге тікелей жүгіну;

в) тіл тасымалдаушылармен диалогқа тікелей қатысу;

г) оқылатын тілде арнайы әзірленген тапсырмаларды орындау;

д) оқытудың қолжетімді құралдарын пайдалану арқылы өзіндік сабақтар, бұл ретте мақсаттарды қою мұғаліммен талқыланады;

е) тек оқылатын тілде жүзеге асырылатын түрлі сөйлеу іс-әрекеттерін, дайындық жаттығуларын орындау, түсініктемелер, сөздер даярлау;

ж) әртүрлі сөйлеу іс-әрекеті түрлерінің үйлесімі (тармақтағыдай), бірақ сыныптағы оқу сабақтарын ұйымдастыру мақсатында ана тілін қолдану, түсіндіру және т.б.;

з) «ж» тармағынан бастап жоғарыда аталған барлық әдістерін ана тілін пайдалануды бірте-бірте қысқартумен және оқу процесіне тапсырмалардың көп көлемін және түпнұсқалық ауызша және жазбаша мәтіндерді енгізумен, сондай-ақ, өзін-өзі оқыту рөлін күшейтумен үйлестіру;

и) жоғарыда аталған барлық тәсілдерді сыныптағы сабақтарда мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асырылатын топтық және жеке жоспарлаумен, орындаумен және бағалаумен, сондай-ақ білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті диалогпен үйлестіру.

Әдістерді іріктеу критерийлері болып: интерактивтілік, іс-әрекеттік сипат, жеке дамуды қолдауға бағыттылық, дербес шешім қабылдау үшін еркіндіктің болуы, оқу мазмұнын, тәсілін таңдау, диалогтілік, екпінді ақпаратты есте сақтаудан шындықты зерделеуге көшіру табылады.

Әрбір нақты мұғалімнің әдісті таңдауы педагогикалық жағдайды талдауға негізделеді. Шетел/екінші тілді оқыту әдісін **анықтауға** міндетті түрде оқу пәніне, жеке тақырыпқа бөлінген уақыт саны; білім алушылардың дайындық деңгейі, олардың жас ерекшеліктері; білім беру ұйымының материалдық жабдықталуы; мұғалімнің дайындық деңгейі әсер етеді. Жағдай кешенін зерделеп, мұғалім өз жұмысында қандай да бір әдісті қолдану туралы шешім қабылдайды.

Біздің көзқарасымызбен, қазіргі тілдік білім берудің неғұрлым **адекватты** мақсаттары болып табылатын әдістерді қарастырайық.

Ынтымақтастықта оқыту

Ынтымақтастықта оқыту - бұл нақты немесе виртуалды сыныпта (қашықтықтан оқыту кезінде) білім алушылардың шағын топтарын пайдалану. Оқу міндеттерін шешу топтың барлық мүшелері өзара байланысты және өзара тәуелді болып табылатын білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді, және бұл ретте материалды меңгеруде және міндеттерді шешуде жеткілікті дербес болады. Әлеуметтік байланыстар процесінде білім алушылар арасында белгілі бір білімдерді меңгерген және бір-бірімен қарым-қатынас жасау, бірлескен танымдық іс-әрекет процесінде жаңа білімдерді алуға дайын адамдар қауымдастығы құрылады. Ынтымақтастықта оқыту - бұл бірлескен зерттеу, нәтижесінде оқушылар жаңа білімдерді ұжымдық құрастыра және өндіре отырып, бірге жұмыс істейді.

Оқушылардың дербес білім алу іс-әрекеті ынтымақтастықта оқыту принциптерінің бірі болып табылады. Мұғалімнің рөлі өзгереді: педагог білім беру процесінің толық құқылы қатысушысы болып табылады, кейбір жағдайларда ол білім алушыларды кеңесші, көмекші ретінде тартады.

Оқу міндеттерін қою және ұйымдастыру формаларымен ерекшеленетін ынтымақтастықта оқыту әдісінің бірнеше түрлері бар: Student Team Learning (командада оқыту), Student Teams Achievement Divisions (жеке-топтық тәсіл), Teams Games Tournament (командалық-ойын тәсілі), Jigsaw (ара), Learning Together (Бірге оқимыз).

Командада оқыту (Student Team Learning)

Бұл әдіс «топтық мақсаттарға» (team goals) және топтың (team success) әрбір мүшесінің зерттеуге жататын тақырып / проблема / сұрақпен жұмыс істеу барысында осы топтың басқа мүшелерімен тұрақты өзара әрекеттестіктегі өзіндік жұмысы нәтижесінде ғана қол жеткізуге болатын барлық топтың (team success) жетістігіне ерекше назар аударады. Осылайша, әрбір білім алушының міндеті қандай да бір тапсырманы орындаудан емес, команданың әрбір қатысушысының қажетті білімдерді игеріп, қажетті дағдыларды қалыптастырып, және осы ретте барлық команданың әрбірінің неге қол жеткізгендігін білуден тұрады. Барлық топ оның әрбір мүшесінің оқу ақпаратын меңгеруіне мүдделі, себебі команданың жетістігі қойылған проблеманы бірлесіп шешуге әрқайсысының қосқан үлесіне байланысты.

Командада оқыту әдісі үш негізгі принципке негізделеді:

- «марапаттар» (team rewards) - команда балдық белгі, сертификат, диплом және бірлескен іс-әрекетті бағалаудың басқа да түріндегі «марапатқа» ие болады;

- жеке (персоналды) жауапкершілік (individual accountability) - барлық топтың жетістігі оның әрбір мүшесінің сәттілігіне немесе сәтсіздігіне байланысты, бұл команданың барлық мүшелерін бір-бірінің жетістіктеріне бақылау жасауға және әркімнің аталған проблема бойынша өздерін сарапшы ретінде сезінетіндей барлық командамен достарына материалды меңгеруде, түсінуде көмек көрсетуге ынталандырады;

- табысқа жету үшін тең мүмкіндіктер – әрбір оқушы өзінің алдыңғы нәтижелерін жақсарту арқылы өз тобына ұпай әкеледі. Осылайша, салыстыру басқа оқушылардың нәтижелерімен емес, өзінің, бұрын қол жеткізген

нәтижелерімен жүргізіледі, бұл білім алушыға өзін команданың толық құқылы мүшесі ретінде сезінуге мүмкіндік береді және өзінің жеке деңгейін жоғары көтеруге ынталандырады.

Командадағы бірлескен оқыту (Student Teams Achievement Divisions)

Әдіс жаңа материалды меңгеру үшін тиімді. Осы әдіс шеңберінде оқушылар төрт адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Материалды түсіндіргеннен кейін мұғалім әрбір оқушы үшін іс-әрекеттің бағдарлы негізін (ІБН) қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады. Оқушыларға топтарда материалды талқылау, оны түсіну ұсынылады. Жаңа материалды түсінуді тексеруге арналған тапсырма әрбір оқушы тапсырманың өзіне тиесілі бөлігін орындау арқылы бөліктер бойынша немесе әрбір келесі тапсырманы өзге оқушы жасау арқылы «айналым» принципі бойынша орындалады. Осы ретте әрбір тапсырманың орындалуы барлық топпен бақыланып отырады. Барлық топтармен тапсырмалар орындалғаннан кейін мұғалім тапсырма бойынша жұмысты талқылауды ұйымдастырады, одан кейін білім алушыларға жаңа материалды түсінуін және меңгеруін тексеруге арналған тест беріледі, **озат және әлсіз** оқушылар үшін тапсырма күрделілігі мен көлемі **сараланады**. Тест тапсырмасы топтарда емес, жеке орындалады және әр оқушының жұмысы **персоналды** бағаланады. Жеке жұмыс үшін бағалар **топта жиынтықталады** және жалпы баға қойылады.

Командадағы оқытуды жекелендіру (Team Assisted Individualization)

Әдіс мағынасы келесілерді қамтиды: білім алушылар алдын-ала алынған тест нәтижелері бойынша жеке тапсырмалар алады және әрі қарай өз қарқынында жеке жұмыс істейді, бірақ команда аясында. Әртүрлі командалар түрлі тапсырмалармен жұмыс істеуі мүмкін. Команда мүшелері жеке тапсырмаларды орындау барысында өзара көмек береді. Топтың әрбір мүшесінің жетістіктері арнайы журналды белгіленіп отырады. Тақырыпты аяқтау барысында қорытынды тест жүргізіледі. Әр оқушы оны жеке орындайды. Тест бағалаушы рөліне арнайы таңдалып алынған оқушылармен бағаланады. Апта сайын мұғалім тақырыптарды, командамен орындалған тапсырмаларды, олардың сыныпта және үйде **табысты** орындалуы және осы ретте топтың маңызды жетістіктері айрықша аталып отырады.

Оқытудың бұл әдісі үйдегі оқылыммен жұмыс жасау барысында өзін тиімді көрсете білді, себебі жұмыстың көп бөлігі үй тапсырмаларына келеді, ал сабақта оқылған мәтінмен байланысты сұрақтар ғана талқыланады. Осылайша, сабақтағы оқу уақытының көп көлемі үнемделеді. Сонымен қатар, оқушылар топтың әр мүшесінің жаңа материалды меңгеруін өз бетімен есепке алып отырғандықтан, мұғалімнің жекелеген топтармен немесе оның көмегі қажет оқушылармен жеке жұмысқа көп уақыты қалады.

2.3. Ойын негізінде командада оқыту (Teams Games Tournament)

Топтық іс-әрекетті ұйымдастырудың осы әдісі шеңберінде мұғалім жаңа материалды түсіндіреді, ІБН қалыптастыру үшін топтық жұмысты ұйымдастырады, бірақ жеке тестілеудің орнына әр апта сайын командалар арасында жарыс турнирлерін өткізеді. Осы мақсатпен әрқайсысында оқу деңгейі бойынша үш оқушыдан отыратын «турнирлік үстелдер»

ұйымдастырылады. Тапсырмалар, үстелде қандай деңгейлі оқушылардың отырғандығына байланысты күрделілігі және көлемі бойынша сараланған. Үстелдердің әртүрлі деңгейі бар, бірақ олардың әрқайсысының жеңімпазы өз командасына бірдей ұпай санын әкеледі. Осылайша, **әлсіз оқушылар өзімен тең дәрежедегі** оқушылармен жарысады және өз командасы үшін табысқа қол жеткізуге тең мүмкіндіктерге ие болады. Ең көп ұпай жинаған команда турнир жеңімпазы атанады. Шетел тілі сабақтарындағы турнирлік үстелдерге арналған тапсырмалар ретінде грамматикалық және лексикалық тесттер, оқылған мәтіндер бойынша тапсырмалар, әлеуметтік-лингвистикалық сипаттағы тапсырмалар, турнир үстеліне қатысушылардың полилогы болуы мүмкін.

«Ара» (Jigsaw)

Шағын топтарда білім беру іс-әрекетін ұйымдастырудың тағы бір нұсқасы: оқушылар топтарға төрт-алты адамнан ұйымдастырылады және фрагменттерге – логикалық немесе мағыналық блоктарға бөлінген оқу материалымен жұмыс істейді. Мысалы, «Саяхат» тақырыбымен жұмыс істеу барысында материалды бірнеше мағыналы блоктарға бөлуге болады: ұшақпен, пойызбен, теңізде, көлікпен және т.б. саяхаттау, немесе оны келесі кіші тақырыптарға бөліп басқаша ұйымдастыруға болады: бағытты таңдау, билеттерге тапсырыс беру, қонақ үйді брондау және т.б. Топтың әрбір мүшесі өз бөлігі бойынша ақпаратты іздеумен және өңдеумен айналысады. Содан кейін белгілі бір мәселені зерттейтін, бірақ әртүрлі топтарда тұратын оқушылар берілген мәселе бойынша сарапшылар ретінде кездесіп, ақпарат алмасады. Бұл «сарапшылардың кездесуі» деп аталады. **Кейіннен** олар өз топтарына оралып, топтың өзге де мүшелерін өздері білген жаңалыққа үйретеді. Өз кезегінде топ мүшелері тапсырманың өздеріне тиесілі бөлігі туралы баяндайды. Барлық фрагменттердің материалдарын игерудің жалғыз жолы – команда бойынша өз серіктестерін мұқият тыңдау және ақпаратты әртүрлі формада белгілеп отыру. Білім алушылар жолдастарының өз міндеттерін адал орындауына мүдделі, себебі бұл жалпы бағалауға әсер етуі мүмкін. Барлық тақырыптар бойынша әрқайсысы жекелеген түрде және командалық есеп береді. Есеп берушілерге тек мұғалім ғана емес, өзге командалардың мүшелері де сұрақ қоя алатындығын атап өткен жөн, сонымен қатар, топ мүшелері өз жолдастарының жауабын толықтыруға құқылы және мұндай толықтырулар жалпы командалық есепке алынады. Мұғалім **балл** есебін жүргізеді, соңғы нәтижені жариялайды.

«Ара-2» (Jigsaw-2) нұсқасы барлық команданың бір материалмен жұмысын қарастырады. Бірақ, бұл ретте топтың әрбір мүшесі ерекше мұқият зерттелінетін тақырыпты алады және ол бойынша сарапшы болады. Әртүрлі топтардағы сарапшылардың кездесулері қалады. Цикл соңында барлық білім алушылар бағаланатын жеке бақылау кесіндісінен өтеді. Білім алушылардың нәтижелері жинақталады. Ең көп балл жинаған команда марапатталады.

2.4. Бірге оқимыз (Learning Together)

Осы әдістеменің тұжырымдамасына сәйкес сынып оқыту деңгейі бойынша үш-төрт адамнан біртекті топтарға бөлінеді. Әрбір топ, барлық сынып жұмыс жасайтын басқа, неғұрлым ауқымды тапсырманың бір бөлігі болып табылатын тапсырма алады. Мысалы, «Саяхат» тақырыбын оқу кезінде әрбір

топ бағыттың белгілі бір бөлігіне жауап береді: мәдени бағдарламаны әзірлеу, билеттерге тапсырыс беру, қонақ үйді брондау және т.б. Топтар өз нұсқаларын ұсына отырып, саяхаттың егжей-тегжейін анықтау арқылы өзара қарым-қатынас жасайды. Егер, тақырып бойынша барлық лексика алдыңғы сабақтарда меңгерілгендігін ескерсек, топтық жұмыста екпін оқушылардың сөйлеу іс-әрекетіне, коммуникативтік тәжірибесіне жасалады. Топ әр оқушының жетістіктеріне байланысты марапаттар алады. Сондықтан, әдістеменің аталған нұсқасын әзірлеушілердің пікірінше, әрбір оқушының жеке-психологиялық ерекшеліктерін және әрбір нақты топ үшін міндеттерді әзірлеуді ескере отырып, топтарды жинақтау мәселесіне ерекше назар аударылуы тиіс. Топ ішінде білім алушылар тек топ тапсырмасын орындау үшін ғана емес, сонымен қатар барлық топтың келісілген табысты жұмысын ұйымдастыру үшін әр адамның рөлін дербес анықтайтындығын атап өткен жөн. Топтың әрбір мүшесі жалпы міндетті шешуде өзге серіктестерінің белсенділігін, топ ішіндегі қарым-қатынас мәдениетінің сақталуын, нәтижелердің бекітілуін және т.б. қадағалайды. Осылайша, топ екі рөл атқарады: бір жағынан, тек оқу, танымдық мақсатқа жету, екінші жағынан – әлеуметтік-психологиялық: оқушылар өзара қарым-қатынас мәдениетін үйренеді, төзімділік пен өзара көмек тәжірибесін алады.

Ынтымақтастықта оқытудың барлық нұсқалары үшін ортақ болып:

1. Білім алушылар бірлескен күш-жігермен ғана қол жеткізе алатын бірыңғай мақсатқа тәуелділік.

2. Ұжымдық өзіндік жұмыстың «қарапайым бөлігі» болып табылатын жеке өзіндік жұмыс.

3. Әр оқушы жұмыс үшін бірдей баға алады. Немесе бәрі бірдей ынталандырылады, немесе мүлдем ынталандырылмайды.

Оқыту әдісі бойынша шағын топтарда жұмыс істеу келесі көрсеткіштер бойынша шағын топтардағы дәстүрлі жұмыс түрінен ерекшеленеді:

1. Топтың әрбір мүшесінің өз жетістіктері мен жолдастарының жетістіктері үшін жеке жауапкершілігімен қатар, топ мүшелерінің өзара тәуелділігі.

2. Арнайы назар оқытудың әлеуметтік аспектілеріне – топ мүшелері арасындағы қарым-қатынас тәсілдеріне бөлінеді.

3. Топ жұмысының жалпы бағасы (сипаттама жоспары, әрдайым балмен емес) жұмыстың академиялық нәтижелерімен қатар, топтағы оқушылардың қарым-қатынас формасының бағасынан құралады.

Ынтымақтастықта оқыту әдістемесі білім алушының рефлексиясын, таңдауын, жауапкершілігін, дербестігін болжайтын жеке-бағдарлы тәсілге жауап береді. Бұл ретте пәндік мазмұнды меңгерудің тиімділігі осы мазмұнның сапалы жаңа тұлғалық мәнге ие болуына, білім алушының жеке тәжірибесінің қалыптасуының мазмұны мен ортасы ретінде арта түседі.

Бұл әдіс білім алушылардың өз бетімен білім алуы мен өзін-өзі дамытуын көздейді. Оның негізінде іс-әрекеттік тәсіл жатыр, себебі бірлескен іс-әрекет әдістің мәні болып табылады. Оқытудың мақсаты - пәндік білімдер емес, құзыреттіліктер, тек коммуникативтік ғана емес, барлығы кешенді.

2.5. Жобалар әдісі - бұл білім алушылардың қызығушылығын ескере отырып, оқу процесін құруға мүмкіндік беретін, білім алушының оқу-танымдық іс-әрекетін жоспарлауда, ұйымдастыруда және бақылауда дербестік танытуына мүмкіндік беретін оқытудың кешенді әдісі, оның нәтижесі қандай да бір өнім немесе құбылысты жасау болып табылады.

Орындалған жобалардың нәтижелері «сезілетін» болуы тиіс, яғни, егер бұл теориялық проблема болса, онда нақты шешімі, егер тәжірибелік болса – енгізуге дайын нақты нәтижеге қол жеткізілуі қажет. Жобалар әдісінің негізінде білім алушылардың танымдық, шығармашылық қызығушылықтарын дамыту, өз білімдерін өз бетінше құрастыру, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу, сыни ойлауды дамыту біліктері жатыр. Жобалар әдісі оқушылардың жеке, жұппен, топтық іс-әрекетіне бағытталған, оны оқушылар белгілі бір уақыт аралығында орындайды. Бұл әдіс ынтымақтастықта оқыту әдістерімен органикалық үйлеседі [7,10].

Жоба аясындағы бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру формалары бірлескен іс-әрекет тақырыбының ерекшеліктерін, мақсаттарын, жобаға қатысушылардың қызығушылықтарын негізге ала отырып айқындалады. Ең бастысы, кез келген жағдайда бұл оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің өзгеше түрлері. Оқушылардың жобалық іс-әрекетінің табыстылығы үлкен дәрежеде топ ішіндегі жұмысты ұйымдастыруға, міндеттерді нақты бөлуге және жұмыстың орындалатын бөлігі үшін жауапкершілік формаларын анықтауға байланысты.

Жобалар түрлі күрделілік дәрежесінде болуы мүмкін. Жобалар тақырыптары тәжірибелік өмір үшін өзекті және білім алушы үшін тұлғалық маңызды мәселеге жатады, ол бір оқу пәні бойынша емес, түрлі салалардан білімді тартуды, сондай-ақ шығармашылық ойлау мен зерттеу дағдыларын талап етеді. Осылайша, білімнің табиғи интеграциясы мен құзыреттілікті дамытуға қол жеткізіледі.

Мұғалім дайын білімді таратушыдан білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушыға айналады.

Жоба әдісі туралы айтатын болсақ, бағалау әдісіне бөлек тоқтау қажет. Жоба кезең-кезеңмен іс-әрекетті болжайтын болғандықтан, тиісінше әрбір кезеңді бақылау болжанады, бұл әдіс тек соңғы нәтижені ғана емес, сонымен қатар, нәтижеге қол жеткізу процесін, оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сыртқы бағалау субъектісі тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар, бірге оқитын оқушылар, ата-аналар, ұйым өкілдері, яғни жоба тақырыбына байланысты әр түрлі сарапшылар тобы болуы мүмкін.

Жоғары бағалау қажеттілігі және табысқа бағдарлану бастапқыдан адамға негізделген. Олар жетістіктермен, қол жеткізгізі келетін нәтижелермен, өздерінің мүмкіндіктері мен әлеуеті туралы ой-пікірлермен тығыз байланысты. Табыстылықтағы табиғи қажеттілікті іске асыру - жетістіктерді жүзеге асыру. Демек, жобалық әдістемеді қателіктерді есептеу емес, білім алушылардың жетістіктерін есепке алу және талдау аса маңызды болып табылады.

Тілдік пән үшін жобалар әдісінің құндылығы келсілерден тұрады:

- жалпы міндетті шешу кезінде қарым-қатынас құралы ретінде оқылатын

тілді қолдануға қажетті жағдайлар жасалады, бұл коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді;

- жобалардың мазмұны оқытылатын тіл елінің мәдениеті болып табылады, бұл әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді;

- зерттеушілік танымдық іс-әрекетінің дағдылары дамиды (әдебиетті талдау, ақпаратты жинау және өңдеу, гипотезаны тұжырымдау, проблемалық міндеттерді шешу жолдарын іздеу);

- білім алушының оқудағы дербестігі, саналы өз бетінші оқу іс-әрекетінің біліктері, өздігінен білім алу және даму қажеттіліктері қамтамасыз етіледі;

- білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасалынады (ақпаратты іздеу, қабылдау, түрлендіру, сыни ұғыну және беру, телекоммуникациялық технологияларды меңгеру).

2.6. Тілдік портфель – (портфолио) - білім беру процесіне **түсінікті**, мақсатқа бағдарлық және басқарушылықты беретін инновациялық әдістеме. Бұл тілді оқыту кезеңдерінің арасындағы себеп-салдарлық байланысты бекітетін технология, бұл ағымдағы оқу жұмысының, болашақ жоспары мен дайындығының қорытындысын шығару. Оқу процесін жоспарлауға және өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға тікелей қатыса отырып, білім алушылар мұғалімге тілді меңгеру процесін жақсы бөлуге (ұйымдастыруға) көмектеседі.

Білім беру процесінің орталығына білім алушының тұлғасын қоятын оқытудың тұлғалық-бағдарлы тәсілі білім алушылар өз іс-әрекетінің табыстылығы үшін жауапкершілікті өзіне алады деп болжайды. Демек, білім алушының өзі, өз іс-әрекетінің бағалау субъектісі, өзін-өзі бағалауы педагогикалық талдау объектісі болып табылады және сараптамалық бағаға қойылуы тиіс. Сонымен қатар, өз жетістіктерін дұрыс бағалай білуге де үйрету қажет. Портфолио әдісі рефлексия және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Портфолио білім алушыларды оқыту нәтижелерін ұғынуға тарту және шетел тілін үйренуді одан әрі дамыту мақсаттарын қою сынды педагогикалық міндетті орындайды. Портфолио тілді оқыту барысындағы білім алушының тұлғалық даму динамикасын ашып көрсетеді, оның іс-әрекетінің нәтижелілігін және нәтижеге жету процесі мен оның тиімділігін қадағалауға көмектеседі. Білім алушылардың өз оқу іс-әрекетін рефлексивті өзіндік бағалау материалдары портфолио туралы мұғалім мен сыныптастарының пікірлерімен толықтырылуы мүмкін.

Портфолионың педагогикалық философиясы:

- **екпінді** білім алушының берілген тақырып, бөлім, пән бойынша не білмейді және істей алмайдыдан, аталған тақырып шеңберінде нені білетіндігіне және істей алатындағына ауыстыру;

- білім алушы іс-әрекетінің нәтижелерін сандық және сапалы бағалауды интеграциялау;

- педагогикалық екпінді білім алушылардың бағалауынан өзін-өзі бағалауға ауыстыру.

Бүгінгі тілдерді оқыту тәжірибесінде тілдік портфельдің мақсатты бағыттылығына байланысты түрлері тиімді пайдаланылуы мүмкін:

- тілдік портфель шетел/екінші тілді меңгеру және шетел/екінші тілді

меңгеру деңгейі барысындағы білім алушының жетістіктерін өзіндік бағалау құралы ретінде;

- тілдік портфель шетел/екінші тілді дербес оқыту құралы ретінде. Тілдік портфельдің аталған түрі сонымен қатар бір мақсатты немесе кешенді бағыттылығына қарай түрленуі мүмкін: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым бойынша тілдік портфель, өзге тілдік сөйлеу іс-әрекеті түрлерінің өзара байланысты дамуының тілдік портфелі;

- шетел тілін меңгеру саласындағы әртүрлі мақсаттарды қамтитын көп мақсатты тілдік портфель.

Шетел тілін оқыту тәжірибесінде тілдік портфельмен жұмыс жасаудың мақсаттары мен формалары әртүрлі болуы мүмкін. Мағынасы бойынша тілдік портфель оқыту мақсаттары, оқушылардың жасы, шетел тілін меңгеру деңгейі, оқыту жағдайлары, оқушылардың жеке ерекшеліктері, сондай-ақ қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары бойынша ерекшеленетін кез келген оқу жағдайына бейімделе алатын икемді оқу құралы болып табылады.

Сондай-ақ, оқытылатын тілмен жұмыс істеу мақсатында тілдік портфельдің көрсетілген түрлерінің комбинациялары да мүмкін. Тілдік портфельдің тиімділігі ең алдымен тіл саласында қолданылатын бақылау мен бағалаудың басқа формаларымен салыстырғанда бағалау мен өзін-өзі бағалаудың түпнұсқалы сипатымен түсіндіріледі [8].

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың ерекшеліктері	5
2. Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқытудың тәсілдері, әдістері және формалары	36
3. Оқыту қазақ тілінде емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар	49
Қорытынды	87
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	89
Қосымша	90

**ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 19.03.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 6.